Әкеміз күн сайын «Отанды сүй, елді сүй, туған жерді қадірле» деп тақпақ жаттатқандай болған жоқ. Анамыз да мұндай сөздерді құлағымыздың құрышын қаңдырып, күнде айтқан емес. Бірақ олардың күнделікті қарапайым тірлігі, от басы-ошақ қасында атқарған іс-әрекеті бізге өмірлік сабақ, ғұмырлық ғибрат болды. Мұндай жағдайды тек мен ғана бастан кешпегенім де шындық. Әрбір қазақ баласының, әр қазақстандықтың осындай тәлім-тәрбие алғаны даусыз деп ойлаймын.

Халық та бірде бала, бірде дана. Дана халықтың ұлы, бала халықтың басшысы болып, туған елінің туын көтергенде, жұртыңа деген сенім ешқашан суға батырмайды, отқа күйдірмейді. Тығырықтан жол табасың. Қазір бұған халқымыз да, алыс-жақын елдер де куә. Тұрлаулы тарих, шежіреге айналар шындық куә. Бүгінгі уақыт куә. Ал біз – осы тағдыршешті туындының бас кейіпкерлеріміз.

Қазақ үшін қара жердің қасиеті тым биік. Тағдыр бізге ұлан-байтақ жер берді. Ұл-қызының рухы асқақ, намысы биік ел берді. Ғасырлар бойы күресіп, талай-талай тар кезеңде даудың бетінде, жаудың өтінде жүрдік. Байтақ жердің баянын, ата-бабаның арманын ұмытпадық. Ақ білектің күшін де, ақ найзаның ұшын да орайын тауып ұстап, амалын тауып азат күнге жеттік. Демек, Отанды сүйю – біздің перзенттік парызымыз, қарыс қадам жері үшін жанын қиған бабалардың асыл аманатына адалдығымыз.

Жердің иесі де, киесі де – халық. Бұл біздің ешқашан естен шығармайтын ережеміз, қасиетті қағидамыз болуы тиіс. Туған елінің тұтастығы мен бірлігі жолындағы халықтық ой-пікірлер қашанда қостауға, терең түсіністік танытуға лайықты.

Мұндайда:

Ұлы той көппен көрген халқың үшін,

Ешқашан адастырмас салтың үшін.

Жаратқан,

Қазағыма ынтымақ бер,

Тұрғанда мына заман тартып ішін, –

дегеннен басқа не айтқандайсың?!

Біз – ынтымақ деген сөздің мән-мағынасын бала кезден бойға сіңіріп өскен ұрпақпыз. Әрі мұны тек мектеп оқулықтарынан ғана емес, алақандай ауылдың қарапайым адамдарынан естіп, күнделікті тірлігінен танып өстік. Осындайда бір тәмсіл еске түседі. Баяғыда бір қария жеміс ағашын егіп жатыпты. Өзі белі еңкіш тартып, әбден қартайған кәрі адам екен. Оны көргендер: «Ата, өзіңіз болса қартайдыңыз, бұл ағаш қашан жеміс береді, оны сіз көре алмайтын да шығарсыз, несіне әуре болып жатырсыз?», – дегенде, белін бір сәтке жазған қария: «Мен жемісін жемесем де, оны кейінгі ұрпағым жейді ғой, сол үшін отырғызып жатырмын», – депті.

Біздің әкелеріміз осы тәмсілдегі қарияның өзіндей, ұрпағын ойлаған үлкендердің көзіндей еді. Алатау баурайында бой көтерген ауылдардағы қариялардың бәрі дерлік осы тәмсілді өз бастарынан кешкен ұрпақ еді. Мұны жылдар өте келе терең ұғына түстік. Ал бүкіл қазақ даласын жаудан да, даудан да қорғап, келер ұрпағы үшін шыбын жанын да, қасық қанын да қиған қасиетті аға ұрпақтың ел мен жер туралы мәңгілік тәмсілін бүгінгі ұрпаққа жан-жақты ұғындыра алдық па? «Біткен іске сыншы көп, бітірген ердің кемі жоқ» деген Махамбеттен жеткен мағыналы сөз бар. Кейде бір азаматтар шамадан тыс міншіл болып жатқанда, осы сөзді ұстанған баяғы ауыл қарттары еске жиірек түсетіні бар.

Ел мен жердің қасиеті мен киесі – ұлы жәдігер. Ұлттық байлық. Ұлттық ұлағат. Тілімізде «жер тағдыры – ел тағдыры» деген сөз бар. Өйткені, жердің тарихы, оның тағдыры әрбір адамның да өмірбаяны, ащылы-тұщылы ғұмырнамасы секілді. Біз осы жерде өмірге келдік, ұлт болып ұйыдық, халық болып қалыптастық. Хан көтеріп қатарға кірдік, мемлекет болып мерейімізді өсірдік.

Енді, міне, егемен ел, кіммен де терезесі тең тәуелсіз мемлекет ретінде өркениет өлкесіне өрістеп барамыз. Көшкеруеніміз көлікті де, көрікті де болғай!

Халқымызда «Елболса, ертуғызбайтұра алмайды» деген ерекше бір мәнді сөз бар. Егемен еліңді жауға алдырмайтын, дауға қалдырмайтын ер басқарса, оны қолдайтын елі болса, бұл дүниенің байлығы да, бақыты да сол емес пе! Ел бақыты – ер бақыты. Сондықтан да «Атадан ұл туса игі, ата жолын

қуса игі» деп өскен елдің перзенттеріміз.

Ұлттық мүддеге қызмет етудің тарихи ұлы үлгілерін біз халқымыздың қайраткер тұлғаларының өмірбаяндарынан білеміз. Жиырманшы ғасыр басындағы ұлттық мүдде жолындағы жанкешті арпалыстар кейінгі жылдарда зұлмат пен нәубеттің қасіретті кезеңіне тап болса да, олардың айқын мақсаттары мен асқақ армандары келер ұрпақтың кеудесіндегі азаттық сезімін оятты. Жиырманшы ғасырдың басында жиырмадан енді асқан Сұлтанмахмұттың: «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам, қараңғылықтың кегіне, күн болмағанда кім болам?!» деп басын бәйгеге тігуі ақындық албырттық қана емес, азаматтық, қайраткерлік жанкештілік болатын.

Феодалдық және социалистік сана арасындағы сәби талпыныстар мен солақай ұрандар ұлттық есеюдің, халықтық ержетудің кезеңін кешіктіріп, оның соңы сырттан таңылып, сұрқия пішілген солақай жоспардың кесірінен өткен ғасыр басында көршілерінен саны жағынан басым қазақ жұртының ғасыр ортасында олардан көш бойы қалып қойғанын тарихи зауал, нәубет демегенде не дейміз?!

Елім туралы, оның ертеңі туралы ойланғанда, туған ауылдағы көп балалы отбасылардың өмірі есіме түседі. Бәріне бірдей аналық жүрекпен, әкелік тілекпен қарайтын қарапайым отбасылар секілді ешкімді алалап қараған емеспін. Бәрі де – менің халқым, туған жұртым. Береке-бірлігі жарасқан, ертеңге ортақ арман-үмітпен қараған оларды ешқашан шектеп, шеттетуге болмайды. Өйткені мына жер, мынау аспан мен тау, бой көтерген үйлер мен қалалар бәрімізге ортақ. Баршасы – ел мен жердің ортақ байлығы, ортақ қазынасы. Бүгiнiмiз де, ертеңiмiз де ортақ.

Сондықтан да жұрт болып жұмылып, көп болып ұғынып, ер болып еңсеріп, ел болып белсеніп қызмет атқарып келеміз. Мұның бәрі қасиетті қазақ жерінде жүзеге асып жатыр.

Халқымызда «Таудан тірегі бардың тастан жүрегі бар» деген сөз бар. Менің тауым да, табалдырығым да, тапқаным да, табынатыным да – туған халқым. Елі мұратқа жетпесе, ердің бәсі кем, ері мұратқа жетпесе, елдің бәсі кем. Екеуі тең түсіп, тілегі мен тірегі ұштасса, екеуі де өмірден өрісін, еңбектен жемісін, жарыстан жеңісін табады. Елің – құрышың,

жерің – ырысың. Өйткені жердің де, елдің де иесі екеніңді ешқашан естен шығаруға болмайды. Балалы үйдің базары тарқамайтыны секілді, сонда еліңнің базары да, ажары да жарасымды келісіммен ғұмыр кешіп, тарихи істерді атқара аласың.

Елдің күші – бірлікте. Бұл сөз біздің ұлттық ұранымыз. Бір ел, бір мақсат, бір Отан – біздің ұлттық арманымыздың ақиқат алғышарттары. Білімді мыңды жығады, білген уақыттан озады. Ал ізгі қасиеттерді ізгілікке жұмсаған елдің де, ердің де қашанда маңдайы ашық. Бұл сөздерді елеп-екшеп берген де халқымыздың ғибратты өмір жолы. Біз – талайды көрген халықпыз. Тар заманды бастан кешіп, кең заманды аңсаған елміз. Бұл күнге біздің ұрпақ жетті. Ендігі жас ұрпақ – ертеңгі ел тірегі осыны бағалай білуі керек. Бақыт – бағалай білгендікі. Адал маңдай тер – абыройдың баспалдағы, еселі еңбектің өтеуі.

Ғасырлар бойы азаттыққа ұмтылған арда елдің қай кезде де көшін бастаған ұлы тұлғалары болған. Бұл тұрғыдан келгенде ұлттың ұлы тұлғаларының есімдерінің өзі талай кітапқа жүк боларлық. Ерлердің ерен бейнелерін дастан-жырларында мәңгілікке нақыштаған халқымыздың ұлан-ғайыр байлығы – руханиятымыздың асыл қазынасы ғана емес, ол – біздің келешек дамуымыздың, елдік қуаттың қайнар көзі.

Тұлпар мініп, ту ұстаған бабалардан жеткен асыл сөз, айбынды ұран енді бүгінде Қазақстанның мәртебесі мен мерейін асырып, оның әлемдік өркениет көшіндегі орнын айқындауда. Қазақ жерінің – үсті де, асты да байлық. Ал одан да қымбат байлық – біздің бауырмал халқымыз, мәрт жұртымыз. Ел болу үшін, ең алдымен ұлттық рух, ұлттық қасиет және ұлтқа деген сенім болуы қажет. Біз осы ұлы қасиеттерді мемлекеттік саясат ретінде ұстанамыз және оны әркез мақтан етеміз.

Мемлекеттің ғұмыры да адамдардың тағдырына ұқсас. Аристотель данышпан: «Мемлекеттің пайда болуы Құдайдың ісі, ал оны сақтап қалу – адамның ісі», деген екен. Біз, Қазақстан халқы, Құдайдың ісіне қуана отырып, жаңа тұрпатты мемлекетімізді сақтап қалу үшін Мәңгілік Елге қызмет жасау жолында еңбектеніп жатырмыз. Ел мен ердің бірлігі – халықтың қам-қарекеті.

«Жері жоқ ел мемлекет құра алмайды, жері жоқ ел өмір сүре алмайды», деген екен ғұндардың көсемі Мөде бабамыз. Бізде ұлан-байтақ жер де бар, ынтымағы жарасқан ел де бар.

Еңбегімізге береке, халқымызға бірлік бергей!

III. Насихат

Тәуелсіздіктің тал бесігі

*Қыдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс,
мүбәрак мекен – Алматы! Биікке самғау, қиырды
шарлау, заманнан қалмай заулау – мына біздерге
өзің берген тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің
тапсырған тарихи аманат!*

Нұрсұлтан Назарбаев



Тәуелсіздіктің тал бесігі

Қыдыр қонып, құт дарыған киелі қоныс, мұбәрак мекен – Алматы! Биікке самғау, қиырды шарлау, заманнан қалмай заулау – мына біздерге өзің берген тәрбие, өзің көрсеткен өнеге, өзің тапсырған тарихи аманат!

Жиырмамыншы ғасырдың соңғы онжылдығы бізге мейірімін төкті. Тұғыры босап, тұрлауы кете бастаған Кеңес Одағының керегесі сөгіліп, шаңырағы шайқалды. Тоқыраудан басталып, ыдырауға ұласқан инертті империя осылайша күйреудің соңғы кезеңіне жетті.

Біразға дейін геосаяси тепе-теңдікті орнықтырып келген 1945 жылғы Ялта келісімі де 1991 жылы құрдымға кетті. «Аяғы бар дүниенің басы да болады» деген абыздар сөзінің ақиқаты өмірде мәңгілік дәлелденумен келеді.

Шынында да, 1991 жыл кәрі тарихтың құрсаулы дөңгелегін кері айналдырғандай болды. «Ешқашан құламайды» деп дәріптеліп келген компартия да, көп елдің көңілін аулап келген коммунизмнің тәтті елесі де осы жылы сыр берді. Тәуелсіздіктің толғағы тар шеңберде ширығып жатқан талай елдің тынышын кетіріп, мазасын алды. Біз де үзеңгіге аяқ артқандай едік. Сананы кернеген сұрапыл құштарлық пен алапат арман алғы күнге асықтырды. Қанатын қомдаған қырандай томағамызды сыпыруға әзір отырдық.

Сол кездегі алаң көңілді Алматы сан ғасырды бастан кешіп, ақылман абыздық кезеңдерді сәтті өткеріп, қазыналы қариядай ойға шомып отырған дана қалаға ұқсайтын. «Алмалы» дәуірін артқа тастап, Жібек жолының бойындағы ұлы қиырларға созылған ұзақ көштерге теңін артып, Қытай мен Үндістанға асқан кіре жолдар мен күре даңғылдардың шулы шежіресін кейінгі ғасырларға жалғады; Орынбордан озған, Ақмешіттен асқан астаналық эстафетаны асқарлы Алатаудың баурайына қонақтатқан қала – бұл. Ән мен жырға арқау болған әз Алматының маңдайына ғасырлап күткен қуаныш – Тәуелсіздікті жариялау бақыты бұйырды.

Иә, Алматы – тәуелсіздіктің тал бесігі. Желтоқсанда бұлқынған жас қайраттың намысын жаныған жер де осы шаһар. Бұл қалада кеңестік кезеңнің қатпар-қатпар тарихы түзілді. Бұл қалада азаттыққа ұмтылған арыстардың ақырғы

жолдары аяқталды. Бұл қалада дала психологиясының қалалық болмысқа айналуының ұзақ үрдісі жүрді. Сауатсыздықпен күрескен жылдардың сызбалары да осы жерде дүниеге келді. Ғылым-білім, әдебиет пен өнер, руханият пен мәдениет алма ағаштарымен астаса бұр жарды.

Ал, ең бастысы, Алматы ұлттық сананы қалыптастырудың рухани орталығы, ұлағатты ұстаханасы болды. Қазақ халқының өнері мен мәдениетінің дәстүрлі дала философиясының шынайы көрінісі болып қана қоймай, ұлттың даму үдерісіндегі үлгі мен мектепке айналды. Осының бәріне куә – ару Алматы.

Шамалғаннан кейінгі жол талай қиырды шарлап келіп, Алматыға тоғысты. Ал Алматыны арманға айналдырған басты айшығы – Алатау. Алатаусыз тек Алматы ғана емес, жер жәннаты Жетісудың өзі де жетімсіреп қалмас па? Ол сондықтан да асқарлы ғана емес, биіктіктің бедеріндей айбарлы.

Бала кезімде таңертең тұра сала Алатауға қараушы едім. Біздің үй тау жаққа қараған көшенің бойында еді. Тау да маған қарап тұрғандай сезінетінмін. Бала қиялымда мен анау таудың ақбас шыңына шығып, зеңгір көкте қалқыған қыранның қасында самғай ұшсам ғой деп армандайтынмын. Сол бір өзім өрген таңғажайып ертегімде шашасына шаң жұқпайтын Шұбараттың жалына жармасқан күйі құйғытып шауып, Үшқоңырдың үкілі сайлары мен көк майсалы жазығында тұнған бүлдіргенге сұғына кіріп, тас бұлақтың суына қос алақанды толтыра сіміріп, құмардан шыққандай болатынмын.

Тарих тылсымына бойласақ, бұл ұлы далада алуан түрлі өркениет болған. Бірі құлап, қираған, бірі жұтылған, енді бірі із-түзсіз жоғалып, бірқатары қоныс аударуға душар болған. Әр жеңімпаз өз тарихын өзгеден биік қойып, бұрынғыны мансұқтап отырған. Бірақ солай болған күннің өзінде, ұлы далада тұрған мәңгілік ескерткіштер бойына құпиясын сақтап, уақытын күтіп жата берген. Бұлар – біздің тарихи-рухани оқулықтарымыз.

Алматыны сайын даладағы қалалық қалыпқа әлі де келе қоймайтын Ақмолаға ауыстыру туралы ой тәуелсіздікпен бірге келді десем де болады. Бірақ алғашқы аласапыран кездегі қиыншылықтар мен проблемалар бұл туралы

кеңінен ойлап, нақты пікір түюге мұрша бермеді. Бірақ көкейде тұнған ой мен аңсарлы арман үнемі алаңдатумен болды. Елорданы Отанымыздың орталық бөлігіне көшірудің аса маңызды стратегиялық, саяси-әлеуметтік, қоғамдық-руханияттық маңызы дау туғызбайтын шындық еді.

Тәуелсіздіктің толық тарихын жазып шығу – өте күрделі іс. Тіпті мүмкін де емес шығар? Қыруар дерек пен дәйекті тізіп шыққанның өзінде, кейбір маңызды сәттер көңілден қағаберіс қалуы мүмкін.

Ал астананы көшіру – қалыптасқан тарихты заман талабына сай жаңаша жазып, бұрынғы ұстанымға басқаша тың парақтар қосу деген сөз. Табиғаты жанға жайлы, жылдың төрт мезгілі де қолайлы Алматы, айтары жоқ, бас қалаға лайықты екендігі дау туғызбайды. Алматы ежелгі жұртымыздың ата қонысы ғана емес, кейінгі кеңестік кезеңде байқала бастаған отарлық ойдың құрсауында тұншығып, Верный туралы жалған қауесеттің іргетасын қайтадан құюға ұмтылған келімсек пікірлер, өгей пиғылдарды қиып тастаудың ұтымды сәтін бастан кешті.

Мәртебесі майдан даласында қалыптасқан батыр Бабырдың естелік жазбаларында шығыстан жөңкілген Шыңғыс хан сарбаздарының ат тұяғында тапталып, қираған Алматы қаласы, енді бір жазбаларда Алмалық қаласы болып, тарих тылсымынан тіл қатып, оның көне ізі бүгінгі Алматының санадағы сызбасына түседі.

Бабырдың замандасы, қолына қылыш емес, қалам ұстаған Мұхаммед Хайдар Дулати өзінің: «Тарих-и-Рашиди» атты тарихи еңбегінде Әзіреттің Алатауының етегінде жайлы қоныс тепкен жарасымды шаһар – Алмалық қаласы туралы баяндайды. Түп сөзі «алмадан» бастау алатын көне кенттің жалғасқан тарихы оның баурайында жұпар ата жайылатын апорттың ғажайып иісіндей болып, жан сарайымызды әлі әддилеп келеді.

Қала дамыған жерде ой мен сана дамиды. Сана еркіндігі ұлттың өзін-өзі тану процесіне алып келеді. Өзін таныған ұлт өзгеге танылудың жолын іздейді. Ол жол әр кез тақтайдай тегіс болмайды: бірде даңғыл, бірде тайғақ... Алматыда қалыптасқан ой еркіндігі талай жыл бірде астарлы, бірде ашық айтыла жүріп, 1986 жылғы желтоқсанда күркіреген күндей болып, Жаңа алаңның үстінде жаңғырып тұрды.

Біз тәуелсіздікке қол жеткізген кезде елдің тұрмыстық жағдайы ауыр болатын. Қаржы да жоқ, қажетті тауар да жоқ сол бір қиын кезеңнің де қисынын таптық. Жоққа жетпейтін жүйріктің бабын келтіріп, шідерін шештік. Тірліктің түндігін түріп, жоқты барға, барды базарға, базарды ажарға айналдыра алдық. Әрине, бұл айтуға ғана оңай. Бірақ көппен бірге жол таптық, жұрт боп жұмылып, азды көпке айналдырдық. Сенім несиеcін орнықтырдық, үмітті үкіледік.

Ұлы көштің тізгінін қағар тұста, алып ұшақтың баспалдағында тұрып, жаным толқып, аяулы Алматыға бас иіп қоштасқан сәтімді ұмытқан емеспін. Алатаудың ұшар басына көтерілген алтын шапақты арқаланып тұрып, сонау заңғар көкте қалқыған қыранға да қош айтқандай болғанмын. Алатау сонда ақ сақалы алдын жапқан абыз қариядай басын шұлғып, батасын бергендей сезініп, қанаттанып аттандым. Сөйтіп, еліміздің ертеңіне жол тарттық, болашағымызды бетке алып, сапарға шықтық. Қателескен жоқпыз. Бұған адам да, заман да куә. Онымызды алыс та, жақын да көріп-білді.

Алматы қазір алып мегаполиске айналды. Қала да адам секілді. Өседі, өркендейді, өмірбаянын жазады. Оны басқарған азаматтар өздеріне жүктелген міндеттерді орындау жолында аянып қалған жоқ. Олар да Алматымен бірге өсті. Енді осынау өз қаланы басқаратын жаңа ұрпақ, жас толқын келді. Біз оған сенім артып, оның қолына ата-анамыздың ардақты қара шаңырағын тапсырғандай күй кешіп жатырмыз.

IV.Насихат

Саясат салтанаты

Мен үшін елімді дамыған мемлекеттердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ.

Нұрсұлтан Назарбаев



Саясат салтанаты

Мен үшін елімді дамыған мемлекеттердің сапына тұрғызып, санатына қосудан үлкен мақсат жоқ.

Саясат дегеніміз не? Бұл ғылым ба, тәжірибе ме, тәуекел ме, әлде болжам ба? Немесе ішкі түйсік пен сенім сезімінің ұштасқан жері ме? Бір сөзбен жауап беру қиын, әрине. Меніңше, бұл – осылардың бәрінің қосындысы және мақсат пен мұраттың айқындалуы. Міндет пен парыздың бой көрсетуі. Ақыл мен айланың ретіне қарай қолданылуы. Тіпті, бұлардан басқа да біз біле бермейтін сан алуан қырлары бар шығар?

Бірақ қалай болғанда да, саясат туған халқыңның бүгінгі мен болашағы жолындағы сенің ар мен адалдыққа суарылған іс-әрекетің болса, онда ол – еліңнің бағы мен бақыты. Дегенмен, уақыт, әр кезең өз саяси тұлғасын өзі тудырады. Дәуірі таңдайды, заманы қолдайды.

Біз – халықтық саясаттың мәртебелі мектебінен шыққан еліміз. Осы елде туып-өскен ұрпақпыз. Бабаның даңқын бұлдап, бұра тартқан жеріміз жоқ. Ұлы даланың ұлағатын ұлттық тарихымыз деп бағалай отырып, жаңа тарихтың тарауларын жазып жатырмыз. Бұл орайдағы берік ұстаным – ұлттық ынтымақты ту ету.

Шамалған деген шағын ауылдың сол кездегі тірлігін бүгінгі күн тұрғысынан ойласам, ол да бірлік пен ынтымақтың мектебі екен. Әр алуан ұлттың өкілінен тұратын ауылдың ынтымағы керемет болатын. Сол бір шағын ауыл байтақ Қазақстаным секілді. Өз басым солай қабылдаймын. Арба айдап, ат суарған, шалғы тартып, алма бақтың төріне су жетелеген шаруақор жаңдар келеді көз алдыма. Құлағымға өрістен оралған сиырлар мен маңыраған қой-ешкінің у-шуына қоңыр дауыстарын қосып, құрдастарын әзілмен әдіптеген ауыл қарттарының үзік үні жететіндей. Сондай сәттерде бейбіт өмірдің саясаты бәрінен қымбат, күрделі болса да, қарапайым екенін түсінесің.

Саясаткер болу әу бастағы арманым емес еді. Тіпті, бала кезімде мұның неңдей нәрсе екенін де ойлап көрмеппін. Тек, әйтеуір әкем мен анамның күнделікті қарапайым өмірі мен ауылдастарымның қоңыр тұрмыс-тіршілігі мені осы жолға – беймәлім сапарға бастап алып келіпті. Ауыл ақсақалдарының

әрбірі сыралғы саясаткер, сырбаз мәмілегер екенін жылдар өткенде, талай елдер мен мемлекеттердің төрінде елім туралы толғанғанда терең сезіне түскендей болдым.

Мектепте саясатты оқытпайды. Біздің кезімізде оны жоғары оқу орындарында да оқытпайтын. Саясаттың сұңғыласы мен сұмдығын біз тәуелсіздіктің туын көтерген жылдарда ғана барынша сезіндік. Білетініміз бір сан, білмейтініміз мың сан екенін де осы кезде бағамдадық. Үйрене жүріп, өстік, қолдана жүріп, қалыптастық. Халқымызда: «батыр болып тумайды» деген сөз бар. Сол айтқандай, адам саясаткер болып та тумайды. Саясаттың өзі сияқты, саясаткер де қалыптасады. Мұны біз ұлы өмірден үйренеміз. Өмір мектебі – мәңгілік мектеп. Оның бір шәкірті – тәуелсіз мемлекетіміз.

Қазақтың «кішкентай үй үлкен отауға қарайды» деген әдемі сөзі және бар. Сол айтқандай, кішкентай халыққа үлкен саясаткер керек екенін біз кейінгі жылдарда әбден ұққандаймыз.

Біздің халқымыздың өзі – саясаткер. Сонда саясаттың ең маңыздысы мен ең күрделісі не? Ол – халқыңа бейбітшілік сыйлау, жақсы тұрмыс кештіру. Жұртыңды өзгелерден оздырмасаң да, қатарынан қалдырмау. Көршіңмен тату болу. Халқыңның табанына кірген шөңге маңдайыма қадалсын деп күн кешу. Сонда сен халқыңмен біртұтассың. Бөлінбес бір бүтінсің. Қабырғалы халқы болмаса, қандай басшының да тауы шағылмай, тауаны қайтпай тұрмайды. Тамағыңды тауып жерлік кәсіп, одан да тәуір қызмет табылар. Бірақ ол қара орманың – қасиетті еліңнің ортасында жүріп ішкен бір жұтым қара суға қайдан татысын?!

Қазақ сөзінің көбі астарлы, бейнелі. Сөзіміздің бәрі ұйқасып тұрған қара өлеңдей әсер етеді. Мәселен, қара деген сөздің мән-мазмұны кең. Ол көп, қалың, мол, үлкен деген ұғымдарды береді. Ал осы сөз – қайғының қара бұлтын серпитін жауынгер ұғым. Халқымызды қара орманым дейміз. Үлкен, бас үйді қара шаңырақ дейміз. Түркі жұртының қара шаңырағында отырған қазақтың әрбір тірлігі халық тарихы – ұлттың ұраны, қаруы мен құралы. Қара шаңырақтың иесі де бізбіз, киесі де бізде.

Біз бүгінгі саясатты ұлттық рухтың еркіндігі негізінде жүзеге асырамыз. Өйткені, рухы еркін халық қана ұлы

істерді атқара алады. Біздің ұлы ісіміз тәуелсіздік алу, оны тұғырлы ету болды. Орындадық. Ұлан-байтақ шекарамызды шегендеп, жаттың ала көзі, жаудың сұғы қадалмайтындай ету мақсатын ұстандық. Мақсат межесіне жеттік. Әлемдік өркениет өлкесінде көш соңында қалып салпақтамай, күштіге жағынып, жалпақтамай, қарулыдан қорқып жалтақтамай өмір сүру принципін орнықтыруды ойладық. Ойымыз жүзеге асты. Азуын айға білеген, атағы жер жарған халықаралық ұйымдар мен құрылымдарды төрімізге шақырып, тілін шештіруді жоспарладық. Жоспар орындалды. Кеңес өкіметінің ығына жығылып, тұншығып күн кешкен еліміздің рухани күшін қайта жаңғыртуда тыңнан жол салуға міндеттендік. Уәде үдесінен шықтық. Төл теңгеміздің бағамын, жаңа ақшамыздың нарқын өзгелерге көрсетіп, аларымызды алуды, барар жерге жетуді мақсат тұттық. Оны да орындадық. Әрине, осының бәрі бірден орындап тастайтын да тірлік емес. Ешқайсысына тоқмейілсіп отырған жоқпыз. Алға тартып, абыройды көтеріп, жалғастыра береміз.

Құлшынысы келіссе, орындалмайтын арман болмайды. Бабы мен күтімі келіссе, озбайтын жүйрік болмайды. Ол үшін айқын мақсат, асқақ арман, өр талап, үкілі үміт болуы шарт. Бұл қасиеттердің бәрі халқымыздың бойында бар. Осыған мың мәрте тәубе дейміз. «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» дегенде, осы қасиеттерді басты назарға аламыз.

Солақай саясаттың тұсында мансап мінберіне кездейсоқ көтерілген кесірлер мен зордан зобалаң көрген халқымызды кемсіткендер бізді күні кеше ғана пайда болған бұратана халық, бұралқы ел санады. Біз жоқтан бар болған халық емеспіз. Қазақ хандығы – бұдан бес жарым ғасыр бұрын шаңырақ көтерсе де, Еуразияның ұлы даласында орнаған арғы дәуірдегі сақ, ғұн, үйсін мемлекеттерінің, бергі замандағы Ұлы түрік қағандығы, Дешті Қыпшақ пен Алтын Орда мемлекеттерінің заңды мұрагері. Бұлар – біздің ұлы тарихымыздың көне сілемдері. Ежелгі іздің сүрлеулері бізді жаңа заманның мінберінен сөз айтуға жеткізді.

Арғы дәуірлерге бармай-ақ, таза түркілік заманымызға зер салар болсақ, әйгілі Рим империясы құлап, Еуропадағы осы күнгі мемлекеттердің нобайы да әлі қалыптаса қоймаған, ал Қытайда үш патшалық пен алуан әулет өзара тартысқа

түсіп жатқан алтыншы ғасырда – 552 жылы Алтайда Ұлы Түрік қағанаты атты қуатты, күшті мемлекет дүниеге келді. Ол небәрі жарты ғасыр ішінде Алтай мен Кавказ арасындағы алып далада жеке дара билік жүргізді. Дәуірлеп тұрған кезінде Византия мен Ираннан, Қытайдың екі патшалығынан алым алған ер түріктің берекесі кетіп, өз ішінде билікке талас басталғанда, әуелі батыс пен шығысқа ажырап, кейін оғыз, қарлұқ, қыпшақ болып бөлініп, жауларына жем болды.

Демек, саясаттың ең басты ұстанымы – бірлік. Бірлігі жеткен ел озады, бірлігі кеткен ел тозады деген сөздің де сорабын дөп басып айтқан халқымыз. Бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің қайнар көзі, тыныштығымыз бен бейбіт өміріміздің қорғаны. Бірлік бар жерде – тірлік бар. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз керек. Ата тарихымыздың тұжырымдарын есте ұстап, шежіре болып айтылар ұлттық ұлағатты, тарихи ақиқатты жас ұрпақтың жадына мықтап сіңіруіміз қажет. Жас ұрпақ жүрегіне сонда жол табамыз, сонда ғана болашағына бағдар бере аламыз.

Біз ұлттық мұрадан ешқашан бас тартқан емеспіз. Жақсы болсын, жарты болсын, ол – біздің ортақ тарихымыз, жүріп өткен жолымыз. Үйренер мектебіміз, үлгі алар өнегіміз. Қалай болғанда да, сол мұраны жаңа заман ыңғайына лайықтап, жас ұрпақтың қажетіне жарата білуіміз керек. Мәртебелі болашақ туралы армандай отырып, мерейлі өткенімізді де жадымызда сақтағанымыз абзал. «Өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас атар» деген тәмсілді көңілге тоқып қойғанымыз жөн.

Астана төрінде біз сан мәрте халықаралық форумдар, саммиттер, симпозиумдар, құрылтайлар өткіздік. «Босқа шығынданып осының не қажеті бар?» деген сөздер де айтылып қалып жатты. Тіпті бұдан да өткен, шымбайға бататын сөздерді де естуге тура келді. Бірақ әр нәрсенің қайырымы, әрбір істің нәтижесі, әр басқан қадамның жетер жері болады. «Жүргенге жөргем ілінеді» деген халықтың баласымыз. Біз осынау ұлы басқосулардың арқасында ай астындағы абыройлы Алаш жұртының даңқын асқақтаттық. Өзімізді таныттық, мемлекеттік ғұмырнамамызды байыттық.

Біз кеше кім едік, бүгін кіміз? Ертең қай жерде боламыз? Бұлар – мәңгілік сұрақтар. Оларға бірден жауап қайтара қою да қиын. Тіпті оған бірден жауап беремін деп

өзіңді де, өзгені де қинаудың қажеті жоқ.

Айналасы он-он бес жылдың ішінде Қазақстанды әлем тегіс таныды, түгел мойындады, тең әріптес санайтын дәрежеге жетті. Егер біз алысты жақындатпасақ, жақынды жанымызға тартпасақ, жоғарыда айтылғандай әлемдік басқосуларды ұйымдастырмасақ, томаға-тұйықтық не берер еді? Ондай тірліктің пайдасы қане? Қоршау ішіндегі құр байбалам кімге керек? Елордамыздың іргетасын мықтап қалап алғанымыздың өзі біле білгенге, аса маңызды, мәңгілік мәні бар тарихи шешім болды.

Бір кездері әлемдік геосаяси картадағы кешеуілдеп дамып келе жатқан елдермен шатастыратын шалағай саясаткерлердің өздері бүгінде Қазақстанның әлемдік саясаттағы өз жолын өзгеге үлгі етудің көрнекі құралына айналдырды.

«Тәуелсіздікті алдық, енді біздің не істесек те өз еркіміз» деп арқаны кеңге салатын заман емес қазір. Дамылдап, шалқайып жататын да уақыт емес. Біз «әрекет бар жерде – берекет бар» деген қанатты қағиданы ұстана отырып, игі мақсат жолында жұмыла еңбек ететін боламыз. «Дүниенің кілті – сабырда» деген пайғамбарлардан қалған өсиетті өнеге тұтып, жасампаздықтық пен төзімділікті тең ұстадық. Сөйтіп, мемлекеттің қалыптасу, тұрақтылық, даму үрдістерін тұғырға қондыра алдық. Бұған қанағат етпеуге бола ма? Көзге ұрып тұрған нәрсені көрмеуге бола ма?

Кеңестік кезеңде қағажу көріп, шеткері жатқан көп республиканың бірі болдық. Ол да бір зейнетінен бейнеті көп тірлік еді. Бүкіл ауыл шаруашылығы өнімдері орталықтың екі алып қаласын азық-түлікпен қамтамасыз етуге жұмсалды. Сол үшін-ақ маңдай тері зая болған еліміздің арада аз ғана уақыт өткенде Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалық жасап, төбе бидей төрелік айтарына күні кеше кім сенер еді? Кезінде ұлт тарихының бастауындай болған Ұлытаудан сөз ұзатсақ, енді ұлы төр – Ақордадан әлемге тіл қатып жатырмыз. Қазақ сөзі ғарышқа дейін жетті.

Әлемнің дамыған 56 мемлекетінің басын қосып, жаһандық дамудың жария жағдайлары мен дүниежүзілік дүрбелеңдерді ымыраға келтірудің жөн-жосығын ойластырдық. Әлемдік ынтымақшыл іс-әрекетке баға беріп

қана қоймай, басшылық жасағанмыз да айдай әлемге аян. Кеңестік республикалар арасынан бірінші болып осындай халықаралық беделді ұйымға төрағалық етуімізге еліміздің бейбітшіл де гуманистік ұстанымы негіз қалады. Бұл – біз жүргізіп келе жатқан саясаттың және бір озған жері.

«Халықтық реформалардан асқан шексіз маңызы бар қоғамдық мәселе жоқ» деп кезінде ұлы дала перзенті Шоқан Уәлиханов жазғандай, біз халық игілігі жолындағы барлық іс-әрекеттерді ешқашан күн тәртібінен түсірмейміз.

Озатынымыз сол – қолында жаппай қырып-жоятын қаһарлы ядролық қаруы бар Қазақстан тәуелсіздігін алғанда әлем сақтана қарап, алаңдап отырғанда, ядролық жойқын қару-жарағымыздан өз еркімізбен бас тартып, әлемдік қоғамдастықтан бейбіт тірлігімізге кепілдік алдық. Бұл тереңнен ойланған саяси қадам болатын. Қазір осы қадамның тыныштыққа тірек болғанын көріп отырмыз.

Бүгінде ешкімді қарумен қорқыта алмайсың. Әлемде қару-жарақтың санмың түрі бар. Оның бәріне бірдей ие елдер де бар. Бірақ ең үлкен күш – қару емес, татулық. Татулықты сұрап та, сатып та ала алмайсың. Оны саяси көрегендікпен ғана қалыптастыруға болады. Тәуелсіздігін енді ғана алып, өшкені жанып, өлгені тіріліп отырған алагеуім шақта ел ішіндегі тыныштықты біз осылай қалыптастырдық. Демек, біз – татулық, бірлік атты бірегей жасампаздыққа сүйенген елміз.

Баяғыда жаңа шаңырақ көтерген жас отауға бүкіл ауыл асарлата үйін көтеріп, үйелмені қиналмасын деп алдына мал салып беретінін талай көргенбіз. Біздің жас, тәуелсіз мемлекетіміздің де алғашқы күндердегі болмысы осыған ұқсас болатын. Асарлатып үй салғанда, оның қабырғасын қалап, төбесін жапқанда сол ауылдың бір тізгін ұстар ағасы, не іс тетігін білер ұстасы жөн-жоба көрсетіп, бәрін реттеп тұрушы еді. Сонда әлгі үйге бүкіл ауылдың жан шуағы мен жүрек жылуы дарығандай болып, жастар өз бойларындағы парыз бен қарызды терең түсініп, үй бола, үйіріліп, қаз тұрып, қадам басып кететін. Аналарымыз шаруаларын жайлай жүріп ән салғанда, әзілдесіп, айналасын ақшуақ күлкіге бөлегенде, аспанымыз шәйдай ашылып, көңіліміз көкке жетіп қалатын.

Бір ерекше есте қалғаны, біздің ауылда жанжал деген

мүлде болмайтын. Әлде, ауыл ағалары болдырмай ма екен? Әйтеуір жұрт жұмылып, бір-біріне сүйеу болып, аядай ауылдың ортақ абыройын қызғыштай қоритын. Сонысымен мәре-сәре тірлігін жасап, түтінін түзу түтетіп жатар еді. Жұрттың көбі, әсіресе аға ұрпақ жақсы үй салудың оңай емес екенін біледі. Ал біздің ортақ үйіміз – Қазақстан сияқты жас мемлекетті құрып, орнықтыру бұдан әлдеқайда қиын болды. Мемлекет құрылысы біздің болашақта қандай мемлекетте өмір сүретініміздің нақты бас жоспары болуын талап етті.

Халқымыздың ақыл-парасаты нәтижесінде біз өз жолымызды – Қазақстан жолын жасай алдық. Даналық даңғылы біздің халқымыздың жүрегінен басталды. Әуелі – экономика, сосын саясат деген ұстанымды даурыға айтпасақта, сананы тұрмыс билейтінін саяси тұрғыдан бағамдай отырып, конституциялық қағидаттарды, саяси жүйені, дінаралық үнқатысуды, мәдени-рухани бірлікті, ұлттық инфрақұрылымды бір мақсат шеңберінде құрудың ұтымды жолын таптық.

Бүгінде қазақстандық даму жолының тиімділігін бүкіл әлем мойындап отыр, біздегі қоғамдық келісімді және Қазақстанның біртұтас халқын құрайтын ұлттар мен ұлыстардың ынтымақты тірлігін Біріккен Ұлттар Ұйымы ұлтаралық татулықтың үлгі моделі ретінде жоғары бағалады. Бұл мақтаныш па? Әрине, мақтаныш. Жетістік пе? Әрине, жетістік. Қалай айтсақ та, бұл біздің – ортақ жетістігіміз, ортақ жеңісіміз. Барар бағытымыз, жетер жеріміз бен шығар төріміз бір. Егер де «бас-басымызға би болып», өңкей қиқымның ортасына түссек, көшіміздің қазір қай жерде жүретінін кім білсін?!

Осы жиырма бес жыл ел үшін де, мен үшін де оңай болған жоқ. Біз жүргізіп келе жатқан саясаттың мәні мен мақсатын жүрекпен ұғынып, түсініп, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып келе жатқан халқымыздың сап бұзбаған саналы тірлігі. Елмен бірге көрген тойлардың бәрі біздің рухымыздың ояну, өркендеу кезеңін айқын көрсетеді. Біз күні кеше кісі қолына қарап келсек, енді бізге де сүйсіне қарайтын елдер бар.

Қазақстанның халықаралық беделіне байланысты биылғы бір жылдағы бірлі-жарым жетістіктеріне тоқтала кетсек, еліміз 2016 жылғы 28 маусымда Біріккен Ұлттар

Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды. Бұл Кеңес – БҰҰ-ның Жарғысымен «халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің басты жауапкершілігі» жүктелген, тұрақты жұмыс істейтін орган.

Еліміздің оған мүше болуы – Қазақстанның халықаралық аренадағы беделі мен еңбегінің мойындалуы деген сөз. Біздің еліміз бейбітшілікті, қауіпсіздікті және орнықты дамуды жақтайтынын тәуелсіздік жылдарының бәрінде өзінің нақты істерімен дәлелдеп келеді. Семей ядролық сынақ полигонын жабу және қуаты жөнінен әлемдегі төртінші зымырандық-ядролық арсеналдан бас тарту туралы шешімдерімізді бүкіл Жер шары біледі әрі барынша бағалап, қолдайды.

Бізге әлемдік қоғамдастықтың мұндай сенім көрсетуі мемлекетіміздің қарқынды дамуы мен береке-бірлігімізге де байланысты, сондай-ақ бұл – тек біздің еліміздің ғана емес, сонымен қатар, бұған дейін ешқашан халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке жауап беретін органда өкілеттік етпеген бүкіл Орталық Азия өңірінің де табысы.

Таяу болашақтағы жылдар халықаралық қарым-қатынастардағы ахуал үшін аса күрделі кезең болмақ. Дүние созылмалы жанжалдармен қатар, қауіпсіздікке төнетін қатердің бұрын-соңды болып көрмеген кең ауқымымен бетпе-бет келіп отыр. Әлемнің әр түкпірінде орын алып жатқан жантүршігерлік қайғылы оқиғалар радикалды топтар мен олардың имансыз идеологиясына өркениетті қоғамда жол берілмеуге тиіс екенін тағы да дәлелдей түсуде.

Сондықтан да Қазақстан жаһан жұртына, әлемдік қауіпсіздікке қатер төндіретін халықаралық терроризм мен экстремизм әрекеттерін қатаң айыптаумен келеді. Мемлекетіміз баянды болашақтың қазіргіден де сенімдірек және игіліктірек болуы үшін өзіне берілген мүмкіндікті пайдаланып қалуға ұмтылады. Өйткені, тұрақты әрі қауіпсіз әлем – азаматтарымыз бен келешек ұрпақтарымыз үшін аса қажетті қасиетті құндылық.

Біз жаппай қырып-жою қарулары мен соғыс індеттерінен және қақтығыс-жанжалдардан азат әлем құруға бағытталған байыпты іс-шараларымызды одан әрі жалғастыра береміз. Қазақстан, сондай-ақ, су, энергетикалық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешуге де өзіндік серпін беретін болады. Елордамыз Астанада өткізілетін

«ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі – соның бір бөлігі. Болашақтың энергиясы, жасыл экономика сияқты әркімге де қатысы бар толғақты проблемалар сонда қамтылады.

Еліміздің еңсесін көтерудегі шараларымыздың тағы бір парасы – шағын мемлекет пе, ұлы держава ма – түйткілді текетірестер, тығырыққа тіреген түсініспеушіліктер тұсындағы араағайындық абзал істеріміз. Соңғы бірер жыл бедерінде ғана Ресей мен Украина, Әзербайжан мен Армения, сондай-ақ Мәскеу мен Анкара арасын дәнекерлеу тұрғысындағы тірлігіміз табысты болды.

Бұл Қазақстан Республикасының әлемдегі аса дамыған мемлекеттер қатарына қосылу, қауіпсіз әрі өсіп-өркендеген болашақ құру жолындағы тағы бір тарихи қадамы болмақ. Сонымен бір мезгілде, қазіргі заманғы өте зәру және тым шетін проблемаларды шешуге қатысу біздің алдымыздан көптеген елдермен, бүгіндей өңірлермен қарым-қатынастарымыз бен тығыз байланыстарымызды дамыту үшін ауқымды мүмкіндіктер туғызбақ.

2016 жылғы 17 маусымда Қазақстан Орталық Азияда алғашқы болып Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Бәсекелестік жөніндегі комитетінің мүшелігіне қабылданды. Әлемдік күрдістерді ескеретін болсақ, Қазақстан үшін жаһандық экономиканы қалыптастыруға әсер ететін осы ұйымның бір бөлігіне айналу өте маңызды.

Бұлар, ең алдымен, ұлтымыздың ұйысқандығының, жұртымыздың толысқандығының көрсеткіші. Сонымен қатар, ерен елдігімізге, тұғырлы тәуелсіздігімізге деген құрмет пен жарқын болашағымызға деген қалтқысыз сенім деп білемін. Халқымыз осынау зор сенімнің үдесінен шығып, Қазақстанның әлемдік аренадағы абыройының асқақтай түсетініне еш күмән жоқ.

Еңбекқор халқы бар Қазақстан алға қарай алшаң адымдап келеді. Еңбек ендіктері мен береке бойлықтарында ерен еңбектің қарқынын көреміз, бұл – Тәуелсіздіктің тынымсыз қайнап жатқан ырыс қазаны. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген мәтел біздің ұлттық мүддеге келе бермейді. Өз еркіміз өзімізде екен деп өзеурейтін заман емес. Өзгенің де қас-қабағына қараудың мәні бар. Көршіңмен араз болсаң, қақысы бұзылады, еңбекпен араз болсаң, ақысы бұзылады.

Бізді қазір жүз ойландырып, мың толғандыратын бір кесел бар. Ол – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық – жегі құрт. Халықтың қазынасын тонап жатқан, іс басына келгенше мінәйім, қолға билік тигесін «құдайым» адамдар арамызда әлі де кездесіп жатыр. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» деп халқымыз қалай дөп айтқан.

Ұлы бабамыз Майқы биден қалған: «Хан – халықтың қазығы» деген сөзде үлкен мағына жатыр. Қазақстан қоғамының алтын қазығына айналған президенттік билік жең ұшына жемір пиғылын тыққан сұғанақтың сұғын қайтарып, ұзында өші, қысқада кегі кеткен кең көңіл жұртының көкейдегісін тауып, ретке келтіру үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды.

Біз, әрине, жазақұмар ел емеспіз. Бала кезімізде өз қатарластарымызбен талай рет шекісіп қалған жағдайларымыз болатын. Біздің құрдастарымыз шетінен намысқой, өр болатын. Сондай кезде әлсіздерге күштілер, кішкентайларға үлкен ұлдар көмекке келетін. Әділ төрелік айтып, балалық тазалықпен шешім қабылдайтын. Осындай кездерде әкелеріміз бен аналарымыз ешқандай шу көтермей, әр нәрсенің байыбына бара білетін. Ешқайсысы өз баласына бұра тартпай, әділдікке қол берер еді. Біздің балаң жанжалымызды көрген әкелеріміз күлімсіреп тұрып, кімдікі дұрыс екенін жіктеп, лезде татуластырып жіберетін.

Осылайша, өкпенің арты өкініш, даудың соңы даурығу екенін ата-аналарымыз кішкентайымыздан бойымызға сіңіріп, ойымызға тұрақтатты. Сол кездерден бастап кішіге қамқор, үлкенге ізетті болып, адамдар арасындағы қарапайым дипломатияның дәрістерін санаға сіңіріп өстік. Кішіліктің келешегі үлкендіктің үлгісінде жатқанын ұғынып ержеттік. Мемлекеттік саясатта да осыны берік ұстану қажет. Мемлекеттік дипломатия мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың ұқсас жерлері көп. Бірақ үнемі осылай деу де дұрыс бола бермейді. Мемлекеттік қарым-қатынастың ауқымы да, салмағы да, сабағы да үлкен жауапкершілікке келіп тіреледі.

Қазақстан – көршісімен тату, алыспен де, жақынмен де бейбіт қатар өмір сүре алатын ел. Ол қоғамдық тұрғыдан мызғымас тұғыры бар мемлекет ретінде қабылданып, осы сындарлы саясатымыздың арқасында бұл баға біржола

бекіді. Әлемдік қауымдастық енді біздің елді ядролық қару-жарақтан өз еркімен бас тартқан ел ғана емес, әлемдік жанжалдар мен аумақтық кикілжіңдерді, аймақтық соғыстарды арағайындық бітімгершілікке шақыруға адамгершілік тұрғыдан құқы бар мемлекет ретінде қабылдап, өнеге тұтады. Біз – осылайша «үрей империясынан үміт империясының» сарайына бейбіт қадаммен кірген мемлекетпіз.

1992 жылдың күзіндегі АҚШ-қа алғашқы сапарым кезінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында әлемдік мінберде бірінші рет баяндама жасағанда, күллі дүние жүзі бізге «мынау қандай ел, бұлар кімдер, қандай мақсаты бар, болашағы қандай?» деген сауалдар кернеуінде отырды. Тосырқап та, жатырқап та отырғандар болды. Бірақ біз жаспыз деп жасқанып, жолымыздан жаңылып қалған жоқпыз.

Ол тұста біз әлемдік өркениет көшіне қосылған жаңа мемлекет болғанымызбен, арғы түбіміз тарих тереңінде жатқан, ұлттық құндылықтары бар ұлағатты ел екенімізді айтуға мүмкіндік таптық. Әлемдегі ең үлкен аумақтардың бірін алып жатқан жұрт екенімізді білдіре отырып, жері байдың – елі бай екенін де жатқа жеткізе түсіндірдік. Шаңырағымызды шайқалтпастан, байлығымызды еселей алатын ел екенімізді аз сөзбен ұғындырдық. Оған да міне, ширек ғасырға жуық уақыт өтті.

Бүгінде өткен кезеңге зер салсақ, ХХ ғасырдың қасіретті жылдары аз болған жоқ. Ашаршылық туралы қоғамда қалыптасқан қордалы ойды жаңаша қорыту жүзеге асты. 2012 жылы қазақ халқының тарихындағы қасіретті зұлматқа 80 жыл толды. Кеңестік күштеп ұжымдастыру мен тәркілеудің ең ауыр кезеңі, әсіресе, 1932-1933 жылдарға тап келді. Осынау адамгершілікке мүлде жат қатыгездіктің салдарынан миллиондаған адам құрбан болып, миллионнан астам қандасымыз тарихи Отанынан босып, жырақ кетуге мәжбүр болды. Бұл зұлмат кезеңді халық жадында сақтау үшін жүйелі жұмыстар жүргізілді. Олар жас ұрпаққа үлгі берерлік келелі істер еді.

Осы қасіретті кезеңге арналған іс-шаралардың саяси және жан тебірентерлік көрінісі 2012 жылғы 30 мамырда Астана қаласында Ашаршылық құрбандарына қойылған

ескерткішті ашу болды. Осылайша, ашаршылық тақырыбы төңірегіндегі қажетсіз, жалған ғылыми белсенділік пен саяси саудаға салушылыққа тосқауыл қойылды. Сол сұрқия зұлматқа байланысты оған шынайы қоғамдық және саяси баға берудің ұстанымы қалыптасты. Бұл Қазақстан халқының елдігі мен бірлігінің одан әрі нығая түсуіне ықпал етті.

Еліміз үшін жаңа, сындарлы кезең болып табылатын Дүниежүзілік сауда ұйымының даму және өзара ықпалдасу мүмкіндіктері мен демократиялық даму үрдістерін жалғастыра береміз. Конституцияда тұжырымдалған басты қағидаттарды негізге ала отырып, Қазақстанның үшінші мыңжылдықтағы орнының тек қана төрден табылуына бар күш-жігерімізді, ақыл-парасатымызды жұмсайтын боламыз. Серттей сөзіміз – осы. Серпінді ісіміз де сондай болмақ. Серттің сыны мен серпінін уақыт көрсетеді. Сол кезде біз уақыттың бетіне ұялмай тура қарай аламыз деп сенеміз.

V.Насихат

Туған тілдің тұғыры

Қазақ елі барда, қазақ тілі де өмір сүреді.

Өседі. Өркендейді. Ұлтымыздың ұлы тілі – мәңгілік!

Нұрсұлтан Назарбаев



Туған тілдің тұғыры

Қазақ елі барда, қазақ тілі де өмір сүреді.

Өседі. Өркендейді. Ұлтымыздың ұлы тілі – мәңгілік!

Тіл туралы сөз – ең жанды жеріміз. Алашарысы Мұстафа Шоқайдың: «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл» дейтін сөзі бар. Арғы-бергі тарихты адақтап, әлемдегі мемлекеттердің тіл туралы тұжырымдарына зер салсақ, өзінің тілін «Ана тілі» деп дәріптейтін де, ардақ тұтып қадірлейтін де жұрттың бірі біздің халқымыз екен. Ата-бабаның ұлы дәстүрін, тарихы мен шежіресін, әні мен жырын туған тілінде тыңдап, жүрегіне ұялатып өскен ұрпақтың өкілі ретінде қазақ тілінің бүгінгі мен болашағына ерекше мән беремін.

Әрине, оның кешегі кеңестік кезеңде жолы тар, орны төменде болғанын бәріміз білеміз. Отарлық құрсаудың темір қақпаны ана тіліміздің адымына шідер салып, дамуына кедергі келтірді. Тіл шұбарланды, онымен бірге діл тұманданып, сана күмәнданды. Сана сергітер саңлақ тіліміздің тұсалған кезі еді ол. Оны бүгінгі ұрпақ – біз ұмытсақ, келер ұрпақ одан әрі жаңылып, жаза басуы мүмкін. Ұлттың ұлы қазынасы – Ана тілін жаңа ғасырдың биігіне абыроймен алып шығу – бүгінгі ұрпақтың парасатты парызы.

Кеңестік кезеңде, одан бергі тәуелсіздік таңы тұсында, ақын сөзінің астары басқаша ашылып, шындығында да, «сөз өнері – дертпен тең» жағдайға жеттік. Ұлтымыздың ұлы тілі басқа шауып, төске өрлеген өктем тілдің шылауына айналып, өз жерімізде баспалап сөйлейтін кезеңге келдік. Отарлық езгінің қаруын қолға ұстаған дүмділер тілді бұғаулау ғана емес, ойды тұсау, ұлттық ділді шеттету идеясын мықтап қолға алып, ата мен бала, келін мен ене жат тілде шүйіркелесіп, отбасының өзара үндесуі де өзге тілге ойысып бара жатты.

Біз кейде тәуелсіздікті «оңай алдық, дайын күйде кезіктік» деген солақай пікірлерді де естіп қаламыз. Бұл – тіптен қате байлам. Тәуелсіздік берген ең құнды, ең бағалы бір жетістік – туған тіліміздің мәртебесін көтеріп, оны Конституциямыздың 7-ші бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп бекем түрде бекіттік. Тілімізге теңдік тиді, қапияда жоғалған құны қайта қалпына келіп, төрге шықты, төрелікке қол жеткізіп, заңдық негізге ие болды.

Ата Заңның айбарында мемлекеттіліктің мәртебесі мен мерейін көтеріп тұрған бұл баптың бабын таба алмай, баянын орната алмасақ, өзімізге ренжиік. Өз тілін өгейсініп, өзге тілдің ығына жығылғандардың қарасы қазіргі кезде біртіндеп азайып келеді. Бірақ ондайлар мемлекеттік қызметте әлі көптеп кездеседі. Абайлай жүріп, ақылға жүгінсек, оның да ыңғайы келіп, реті табылар. Жаңа, жас толқын келіп, тілдің мәртебесін бұдан жоғары сатыға көтерер. Әрі солай болатынына күмән келтірмейміз.

Бір қызық парадокс: біз өз мемлекетімізде Конституцияда жазылған заңдық күші бар бапты басшылыққа алмай, қыздырманың қызыл тіліне еріп, шапқылай береміз. Іс басында, әсіресе халықтың көз алдындағы жауапты қызметте отырған қазақтардың өздері мемлекеттік тілді менсінбей, өзге тілде сөйлеуге құмар болса, оған халық та, тіл де кінәлі емес. Кінәлі – ұлттық намыстың аздығы, ерсі әрекетке еліктегіштік, ұлт дәстүріне енжарлық.

Осы жағдайды саралай келе, он бес жылда аю да мемлекеттік тілді үйреніп алатын уақыт болды деп айтқаным бар. Бұл сөзді қазақ тілді басылымдар қанатты сөздің қатарына қосып, біраз ұшқындатты. Бірақ бұл қанатты сөзден гөрі тіл тағдырына алаңдаудың, намысты қайраудың бір жолы еді. Бұл ыңғайдағы тығырықтағы тірліктің иіні түзелер деген үміт сөзі болатын.

Тәуелсіздікке дейін біздің көптеген аға қаламгерлеріміз, халық жазушылары мемлекеттік тілді қолдау мәселесіне барынша атсалысты, оны қорғап, күресті. Халық жазушысы Ғабит Мүсірепов денсаулығы сыр беріп, қуаты қайта бастаған кездің өзінде Қазақстан Жазушылар одағының арнайы пленумында туған тіліміз туралы баяндама жасады. Сондағы біраз қаламгерлердің көркем шығармаларын оқып шығып, қазақ тілінің баяны мен байлығын қалай бағалау жөніндегі ағалық ашық сырласу сөзі әрбір қазақ баласының есінде үнемі жүрерлік тәлім болды.

Оның «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәселесі. Кеше болмағанның бүгін болуы мүмкін, бүгін болмағанның ертең болуы мүмкін, бірақ ана тіліне мән бермеушіліктің, оны құрметтемеудің орны толмас олқылықтарға соқтыратыны сөзсіз. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа

басады» деген сөзінде терең мән жатыр.

Қазына қарияларымыз бір кезде «тыңдаушысы жоқ болса – сөз жетім» деп мақалдаған. Абайға бақсақ, «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген еді. Санаға салмақ салғанда, «сөзді ұғатын кез келді» деп айтылып жүрген пікірдің салмағы орасан зор екенін мемлекеттік қызметте жүрген замандастарымыздың, қатар жүрген әріптестеріміздің үнемі естерінде ұстағаны жөн. Әр азамат әуелі туған тілге деген құрмет пен жауапкершілікті өзінен бастауы керек. Отбасынан бастауы керек. Отбасындағы оңды тәрбие ана тілі арқылы жүзеге асса, одан әрі жас ұрпақ өмірдегі өз қажеттілігін өзі табады, адаспайды.

Бұдан он жылдай бұрын, кезекті бір басқосудың алдында, «Ана тілі» газетінің тілшісіне арнайы сұхбат бергенмін. Соңдағы негізгі әңгіме мемлекеттік тілдің бүгінгі жай-күйі, оның даму, пайдаланылу, қолдану аясын кеңейтудің жолдарын қарастыру, қабылданған заңдар мен мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысы, ең бастысы, «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген берік те баянды байламды халықтың назарына ұсынып, бағыт-бағдар сілтеу болатын.

Бізде әлі де бойымыздан арылмай келе жатқан бір жаман әдет бар. Ол әуелі бастамаға бірден үн қосып, дүркіретіп әкетеміз, сосын уақыт өте келе істің аяғын сұйылтып, тіпті әрі-беріден соң кейбір қажетті іс-шаралардың ізіне су құямыз. Азаматтың қандай екені оның бастаған ісінен ғана емес, аяқтаған ісінен көрінеді. Бұл тұрғыдан келгенде, мойнымыз жар бермей, жарты жолда солықтап, іс аяғын ақсатып кететініміз бар. Осы кемшіліктен арылу керек.

«Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деген сөзді айтқаныма да он бес жылдан асып барады. Қазақ қазақпен өзге тілде сөйлессе, жат жұрт не демейді? Он бес жыл аз уақыт емес. Не өзгерді? Қандай белеске жеттік? Ұлтымыздың жанын баурайтын сөздің мән-мазмұнын ел жүрегіне жеткізе алдық па?

Әрине, бұдан жиырма бес жыл бұрынғы жағдаймен салыстырғанда, бұл бағытта көп нәрсе алға жылжыды. Ұтқанымыз да, ұққанымыз да баршылық. Өкінішке қарай, ұмытқанымыз да жетіп жатыр. Ұтылмайтын жерде ұтылып, тұтылмайтын жерде тұтылып жататынымыз да жоқ емес.

Мемлекет дамуындағы маңызды мәселенің бірі – үш тұғырлы тіл мәселесі десек, артық айтқандық болмас. Жаһандану жағдайында жалғыз тілмен қала алмайсың. Әлемдік ақпарат, технология, жаңа инновациялық индустрия ағылшын тілінде жүріп жатыр. Демек бұл тілді де біз еркін меңгеруіміз керек. Ұлтаралық қатынас тілі – орыс тілі де ел дамуында өзіндік рөлін жоғалтқан жоқ. Оны тарихымыздан сызып тастай алмаймыз. Бұрын көп тіл білушілік мақтан болса, енді ол қажеттілікке айналды.

Қажеттілігі сол, көп тіл білсең, көп ақпаратты игересің, өзгелердің озығы мен тозығын айырасың. Бүгінгі уақыттағы экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық пәрмені бар, қуатты дамып келе жатқан мемлекеттердің үлгі-өнегесін танысың. Бәрімен санасуға тура келеді. Оны заман айқын көрсетіп отыр. Жас ұрпақ осыны терең түсініп, жан-жақты болуы шарт. Көп тіл білгеннің зияны жоқ. Досың да, әріптесің де, жолдасың да көп болады. Алайда, қандай жағдайда да туған тіліміз – қазақ тілі өз мәртебесін жоғары ұстауы тиіс. Туған тілдің туы қашанда биік болуы қажет.

Тілдің қолданылу аясына байланысты ортаға салар бірталай жайттар да бар. Тіл дамуы үшін тілдік орта қажет. Бұл – ең бірінші шарт. Сосын тілге деген қажеттілік керек. Үшінші шарт, ана тіліңді ардақтайтын ұлттық намыс керек. Қандай заң болса да оның өмір сүру, қызмет ету аясы уақыттың құзырына тікелей тәуелді болып жатады. Мұндай жағдай тәуелсіздігін енді алған, дамудың жаңа, өзіндік жолына түскен мемлекеттердің тарихында көп кездеседі. Біздің де әп деп азаттық алған тұсымызда туындаған, қабылданған көп заңдар уақыт өте келе сапалық өзгерістерді бастан кешті. Олар жетілдірілді, толықтырылды, өзгерістерге ұшырады.

Мемлекеттік тілдің алдында тұрған маңызды мәселелердің бірі оның жаңа әлеуметтік-мәдени болмысты бейнелеудегі мүмкіндіктерін кеңейту қажеттігі болып отыр. Бұл бағытта нақты, нысаналы ғылыми жұмыстар, сараптамалық іс-шаралар жүргізілуі тиіс. Әлі орыс тілінің білім мен ғылым, әлеуметтік-тұрмыстық салаларда басымдығы анық байқалады.

Заң бізге тікелей тіл үйретіп бермейді. Бірақ заң білген адам заманның қиындығынан аса абыржи қоймайды. Жағдайдың жөнін біледі. Одан шығатын жолды жаңылмай

таба алады. Әрине, жұрттың бәріне заңды жатқабіл, баптарын басыңда ұста деп талап ете алмайсың. Бірақ Қазақстан заңы әрбір отандасымыздың арын арлап, барын қорғауға қызмет ете алады. Соның ішінде тіл туралы түйткілдердің өзін заңдық, құқықтық деңгейде толық реттеуге болады.

Ана тіліміз бәрімізді өмірге әкелген ардақты анамыздың ақ сүтімен бойымызға сіңген. Іңгәлап жатқанда айтылған анамыздың бесік жырымен жүрегімізге енген. Әкеміздің жанында құлдыраңдап жүгіріп, қамшысын әкеліп, қолғанат болып жүргенде санамызға ұялаған. Мектеп қабырғасында жүргенде ұстаздарымыздың ұлағатты сабақтарында халқымыздың қазынасын – ұлт тіліндегі әдебиетін оқығанда көкейімізге тұнған. Бозбала болып, балауса қыздарға көз сала бастаған шақта ақындардың ғашықтық жырлары арқылы жігіттік жадымызға жазылған.

Қазақ тілінің қанық бояулары – халық әндерінде. Шіркін, біздің халық әндері, нағыз қазынамыз ғой. Біздің халықтай мыңдаған мазмұнды әні, күмбірлеген күйі бар, даласының таңғажайып үні бар халық жер бетінде некен-саяқ шығар. Кейде бір ой үстінде отырған оңаша сәттерде, алыс жолдан елді сағынып келе жатқанымда қолыма қалам алып, көкейге келген ұйқастарды қағазға түсіріп қоятыным бар. Сондай бір кезекті алыс сапардан көңіл күйім көтеріліп, жаным жадырап келе жатқанда ұшақ ішінде «Елім менің» деген өлең өмірге келді.

Арайлап таңым, асқақтап тауым,

Ән ойнап көгім, күй тартты көлім.

Қол жетті, міне, аңсаған күнге,

Жасай бер, жаса, қазағым менің!

Осы алғашқы шумағы туғанда бастан кешкен сезімім керемет еді. Ұшақтың терезесінен елімнің байтақ даласына тебірене көз салып, жаным әндетіп тұрғандай-тын. Аңсаған күнге жеттік қой деген телегей сезім бойымды қалай шымырлатты десеңізші...

2005 жылдың желтоқсан айының соңғы күндерінде тәуелсіздіктің алғашқы кезеңіндегі мемлекеттік гимнді ауыстыру туралы идеяны тиісті жауапты қызметкерлермен, белгілі музыка және көркемсөз мамандарымен ақылдаса

отырып жүзеге асыруға шешім қабылдадық. Сонда композитор Шәмші Қалдаяқов пен ақын Жүмекен Нәжімеденовтің «Менің Қазақстаным» әнінің мәтінін жаңа заманға лайықтап, оның мазмұндық тініне зиян келтірмей, лексикалық негізін қалдырып әрі тәуелсіздік талаптарын сақтай отырып, аздаған өзгерістер енгізу туралы ұсыныстар болды. Бұған белгілі ақындар да, маман тілші-ғалымдар да тартылды.

Мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссияның талқылауына, белгілі мамандардың сараптауына сәйкес мен ұсынған қосымша мәтін жаңа уақыт талабына сай деп табылды. Бұл жерде елбасылық төрелігімді пайдаланып, ешкімге салмақ та салмадым, жақсы атақ, арзан беделге де ұмтылғаным жоқ. Мен де елімнің қатардағы қарапайым бір өкілі ретінде осынау тарихи сәтте одан қалыс қала алмадым. Ойымды тербеп, жанымды кернеп жүрген сөздердің ең көркем кестеленген түрі деп сезініп, сөзімді көп талқысына ұсындым.

Осы мәселеге қатысқан атақты ақындар мен сөз мамандары, тіл ғалымдары мен ұсынған қосымшаны қоғамдық-саяси, идеялық-көркемдік жағынан ұтымды, орынды, Әнұранның бұрынғы желісіне толық сай келеді деп тапты. Мұны өзімнің өмірімдегі ең бір қуанышты да салтанатты әрі бақытты сәтім деп ойлаймын. Өз еліңде болып жатқан тарихи жаңалықтарға сол елдің перзенті ретінде үлес қосу, шамаң келгенше өз қолтаңбанды қалдыру – әрбір азаматтың арманы. Ең бастысы, бұл – мемлекеттің мүддесі. Мемлекеттік Гимннің мәртебесі мемлекеттік тілдің де жоғары дәрежесі болып қабылданады. Туған тіліміздің асқақтығы мен абыройы да осы Гимннен анық көрінеді деп білемін.

VI. Насихат

Дін мен дәстүр

*Дін – рухсыздық пен қанағатсыздықтың алдына
қойылған ең берік қамалдардың бірі.*

Нұрсұлтан Назарбаев



Дін мен дәстүр

Дін – рухсыздық пен қанағатсыздықтың алдына қойылған ең берік қамалдардың бірі.

Дін туралы сөз, сайып келгенде, адамның жан дүниесінің тазалығы мен адамгершілігі туралы сөз. Дін – адамның өмір сүру шартының қалыптасқан қағидаттары әрі адамзат дамуының құбыланамасы.

Діни наным-сенім адамзатпен бірге пайда болған. Адамның табиғат тылсымдары мен жұмбақтарын қабылдау кезіндегі алғашқы іс-әрекеттері оның танымын туғызды. Діннің қайнар көзі сол бағзы замандардан бастау алып, уақыт өте келе ол әртүрлі ағым, сан-салалы сенім сүрлеуі ретінде қалыптаса бастады. Дінді зерделеу, оны түсіну бағытындағы бастапқы ізденістер алғашқы қауымдық құрылыс кезінде қалыптаса бастағаны даусыз. Біздің заманымызда ол орасан зор ғылыми-әлеуметтік нысанға, философиялық категорияға айналып, есепсіз ғылыми еңбектер мен сан жетпес сараптау-пайымдаулар жарияланып жатыр.

Жалпы, шариғат туралы қазір бірнеше ағым бар сыңайлы. Солардың бірі – құдайсыздық пікірін ұстанатындар. Екіншісі, ислам дініне таза ұлтшылдық тұрғысынан қарайтындар. Енді біреулері – ислам дінінің негіздерін халықшыл-мемлекетшіл тұрғыдан терең түсініп, оның қадірін білетіндер. Осы үш бағытта да үгіт-насихат жұмыстары жүріп жатыр.

Қазір алғашқы екі бағыттың ішінде діни ағымдарды дәріптейтіндер, ол турасында өте жиі жазып, тынбастан қызмет жасап жүргендер көп. Бұлардың кітаптары мен жинақтарын оқып алған діни сауаты әлі кемшін адам негізгі дін осы екен деп ойлайды. Содан қателікке ұрынады. Өйткені, діни сауаттың аздығы, діни орындардың таза дінді жалған діннен ажырату бағытындағы дәрменсіз жұмыстары осындай жағдай туғызып отыр.

Ислам дінін, ондай елдердегі тұрғындар толық хабары болмағандықтан, құбыжық дін, зорлық-зомбылықты ұстанатын ағым деп қабылдайды. Сырттан таңылған насихат та соны уағыздауда. Араб әлемін айтпай-ақ қоялық, өзіміз білетін дерекке жүгінсек, ислам діні туралы: тарихы мен философиясы, құқығы мен экономикасы, өркениеті мен

өнері, мәдениеті мен әдебиеті деген тақырыптық-танымдық әрі ғылыми-сараптамалық еңбектер әлі жан-жақты талданып, жарық көрген жоқ. Біз Аллаға құлшылықтың жалпы бастауыш канондары негізінде жүріп жатырмыз. Халықтың ислам діні туралы білім-түсінігі әлі алғашқы кезеңде қабылданғаннан көп аса қойған жоқ. Діни сезімнің балаңдығы күнделікті өмірде әркез бой көрсетіп жатады.

Халықтың діни санасы берік, көзқарасы тұрақты әрі сенімді болған жағдайда, оның ынтымағы мен бірлігі, өз елінің бүгіні мен ертеңіне деген сенімі берік бола түсіп, бір мақсатқа жұмылудың негізгі ұстанымы қалыптасады. Біз халықтар достығын дамудың алғышарты ретінде ұстанып келеміз. Бұл да – берік тұжырым. Енді осыны діни наным-сенімдер тұрғысынан бекіте түссек, халықтың патриоттық сезімі жалаң ұраннан гөрі жалынды рухқа айналар еді.

Келешектен күдер үзбеу сияқты өткендегінің бәрін бірдей өзекке тебуге де болмайды. Ислам дініне дейін де осынау байтақ далада имани ниет пен адамгершілік ізгі қарым-қатынастар болған. Ежелгі Ғұн патшалығынан бермен қарай еліміз көк Тәңіріне табынып өмір сүрді. Мұның дәстүрлі элементтері халқымыздың өмірінде әлі де бар.

Нанымымыздағы табиғатқа деген құрметті көзқарас, күн мен айды қасиет тұту біздің ата-баба дініміздің тарихи көрінісі ретінде әлі күнге халқымызбен бірге жасап келеді. Біз бұл наным-сенімдерді өз өмірімізден сызып тастай алмаймыз. Қисындық және өміршеңдік жағынан оның қазақ баласын жақсылыққа, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеудегі рөлі өзінің рухани күшін жойған жоқ. Рухани тазалығымызды сақтаудағы тәңірлік түсініктерді әлі де ізгі діннің амалдары ретінде тұтынудамыз.

Бұл жағынан келгенде, ислам дінінің негізгі қағидаттары мен ұстанымдары біздің бабаларымыз ұстанған наным-сенімдермен ұштасып жатады. Сонымен қатар ислам дініндегі қонақжайлық, меймандостық, кемтар мен кедейге көмек қолын созушылық, бауырмалдық секілді жақсы әдеттерді өзгелерге өнеге ретінде айтып жеткізу жағы да үндес келеді. Әрі олардың мұсылмандық қағидаттармен сәйкес келетіндігінің өзі керемет емес пе?! Менің білуімде, Мұхаммед Пайғамбарымыздың хадистерінің бірінде Құран

сүрелері мен аяттарында нақты амалы айтылмаған мәселені ұлттық дәстүрлерден іздеген жөн дегенге саятын ұғым да бар. Демек, аруақты құрметтеу, бейіт басына барып дұға бағыштаудың, Наурызды қуана қарсы алып, жаңа туған аймен амандасудың дін алдында ешқандай да айыбы жоқ. Бұлардың қай-қайсысы да Алла тағаланың өзі жаратқан игіліктеріне жасалатын дәстүрлі құрмет қана.

Данышпан Абайдың «Құдайшылық – жүректе. Қалпыңды таза сақта» деуі де содан.

Бұл мәселені де біздің дінбасылар мен осы саламен айналысып жүрген теолог мамандарымыз деңдеп ашып, дәйектеп, деректеп беруі қажет.

Көне тарихи ислам дінінің өркениеттік, гуманистік қалыптарын жан-жақты білмегендіктен, оны тек күш көрсету, зорлық жасау діні деп түсінушілік ерте заманнан бар екенін айтады. Бұл – білместік салдары. Бұған біз өре түрегеліп дау айтпай, қайта байыпты, тарихи, ғылыми тұрғыдан дәлел келтіріп, парасатты деңгейде түсінік беруіміз керек. Мұндай жаңсақтық қазіргідей терроризм мен экстремизм секілді жаңа ғасырдың жойқын індеттері өршіп тұрған кезде тіптен қауіпті.

Ислам діні ешқандай да құбыжық дін емес. Бұл пікірді кез келген мұсылман баласы қандай жерде, қандай жағдайда болмасын, айтып, түсіндіруі керек. Бұл – имандылық парызы.

Өз дініңді қорғап, оған дәлелсіз келтірген зиянды түсінікпен қайтару мақсатында игі әрекет жасасаң, бұл – үлкен сауап. Бір адам бір мұсылманды өлтірсе, ол жер бетіндегі барлық мұсылманды өлтіргенге тең деген қағидатты Құран айтады. Сол секілді ислам дінінің ізгі жағы мен игі қасиеттерін айтқан әрбір мұсылман барлық мұсылманға тиесілі сауапты алады. Біз осы пікірді үнемі назарымызда, жүрегімізде ұстауымыз керек. Бірақ бұл ислам діні басқа діндерден жоғары тұрады деген біржақты көзқарасты білдірмейді. Алайда, біздің дінімізге беріліп жатқан жосықсыз баға мен жөнсіз ойларды ауыздықтау үшін әрбір мұсылман бұларды білуі қажет.

Қазір исламдағы екінің бірі білмей айтып жүрген мәселе: жиһад туралы мәселе. Жиһад – ислам дінінде айтылатын ұғым екені рас. Бірақ мұның аясын тек қана

лаңкестікпен шектейтін болсақ, қатты қателесеміз. Оның қазақша ұғымы белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін күш-қайрат жұмсау, ынта-жігер таныту, мақсат үшін күресу деген мағынаны білдіреді. Бұл сөзді қазір қару алып соғысу, өзін құрбандыққа шалу мағынасында қолданып жүр. Құранда «жиһад» сөзі 35 жерде кездеседі. Соның төртеуінде ғана «соғыс» ұғымында қолданылған. Көп адам өзін мұсылман санағанмен, Құранның жалпы мән-мазмұнымен де толықтай таныс емес. Сондықтан шолақ түсінік шала ұғымды туғызады.

Діни ғұламалардың еңбектерінде ол сөз Алланы танудың жолындағы сапар, ұмтылыс ретінде беріледі. Осы мағына шындыққа жақын. Кеңінен тұжырымдағанда оның мағынасы адамның өзімен күресі, өз бойындағы жағымсыз әрекеттерді жою, надандықпен майданы, тұрмыстың жақсаруы жолындағы ерік-жігер, сананың сілкінуі секілді қасиеттер болса керек. Шариғатта ол сөз Жаратушының шапағатын сезіну деп те қолданылады. Иман заңдылықтарын зерттеушілер «жиһад» мәжбүрлік жағдайдан да болуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Міне, осы жағдай келе-келе қит етсе, қару алып соғысып, жазықсыз жандардың қанын төгіп, ауыр күнә арқалаудың сипатына айналды. Біз мұндай түсінікті қылмыс әрі күнә деп есептейміз. Демек, бұл тұрғыда надандыққа қарсы әрекет жасағанмыз абзал.

Кеңестік кезеңдегі қызыл террордың халықтарды қуғын-сүргінге ұшыратудағы зорлық-зомбылығын өз өміріндегі тұрмыстық тауқыметтермен бірге бөліскен қазақ халқының сол кездегі жан дүниесіндегі үнсіз қарсылығы болады. Қазақтардың босып келген халықтарды паналатуы мен адамгершілік қолын созуы сол нәубетке іштей қарсылық болған шығар? Қара күшке қарсы қарапайым ақыл-парасатты қолдану – ұлы күрес, имани майдан. Демек, біздің халқымыз – зайырлы жиһадтың үздік үлгісін көрсеткен жұрт. Бұл біздің бүгінгі ұрпақ үшін мәңгілік мақтан, өмірлік өнеге болса керек.

Исламдағы сол әдемі әдіпті қазір дін бұзарлар мен бас бұзарлар мүлдем теріс қолданып жүр. Жиһад – адамды өлтірудің амалы емес, дұшпандық жағдайларда да жол табудың қиянаттан тыс әрекеті болуы тиіс. «Жеке адамның жиһады» деген ұғымның өзі тым шартты. Бір ел немесе мемлекет ресми түрде екінші бір елге соғыс жариялағанда

болатын ерекше іс-әрекетті соған жатқызуға болатын шығар, ал жеке адамның озбырлығы болмаса адам өлтіру әрекеті шариғатқа сай келмейді. Әлемдік лаңкестік өрши түскен қазіргі жағдайда ұжымдық ұрысқа шықтық деп жүрген озбыр тобырдың тағылық әрекетін ешбір діннің заңдылықтарымен ақтап алуға болмайды.

Кейінгі кездерде сырттан енген сан түрлі ағымдардың ауанымен бас-көзге қарамай елді, жұрт мүддесіне қызмет етіп жүрген жеке азаматтарды айыптау, тіпті тұқырта есе қайтару сияқты келеңсіз әрекеттер бой көрсетіп қалып жүр. «Жаманды жасыр, жақсыны асыр» демей-ақ қояйық, бірақ көпке күл шашуға болмайды ғой. Жауырды жаба тоқудың да қажеті жоқ. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дегенді де естен шығармау керек. Яғни, айтылған сын-ескертпе салиқалы болып, оның қоғам дамуына септігі тигені жөн. Ал көлгірсіген сын-сымақ көлденең көк аттының аужайында адасып, солардың ұпайын түгендеп жатса, ол – барып тұрған қылмыс. Соны ойдан шығармау керек.

Содан кейін, демократия деген тек қана құқықтар емес, сонымен бірге айтарлықтай міндеттер жүктейтінін де ұмытуға болмайды. Ендеше, әркім ағат басқан араңдату әрекеті үшін жауап беруге тиіс. Игілікті іс қана ізгілікті мұратқа жеткізбек. Мемлекет маған көмек көрсетпеді деп кінәлаудан бұрын, «мен қоғамға қандай қолдау көрсеттім?» дегенді ой елегінен өткізіп алудың да артықтығы жоқ.

Осындайда әлемдік деңгейдегі әйгілі ақындардың бірі А.С.Пушкиннің: «Мен өз Отанымды, жеме-жемге келгенде, жерден алып, жерге салуым мүмкін. Бірақ оны бөгде ешкімнің тілдеуіне ешқашан да жол бере алмаймын!», дегені еріксіз еске оралады. Ал оралатын себебі, жат жұрттықтар кінә тағып, күндейтін емес, таңданып, мүлтіксіз мойындайтын ел болсақ екен деген арман ұлттың имани ізгі қасиеттерін көрсетудің үлгі-тұғыры болуы шарт.

Осыларды сонау Сирияда содырлардың сойылын соғып, тек өзі ғана емес, бүкіл отбасын құрбандыққа шалып жүрген, жер-жерлерде қолдарына қару алып, ел аман, жұрт тынышта мойындарына қан жүктеп жүрген, еңбек етпей-ақ жақсы тұрмыс кешкісі келіп, қылмысқа барып, адасып жүрген жансебіл жастар ұқса игі еді. Оларды тек телеарналар мен интернеттен, басқа да бұқаралық

ақпарат құралдарынан құйылып жатқан әсіре мәнсіз мәліметтер тәрбиелемесе екен. Тепсе темір үзетін жігіттің қолына қандыауыз қару алып, оқ жаудыруы, сөйгіп, қоғам тыныштығын бұзуы кімге қажет? Бейкүнә жандарды жер жастандырып, ананы жесір, баланы жетім атандырғанда олар не опа таппақ? Өзінің адамгершілікке, имандылыққа жат қылығымен, жантүршігерлік жауыздығымен ондаған отбасының шаңырағын ортасына түсіре ойрандап, қайғыдан қан жұтқызған пенденің күнәсін Құдай қалай кешіреді?!

Мұндай жағдайлардың алдын алудың қандай алғышарттары бар және жастар арасындағы жұмысты жетілдіре жүргізудің қандай тиімді тетіктері бар деген сұрақтар кім-кімді де толғандыратыны сөзсіз. Бұл тұрғыдағы іс-шаралар мен оның мемлекеттік идеологиясымен еліміз жан-жақты әрі тұрақты түрде айналысатын болады. Әйтсе де, кәметке толған әрбір азамат өзінің кез келген әрекетін ойланып істеуі, қоғамдық тәртіп нормаларына бұқпантайсыз бағынуы тиіс. Ешкімнің де обал мен сауапты, заңдылық пен адамгершілікті ұмытып, нақақ көздің жасынан өз жағдайын жақсартуға құқы жоқ!

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында бес рет әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің съездерін өткізді. Мұндағы мақсатымыз, ең алдымен, қазіргі өзгермелі әлемдегі түрленіп жатқан адам пиғылын ізгілендіру болатын. Ол үшін классикалық діни ағымдардың бірлігі мен ынтымағын қалыптастырып, адамзаттың ортақ құндылықтары негізінде бір арнаға жұмылдыруды мақсат тұттық. Бұл тұрғыда атқарылған жұмыстарды біз адамзат өмірін жақсы жағынан түзеуге бағытталған адами іс-әрекетке қосқан Қазақстан халқының үлесі деп бағалаймыз. Зор да сауапты іс атқардық деп мақтанбай-ақ қоялық, бірақ діндер арасындағы дипломатияның тілі ізгілік пен имандылық екенін түсіндіруге барынша әрекет жасадық.

Қазақстан – өзінің Ата Заңында ашық жазғанындай, зайырлы мемлекет. Дін мен мемлекет бір-бірінен тәуелсіз. Бірақ қандай дін болмасын, ол сол аймақтағы мемлекет дамуына өзінің теріс әсерін тигізетін болса, біз бұған жол бере алмаймыз. Біз үшін мемлекеттің тұрақтылығы, тыныштығы, береке-бірлігі – ең басты құндылық. Қай діннің де ізгі де игі қасиеттерін пайдалана отырып, халықтың бейбіт өмірі мен қалыпты тұрмыс-тіршілігі үшін ортақ мәміле жолында

жүйелі жұмыстар жүргіземіз. Бұл міндетті орындауға тек биліктің күшін ғана емес, ақылдың ісін, парасаттың пайымын пайдаланамыз.

Біз 2015 жылдың қарашасында Парижде болған, 2016 жылғы шілдеде Ниццедегі, сонымен қатар әлемнің әр шалғайында жиі қайталанып жатқан террорлық қантөгісті оқиғаларды дер кезінде батыл айыптай отырып, әлемдік лаңкестік пен терроршылдыққа қарсы күресте бітіспес қағидат ұстанатынымызды ресми түрде мәлімдейміз. Бұл жекелеген қаскөй жандардың жауыздық әрі надандық әрекеті деп түсінеміз. Сол кездің өзінде, ашық айтқанымыздай, бұл жерде исламның еш кінәсі жоқ. Исламда мұндай жосықсыз әрекеттерге бару ең ауыр күнә деп саналатынын әрқашан атап айтудамыз. Қазақстан бұл тұрғыдағы өзінің ұстанымын қашанда білдіріп келеді. Қазақстан – террорлық теріс әрекеттердің кез келгеніне уақтылы әрі тайсалмастан қарсы тұратын мемлекет.

Бала жастан әке-шешеден көрген тәрбиеміз бар, алған тәліміміз бар, біздегі түсінік ислам дінінің негізгі шарттары мен қағидаттарына толық сай келеді. Қай дін болсын, оның қай-қайсысында да адамға арналған игі қасиеттер анық жазылған. Бір діннің екінші діннен басымдығы жоқ. Бірақ дінаралық келіспеушілікті қоздыратын дінсіздер, өзінің жеке басының мақсат-мүддесін көздеген көрсоқыр жандар діннің атын жамылып, зорлық-зомбылық жасап, күпірлікке барады. Жалғандық секілді жағымсыз әрекеттерді ақтап алуға тырысады. Бұл әдет қазіргі лаңкестік дерті өршіген тұста тіптен ушыға түсті. Халықаралық терроризм термині сөздік қорға түпкілікті кірген кезде оған қарсы жеке мемлекеттің қауқарсыздығы да анық көрініп отыр.

Жалпы, қандай да бір бастаманың мәні мен мақсаты ізгілік пен игілікті көздесе, оны түсінбейтін адам, тыңдамайтын құлақ болмайды. Әлем тарихында дәстүрлі діндердің басшылары бір жерде отырып, бір жеңнен қол шығарып, діннің адамзат өркениетіндегі гуманистік қызметін қайтадан жаңғырту, дінаралық араздықты жою, дінаралық үнқатысуды бүкіл адамзатқа пайдалы пікірлестер алаңына айналдыру тұрғысында ұжымдық ұлағат таныту – бұрын болмаған тарихи оқиға.

Біздің халқымыз ежелден ізгілік пен адамгершілікті

бойына сіңірген, жақсылық пен бауырмалдық сезімін жоғары қойған. Ешкімнің ала жібін аттамаудың қағидатын бала жастан жадына сіңірген, ата-бабаның ұлы тәлім-тәрбиесін ұрпағына аманаттап, салт-дәстүрдің озық үлгісін ұстанған халық. Қазақтың бала тәрбиесіне байланысты айтылған сөздері мен ырым-ниеттерін қарап отырсақ, мұнда тек жақсылық пен ізгілікке тәрбиелеу ғана бар. Терең адамгершілік, байыпты имани қасиет, кімге де болсын, адами қамқорлықпен қарау халықтық қағидалардан бастау алып, ғасырлар бойы ұлтымыздың ұғымы болып жалғасып отырды.

Мүмкін, біз осынау алып аймақта, ата-бабаның бізге қалдырған ұлан-ғайыр жерінде өз тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, тыныштықта бақытты ғұмыр кешіп жатсақ, сол жақсылықтардың қайтарымы, Алланың бізге берген ризашылығы мен мархабаты шығар. «Жақсылық көрсем – өзімнен, жамандық көрсем – өзімнен» деп өскен халықтың баласымыз. Осы дәстүрді ұстана берсек, кең болсақ, кем болмаймыз.

Әлем күн сайын құбылып жатыр. Күш көрсету көбейіп, зорлық-зомбылықтың қара ниеті қатыгез сипат ала бастады. Діни экстремизм деген дерт шықты. Лаңкестіктің жазықсыз жандарды құрбан етуі кезекті бір қызықты оқиға ретінде қабылдана бастады. Ең алаңдатарлығы, әлем бұған елеңдеп, бұл неге бұлай болады деп қатал сауал қоймай, әр ел өзіміз ғана аман болайық деген тоңтеріс саясат ұстана бастады.

Терроризм – әлемдік дерт. Бұл зауалға қарсы адамзат баласы, барлық мемлекеттер мақсатты түрде күш біріктіріп, қарсы тұрмаса, жағдай жыл өткен сайын, тіпті ай өткен сайын ушығып, дүние өрт құшағына айнала береді. Қайғының бұлтын жамылып, қарақан басыңның қамымен бүркеніп ғұмыр кешетін бейтарап саясат енді орынды амал, орайлы іс-әрекет бола алмайды. Әлемдік тажалға бара-бар қарсылық, дін тілімен айтқанда, зұлымдыққа қарсы зайырлы жиһад қажет.

Қазір өркениеттер қақтығысында ислам фундаментализмі туралы алыпқашпа сөз көп. Адамзат исламнан үрейлене бастады. Бұрын «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деуші еді, енді Құдайдан қорқатындардан қорқу басталды. Бұл – кереғарлық.

Лаңкестерде ұлт, дін болмайды. Олар дін атын жамылады, бірақ жүректерінде имани қасиеттер жоқ. Бары – сөнген. Жүректегі ізгілік сөнген кезде өшпенділік бас көтереді. Өшпенділіктің өктем күші имани құндылықтарды қиратып, адам санасын теріс әрекеттер түйығына әкеліп тіреді. Тұйықтан шығудың жолы – имани тұрақтылық, діни салауаттылық.

2001 жылғы 11 қыркүйектен кейін жаңа дәуір басталды деген ұғым пайда болды. Шынымен солай ма? Бұған кең ауқымда қарау керек. Қазір діни әрекеттен де сорақы жағдайлар болып жатыр. Гендік инженерия, адамды клондау, бактериологиялық, химиялық жойқын қарулар секілді адамзаттың жер бетіндегі тірлігіне аса қауіп төндіретін имансыз жағдайлар ғылымның жетістігі деп бағаланып, осыдан шаш етекпен пайда тауып жатқандар көп. Құранда бұлардың бәрі күпірлік, күнә деп саналады. Алла құдіретіне шек келтірудің орынсыз көрінісі де осы болар. Адам адамға дос деген ұлы қағиданы ұстану – Аллаға мәңгілік мадақ айтудың айрықша көрінісі.

Американы абыржытып, дүниені шулатқан қыркүйектің қанды оқиғасы бұрынғы діни фундаментализм деген терминді ислам фундаментализмі деген ұғымға ауыстырды. Тарихқа жүгінсек, фундаментализм исламға ғана емес, католикке де, христиандыққа да қатысты. Орта ғасырлардағы Еуропа тарихын еске алсақ, небір сұмдық жағдайлар бой көрсетіп шыға келеді. Сол кездегі діни соғыстар адам санасында жүрді. Араб әлемін, Иранды нағыз ислам фундаментализмі деп қабылдау үрдісі кейде шындық шекарасынан асып кетіп жатты. Өйткені, жалғызкіндікті әлем бақылаудан шығып барады.

Әлемдік дәстүрлі діндердің, жалпы діни ағымдардың канондары ұқсас. Олар – өлтірме, өтірік айтпа, нәпсіңді тый, адамға жақсылық жаса. Көктен түскен төрт кітаптың да негізгі ұстанымдары осы. Олар заманына қарай бір-бірін толықтырып, дамып отырған. Бұл асыл жинақтардың негізгі шарттары, тұжырымдары, жалпы идеясы, діни уағыздары бірін-бірі толықтыра отырып, Ұлы Жаратушының ұлық пәрменімен соңғы кітаптың – қасиетті Құран Кәрімнің түсуіне жол ашты. Айқын нәрсе – дін адамзаттың имани қасиеттерінің шапағатты шындыққа бейімделген тұжырымдамасы.

Осы орайда және бір айта кететін мәселе де бар. Қазіргі жастар имани шапағатты қасиеттерді қалай түсініп, қандай деңгейде қабылдайды? Қазір елімізде мешіттер көбейді. Сонымен бірге, мешітке баратын, намазға жығылған жастарымыз да молайды. Ислам дінінің сан тарау сүрлеулері бар. Оның бәрін ақылмен таңдамай, жүрекпен талғамай қабылдай беру де бой көрсетіп жатыр. Алла да, иман да – жүректе. Ең алдымен, жастар жүрегін таза ұстауы қажет. Әрине, жас кезде еліктеу басым болады. Бірақ жат діни ағымға еліктеу, елігу қауіпті екенін ұмытпаған жөн.

Ата-баба дәстүрін әлдебір жат ағымға мансұқ етіп, діни теріс ағымның байыбына бойламай, өз ұстанған бағытын дұрыс деп қабылдайтындар пайда болды. Көпке топырақ шашып, көкіректерін теріс пиғыл-ниетке жүгіндірген жастардың рухани-имани көздерін ашу – бәріміздің, соның ішінде осы салаға тікелей жауапты жандардың абзал борышы. Адамның дұрыс жолға салу, күмәндіні ақиқаттың арнасына бағыттау тұрғысында біз атқарар жұмыстар қазір орасан зор. Бұл – әрі парыз, әрі міндет, әрі сауап.

Кейбір жастарымыз жиһадтың негізгі шарттарын білмегендіктен арам ойлы топтардың ықпалына еріп, отбасынан безіп, тіпті ата-анасынан бойларын аулақ салып, лаңкестік немесе содырлық әрекеттерге баратын жерлерден табылып, жаңылуда. Араб әлемінде болып жатқан қанды оқиғаларды дұрыс деп санап, сондай жанкешті әрекеттерді шариғатпен ақтап алуға тырысушылық діннің адамгершіл қағидаттарымен мүлдем қабыспайды.

Діни мейрамдарда, құрбан айт, ораза айт, Қадір түнінде мешітке келетін халықтың қарасы қазір өте көп. Бұл – жақсылық. Бұл – имандылық. Намазға жығылған жастарды қарап тұрсаңыз, олардың да ұстанған діни наным-сенімдері әркелкі екенін байқауға болады. Жастарға айтарымыз: өз дініңді қадір тұт, өгей дінге бас ұрма. Алла – адал ниетте, жүрегіңді таза ұста. Ізгілікті қайырымдылықпен ұштастыр, игілікті еліңе жаса. Топшыл болма, көпшіл бол, халқыңды қадірле, жұртыңның салт-дәстүрін құрметте. Дін – ғылым, жан дүние жарасымын табиғатпен үйлестір. Ғылымның гибратты жолын таңда, біліміңді жақсылыққа пайдалан. Заманның болмысын аңда, тойшыл болма, ойшыл бол.

Ұрпаққа деген алғаусыз мейірім мен ыстық

ықылас бізге күн сайын ғана емес, сағат сайын қажет. Ол үшін адамгершілік қасиеттерді әуелі өз бойымызға жинақтап, содан соң сол имани қасиеттерді періште пейіл перзенттеріміздің санасына сіңіруге тиіспіз. Сонда ғана жас жеткіншек қайсібір қарабайыр қателіктерден ада боп, қатыгездіктен алыс жүрер еді. Тек сондай ұрпақ қана обал мен сауапты санасында салмақтай алмақ.

Бұлардың барлығы да білгенге – маржан, білмеске – арзан. Арзанды қымбатқа айналдыратын – ақыл мен парасат. Жаратушы бізді ақыл мен парасаттан айырмасын. Сонда ғана досқа күлкі, дұшпанға таба болмаймыз.

VII. Насихат

Қиырдан келсе қандастар

*Біз – тығырықты тар заманда тарыдай
шашылып кеткен қандастарын Атамекенге жинаған
әлемдегі үш елдің біріміз.*

Нұрсұлтан Назарбаев



Қиырдан келсе қандастар

Біз – тығырықты тар заманда тарыдай шашылып кеткен қандастарын Атамекенге жинаған әлемдегі үш елдің біріміз.

Тәуелсіздік тізгіні қолға тиді. Бұл күнді Қазақстанда ғұмыр кешіп жатқан халқымыз ғана емес, қиырда жүрген, екі көзі боталап, туған елге алыстан жанының жанарын салған қандас бауырларымыз да аңсай күткен. Тірлікті тарының қауызына сыйғызып жіберген кеңестік идеология жоқ, қабағын түйген компартия құлаған, өз қолымыз өз аузымызға жеткен кезде ең алдымен ойлағанымыз – шет елдерде жүрген ағайынды елге оралтып қуанту, тарихи әділеттілікті қалпына келтіру болатын.

Аналарымыз алысқа кеткен туған-туыстарын іс тігіп отырғанда, жұмыс жасап жатқанда сыңсып салған әнімен еске алып, көз жастарын бір сығып алушы еді. Балаң кезімде оның себебін сұрағанымда: «балам, ержетерсің, сонда білерсің мұның мәнісін» деп сөз аяғын жұмбақтап жіберетін. Бірақ бала кезгі адам жады мықты болады ғой. Кейін, есейе келе мұның мәнін де, көз жасына булыққан әнін де біліп, көкейге түйіп өстік. Тәуелсіздік таңы атқанда ойда жүрген осынау аса маңызды іс-әрекетті жүзеге асырудың жолын тапқандай болдық.

Осылайша, 1992 жылдың 27 тамызы күні шет елдерде тұрып жатқан қандас бауырларымызды Отанға оралту мақсатындағы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің арнайы қаулысын шығардық. Қарқынды, қызу жұмыстар басталды. Уақыт тым қауырт еді. Шұғыл кірісіп, тез шешім қабылдадық. Осынау тарихи басқосуды ел өміріндегі маңызды іс-шара ретінде атап өту туралы мәселе нақты қойылды. Сол істің басы-қасында болып, оның жүру барысын күнбе-күн қадағалап отырдық. Тапсырылған жұмысқа кіріскен азаматтар да табандылық пен ыждағаттылықтың үлгісін көрсетті. Қайраткерліктің қуатын байқатты. Тынымсыз тірлік зая кеткен жоқ. Ойдағыны атқарып, ортамызды толтырдық.

Біздің тарихымыз үш мың жылдық кезеңнің арғы жағын да қамтиды. Оны қазақ жерінен, оның төрт құбыласынан табылып жатқан тарихи-мәдени ескерткіштер, кешенді кесенелер, көне қорғандар, алтынмен апталған адамдар, тіпті, алтынмен көмкерілген жылқылар даусыз дәлелдеп

жатыр. Жалпы, тарихымызда біз бес бұрышты жұлдыз бен крест таңбасын да өзге елдің мұрасы, жаттың дүниесі деп қабылдап келдік. Даламыздың әр жерінен табылып жатқан көне жәдігерлер мұның алды сегіз мың, берісі бес мың жыл бұрын осы далада болғандығын, болып қана қоймай, оны бағзы бабаларымыз алтынмен аптаудың, күміспен күштеудің, темірден түйін түйдің кәнігі шеберлері, ұлы ұсталары болғанын дәлелдеуде.

Азия тарихының атақты білгірі, ғалым Н.А.Аристовтың халық санағы туралы сипаттамалық-статистикалық еңбегінде 1897 жылы қазақтардың саны өз аумағында 4 миллион болғаны анық жазылған. Жай ғана арифметикалық есепке жүгінсек, бұл сан демографиялық даму үрдісі бойынша қазір кем дегенде 30 миллионның шамасында болар еді. Өкінішке қарай, зұлым саясат бізді бұған жеткізбеді.

Сол кездің өзінде ғалымның есебі бойынша шет елдерде 100 мың қазақ өмір сүріп жатыпты. Қазақ халқының даму үрдісінен, оның рухани өркендеу процесінен, халық санының жедел өсуінен секем алған сұрқия көсемдер жиырмасыншы ғасырдың ішінде небір зымиян айла-шарғыларды ойлап тауып, жұртымыздың көз жасын көл етті, қырғынға ұшыратты. Бұл – ұмытылмас тарих. Ұмытуға хақымыз жоқ тарих. Біздің тарихымыздың ең маңызды беттері де осында жатыр.

1991 жылғы 31 желтоқсанда Қазақ радиосынан шет ел қазақтарына арнап сөз сөйледім. Ол сөз жан жүрегімнен қайнап шыққан еді. Сол сөз әлемнің әр елінде ғұмыр кешіп жатқан бауырларымызды дүр сілкіндірді. Қазақстанға келемін деп ат басын бұрып, ұлы көштің теңін буып, тізгінін қаққан бауырлар сол кезден бастап Отанға оралудың қам-қарекетіне кірісті. 1992 жылғы Дүние жүзі қазақтарының алғашқы құрылтайын өткізуге дайындықтың рухани жоспарын осылайша тәуелсіздік жариялағаннан кейін он бес күн ішінде бастап кеткенбіз. Бұл күн желтоқсанның жазға айналғандай жайсаң күні еді. Елдегі бауырларымыздың да елеңдеп күткен күні болатын. Алапат күндерде ажырап кеткен ағайын құшағы қайта қауышуға ұмтылып келе жатты.

Биыл ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толады. Халқымыз өзінің сан ғасырлық тарихында талай күрес пен шайқасты, нәубет пен зұлматты көрудей-ақ көрді, күресудей-

ақ күресті. «Қаратаудың басынан құлаған» қаралы көштің өзі қаралы заман болып, тарихымызға кірді. Сол арқылы ұлттық танымымыздың өшпейтін беті болып, жүрекке сіңді. Одан кейінгі, кешегі кеңестік зорлық пен зобалаң кезінде «қазақтар шілдің қиындай шашырап», атамекеннен ауып, балапан басына, тұрымтай тұсына бас сауғалап кетті. Қолдан келер дәрмен жоқ, қынадай қырып бара жатқан қызыл империяның қанды тырнағынан ұрпағын аман алып қалудың бір қаракеті осы болатын. Түн жамылып, тау асты, тосқауылға ұшырап, тоз-тозы шықты. Әйтеуір өлдім-талдым дегенде жатқа қоныс аударып, жан сауғалады.

Әлемнің әр қиырында өмір сүріп жатқан бауырларымызды атажұртқа оралту бағытында көптен ойымда жүрген арманымды орындаған сәтімді менің өз өмірімдегі ең бақытты кезеңім деп есептеймін. Бұл бір жүрекжарды қуаныш, сезімге толы салтанат, азаматтық парыздың салмағын сезінудің шынайы көрінісі болды. Осындай ерекше сәттер оңаша қалған кезде кейде өлең болып оралып, қолыңа қалам алғызады.

Тыңдай білу заманыңның тынысын,

Төрге оздыру қазағымды –

Ұлы сын.

Мойындатсаң мұратыңды жаһанға,

Сонда ғана...

Пеңде емес,

Ұлысың!

Сонда ғана

Ұлықтайды ұлысың!

Елімізде дүние жүзі қазақтарының бес құрылтайы өтті. Олардың кейінгілері жаңа елорда төрінде – Астанада өтті. Осы кезеңнің өзі жаңа елордаға қоныс аудару тұсындағы тарихи оқиғаларға куә болу, көзайым болу тұрғысында ел тарихындағы елеулі күндер, ерекше сәттер болды. Дүние жүзі қазақтарының басын қосу науқандық іс-шара емес, мемлекеттік саясаттың мерейлі де мәртебелі көрінісі болып, халықаралық қауымдастықтан, әлемдік өркениеттен өз

бағаларын алды. Әлемде өз қандастарын атажұртқа жинап, мемлекеттік тұрғыдан арнайы бағдарламалар қабылдаған, келгендердің жаңа ортада жатсынбай, бірден сіңіп, жайлы ғұмыр кешіп кетуіне барлық жағдайларын жасап жатқан дүние жүзіндегі үш елдің бірі – Қазақстан.

Бұл тұрғыдан келгенде, Германия мен Израиль мемлекеттерінің өзі бізге қызыға қарайды десек, артық айтқандық емес.

Әрине, жаңадан жерсіну, бейтаныс ортаға бірден бейімделу оңай болмас. Кейде қиырдан келген қандастарымызды жайлы орналастыруда жекелеген жауапты адамдардың тарапынан болып жататын бойкүйездік пен тоғышарлық, жаны ашымастық пен жағдайды бағалай алмаушылық кездесіп қалатынын жасыруға болмайды. Мұндағы түйткілдер – мемлекеттің қатесі емес, кейбір шенеуніктердің төрешілдігіне байланысты жағдайлар. Біз бұлардың бәріне сын көзімен қарап, түзетіп, көңілге түскен қаяуды жоюға күш салатын боламыз.

Ағайынға арнап көп нәрсені айтқым-ақ келеді. Алайда, іштегінің бәрі сыртқа шыға бермейді ғой. Ел тірлігі, көпұлтты Қазақстанның бірлігі мен тыныштығы жатсам-тұрсам көкейімнен кетпейтін маған жалғасып жатқан қазақ көшінің тағдыры тіпті де оңай сезіліп тұрмағанын айтқым келеді. Жырақтағы жұртың туған жерге жаутаңдап қарап отырса, кісінің жаны қалай жай табады?!

Көші-қон мәселесі шынында да біздің ел үшін ең басты проблемалардың біріне айналғаны шындық. Жер-жердегі жеке дара жағдайларды ескерсек, әр елдердегі диаспораға қамқорлық жасау – өркениет ісі екені айдан анық. Демек, біздің де көші-қон шараларын мемлекеттік деңгейге көтеруіміз әбден заңды. Сондықтан да қандастарымыздың туған жерге төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен қарлығаштай ұшып келгендеріне – кіршіксіз көңілдері үшін, ал әртүрлі жағдайларға байланысты жете алмай жүргендеріне – қай қиырда жүрсе де, Атамекенге деген сағыныш пен сүйіспеншілікке толы перзенттік пәк пейілдерін сарқымай сақтағандары үшін ризашылық білдіреміз. Жер бетіндегі барша шаңырақтарымыздың бәрінің де бақыты асып, ырыздығы тасысын дейміз!

Біз – талай-талай оқиғалардың куәсі болған ұлан-ғайыр дала мен мұзарт шыңды асқар таулар түлегіміз.

Бұл – біздің сан буын бабаларымыздың кір жуып, кіндік кескен жері. Атадан қалған байтақ мұрамыз, баға жетпес байлығымыз, алтын босағамыз. Қазақ – тамырын жеті қабат жер астына жіберген бәйтеректей, өзегін тарихтың тереңіне тартып, осынау қасіретті де қасиетті дархан даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан жаужүрек те жасампаз халық.

Бүгінгі қазақ халқы – сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндіріп, текті төл тарихын тасқа жазған көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы. Олар – үлкен үйдің қара шаңырағын Атажұртта сақтап қалған өркенді өрендер.

Бүгінгі бостандық – тұғырлы тәуелсіздік те өзінен өзі келіп, бекерден-бекер басымызға қона қалған жоқ. Аңсарлы арман – азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны төгіліп, жаны қиылды, жазықсыз зардап көріп, жапа шекті. Қыруар құрбандыққа душар болдық. Бұл да – ешқашан ұмытылмауға тиісті, мәңгілік тағзым етер тарихымыз бен тағдыр-тәлейіміз. Демек, біз де ата-бабаларымыздың аруағы алдында, мәрт мінезі мен өр болмысының үлгі-өнегесімен бүгінгі ұрпақтың ұлт болып ұйысуы, жұрт болып жұмылуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіспіз.

Атажұртқа оралудың да күрмеулі мәселесі көп. Оның заңдық-құқықтық, әлеуметтік-қоғамдық түйткілдері бар. Олардың бәрін заман талабына сай толық реттеп отыру үшін уақыт керек, жан-жақты жұмыс қажет. Сондай кезде өкпелеуге бейім тұратын, күтудің соңын күдер үзудің алды деп қабылдайтын азаматтар да табылып қалып жатады. Біз әрбір бауырымызды Атамекенін аңсап келген ағайын деп қана қарамай, бір туған бауыр, елге қосылған елеулі қазына деп қабылдаймыз. Осы халықтық іске қызмет етіп жүрген жауапты жандардың бәрі де биік межеден көрінсе, олардың азаматтықтарына берілген баға да оң болады.

Ұлы әл-Фарабидің: «Адам мақсатына өзін өзі жетілдіру арқылы жетеді», деген сөзі бар. Қоғам да сондай, өзін өзі дамытып, жетілдіріп отыратын мемлекет қана өз мақсатына қиналмай жетеді, батыл алға басады.

Біз елге ел, басқа бас қосып, Қазақстан халқының саны мен сапасын арттыру арқылы ұлттық-демографиялық саясаттың ең маңызды бағдарламасын жүзеге асырып келеміз. Халық санын өсірудің тарихи жолын қалыптастыру

тұрғысында біз жасаған қадамның жемісі де, жеңісі де көріне бастады. Бұл – жалғаса берер жарқын жол. Осынау жылдарда елімізге 1 миллионға жуық бауырымыз оралды. Қазақ елінің шаңырағы биіктеп, керегесі кеңейе түсті. Көш әлі де тоқтаған жоқ. Тоқтамайды да.

Шет елдердегі қандастарымыз туралы айтар болсақ, қазіргі кезде өзге елде өмір сүріп жатқан қазақтардың жалпы саны ұлтымыздың үштен бірін, яғни 5 миллионнан астам адамды құрайды. Олар әлемнің 40-тан астам елінде өмір сүріп жатыр. Тәуелсіз мемлекеттің тізгінін қолымызға ұстаған алғашқы күннен бастап халқымыздың ежелгі асыл мұраларын, қадір-қасиетін қайта жаңғыртып, ұлт ретінде түлетіп, жаңа деңгейге көтеруге бар күшті салумен қатар, шет елдердегі бауырларымыздың өнерін, әдеби мұрасын, халықтық қол өнерін, ата кәсібін дамытуда арнайы жұмыстар жүргізіп келеміз. Бұл – адами капиталды Отанға оралтудың оң қадамдарының бірі. Бұл қадам жаңылмайды, шекара жабылмайды. Ұлы көш жалғаса береді. Өйткені, әлемдегі бар қазақ – бір қазақ.

Біздің дәуірімізге дейінгі қадым заманда ғұмыр кешіп, өзінің даналық дара қасиетімен көне гректің құрметіне бөленген сақ ғұламасы, біздің бағзы бабамыз Анахарсис (б.д.д. 620-555 жылдар) кейінгі жұртына: «Менің сенгенім – садақ пен жебе», деген тұжырымды сөз қалдырған. Осы бір ауыз сөзден оның тарихи тегі мен генетикалық болмысы байқалады. Бұл өз алдына бір әңгіме. Сонымен қатар, бұл сөздің мәні – елдікті сақтаудың жолы ерлік, бойыңдағы бес қару дегенге де келіп саяды. Батырлықтың баяны сезіледі. Бұл сөз біздің де жанымызды жігерге бөлеп, қанымызды қыздырады.

Бірақ «біз семсерден соқа соққан» саясатты ұстана отырып, бейбітшіліктің мызғымас тұғыры – ынтымақ пен бірлікті ту етіп, тағы да Күлтегіннің көк тасынан көкейдегі ойды тап басқан сөзді дауыстай оқимыз: «Жауыңды жену бір басқа, жауықпас ету бір басқа».

Қиырдан келген қандастар туралы қысқа қайырып, тұжырым жасағанда тілге тиек болған сөздерді Қазақстан халқы ой-санасында ұстап, ортақ пікір ретінде тұтынса, керегеміз кеңіп, кемеліміз тола береді.

VIII. Насихат

Өнердің өрісі кең

Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.

Нұрсұлтан Назарбаев



Өнердің өрісі кең

Егер біз мемлекет болып тұрғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халықтың руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн.

Талантсыз халық болмайды. Демек, талант бар жерде талғам бар. Ал талғамның да тарихы бар. Қай халықтың тарихын алып қарасақ та, оның ғұмырбаяндық жолында өнердің даму, өркендеу белестері көрініп жатады. Туған халқымыздың қадір-қасиетін ерекше бағалағандық па, әлде оның өнер қазынасын жақсы білгендіктен бе, біздің халқымыз дүние жүзіндегі бар халықтың ішіндегі ең таланттысы, ең өнерлісі сияқты болып көрінеді. Жас кезімнен өзім де өнерге жақын болдым. Мектепте жүргенде ән-күйге, әдебиетке өзгелерден гөрі етене бейім болдым деп айтуыма болады. Бұл әдет маған өмір бойы әрі серік, әрі көмекші болды.

Қазақта «жігітке жеті өнер де аз» деген әдемі сөз бар. Рас сөз. Кез келген өнерді меңгерген адам өзгелерден ерекшелеу болып тұрады. Ал көп өнерді меңгерген адам қоғамның құрметінде, халықтың алақанында болады.

Өнерлінің еңсесі биік, бәсі бағалы екенін бала кезден сезініп өстік. Біздің ауыл өнер иелерін аса құрметтейтін. Анам Әлжанның сөз сайыстарда жарқылдап, әзілмен жеңіп, айналасын қалжың мен шуақты күлкіге бөлеп отыратыны әлі күнге жырдай айтылады. Ана сүтімен берілетін осынау игі қасиет адам болмысына ажырағысыз дариды.

Ал мемлекеттің рухани-мәдени дамуы оның болашағына жарқын жол ашады. Мемлекет те – өнердің қолдаушысы. Өйткені, өнердің өрісі кең, өнерлі халықтың өркені ұзақ. Халықтың бай мәдениеті мен әдебиетін, өнері мен ғылымын дамыту, салт-дәстүрін құрметтеу, оны жаңа заман талабына сай өркендетіп отыру – мемлекеттік саясаттың ең маңыздысы. Ендеше, өнер – халықтың сарқылмайтын рухани қазынасы.

Тәуелсіздік алған жылдары халықтың тұрмыс-тірлігінде көптеген қиыншылықтар болды. Көп нәрсе жетпей жатты. Бірақ соған қарамастан, мемлекетіміз азаттықтың алғашқы жылдарынан бастап ел мәдениетіне қолдау көрсетудің сындарлы бағдарламасын жасап, руханияттың шеттеп

қалмауына барынша жол ашудың бағытын ұстанды. «Ораза, намаз – тоқтықта» деген сөз бар. Бірақ бұл сөзді уақытша қиындықтан қашудың амалы деп қабылдауға болмайды. Егер өз мақсатыңды жан-жақты түсінсең, қайта қиын кезде қайраттан, тар кезде тәуекел ет. Сонда жан дүниен жарасымын табады.

1993 жылы Қазақстанның мәдениетіне – әдебиеті мен өнеріне елеулі еңбек сіңірген, Отан руханиятының дамуына кезінде ерен қолтаңба қалдырған, есімдері ел құрметінің баламасындай айтылатын қайраткерлерді қолдау мақсатында жүз адамға Президенттік стипендия тағайындадық. Қаражат жағынан бұл сол кезде жоқтан бар жасаудың көрінісі болатын. Заман қандай қыспаққа алса да, біз осы тізімді жыл сайын, жиырма үш жылдан бері тұрақты түрде жалғастырып келеміз. Қазір де сол кездегі секілді жүз адамға стипендия беріліп жүр. Соның ішінде елге ерекше еңбек сіңірген, руханият тарихында өзіндік қолтаңбасы бар елу қайраткерге Елбасы стипендиясы, ал қазіргі таңда өнер мен әдебиет саласында белсенді еңбек етіп жүрген елу әдебиет пен өнер өкілдеріне Мемлекеттік стипендия берілуде.

Мұның сыртында жыл сайын жас таланттарға берілетін «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығы, ғылымның жас толқынына берілетін арнаулы сыйлықтар, шығармашылық жастарға жыл сайын беріліп келе жатқан атаулы сыйлықтар және бар. Бұларға қосымша жыл сайын елеулі еңбек сіңіріп жүрген осы саланың жас озаттарына «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы беріледі. Екі жылда бір рет әдебиет пен өнер саласындағы үздік шығармаларға Мемлекеттік сыйлық тағайындалады. Бұл – озық өнерді құрметтеу мен бағалаудың нақты көрінісі.

Осы кезеңде әдебиетте рухани жаңғыру, ұлттық түлеу, халықтық қасиеттер қапысыз бой көрсетті. Әрине, бұл өрлеуден өнердің басқа салалары да қағыс қалған жоқ. Бірақ әдебиет алда жүрді, алдыңғы шептің айбаты да, қайраты да бола білді.

Бізде сахна саңлақтары, әлемдік деңгейге көтерілген опера және балет өнерінің хас шеберлері, күрделі әрі тарихи жанрлар мен мазмұндық жағынан адамгершіл идеяны ұстанған көркем фильмдер бар. Әлемдік көрмелерде өз

табынушыларын тапқан бейнелеу және кескіндеме өнерінің өкілдері, тасқа жан бітіріп, темірден түйін түйген саңлақ сәулетшілердің шынайы шығармалары көбеюде. Ұлы Даланы ғасырлар бойы ғажайып сиқырымен, алуан-алуан мектебімен баурап келе жатқан құдіретті ән өнері, ғаламат құбылыс ретінде арғы-бергі жиһангез өнер зерттеушілерін таңғалдырған халық әндері мен күйлері, мың бұралған билері, міне, осынау баға жетпес ұлы байлық бабадан балаға асыл қазына, алтын көмбе болып жалғасып, өркендеп келе жатыр.

Қазақстан – театр өнеріне зор көңіл бөліп отырған мемлекет. Бұл күнде елімізде елуден астам республикалық театр тұрақты жұмыс істеуде. Жыл сайын мәдениет саласына мемлекеттік бюджеттен миллиардтаған теңге қаржы бөлініп келеді. Барды ұқсату жолындағы ортақ жұмыста бірігіп, жанашырлықпен қимылдасақ – ел мәдениеті ұтады, халқымыздың рухани жаңғыру процесі жаңа биікке көтеріледі.

Біздің тарихымыз поэтикалық шығармаларда неғұрлым көп сомдалды. Аса бай ауыз әдебиетінен, эпостан бастау алып, поэтикалық жанрдың өресіне шыққан қазақ поэзиясы ұлттық болмысты бейнелеудің, халықтық арман-мақсатты көркемдік-идеялық тұрғыдан биік дәрежеде кескіндеудің озық үлгісін көрсетті. Цензураның қатал сүзгісі, коммунистік идеологияның «қырағылығы» кезінде де ретін тауып, жұрт көкейіндегі ойды тап басып танып, астарлап айтқан күйі таратып жеткізудің небір үлгілері де осы кезеңде туды.

Қоғамның демократиялық үрдістерін әуелгі кезде дабыра дау-дамайға, кейіннен сыпыра саяси саудагерлікке салып, одан соң «бара жатқанның балтасына, келе жатқанның кетпеніне» жабысумен сындарлы пікірталастың сынын кетіріп, шырайын бұзған кезі де болды. Бұған да ренжудің жөні жоқ.

Өйткені, біз әлі ашық қоғам қатынастарына дайын емес едік, жабық қоғамның пердесі сыпырылып түскен тұста текетірестің желінен бойымызды аулақ сала алмай сансырағанымыз да рас. Намысты шектен тыс қамшылаған да кез болды. Бірақ, қалай болғанда да, қоғам жаңа жолдың айырығында игілік пен ізгіліктің сүрлеуін дәл айқындай

алды. Бұған дер кезінде бағыт-бағдар сілтеген, халықтық арман-мақсаттың адал нысанасын көрсете алған зиялы қауымның азаматтық ұстанымын ризашылықпен айта жүреміз. Әдебиет пен өнердің абзал миссияларының бірі де осы ғой.

Шындығына келгенде, адамның рухани әлемінің кедейленуі қоғамның рухани болмысының жұтаңдануына алып келеді. Бұл әлеуметтік категорияның артында қоғамның рухани қозғаушы күші болып табылатын болашақ зиялы қауымның күн тәртібінен түспейтін мәселесі тұр. Жаңа тұрпатты мемлекеттік құрылым жасау процесінде бұған ерекше мән беріп, үнемі мемлекеттік назарда ұстап отыруымыз оң нәтижесін берді.

Кеңестік қиранды құрылымнан мұра болып тек қана кетеуі кеткен экономика, кенеуі кепкен тұрмыстық проблемалар ғана қалған жоқ. Сағы сынған сана, жүнжіген рух қалды. Бір кезде мәдениет мәйегі атанған үлкенді-кішілі құрылымдар мен ұжымдар рухани күйзелісті бастан кешіп, сананы тұрмыс билеген кезеңде, мәдениет ошақтары мен өнер ордаларының біразы жабылып та қалды. Қысқа жіп күрмеуге келмей жатса да, ұлттық өнерге, халықтық руханиятқа қол создық.

Мемлекеттің дамуы – рухани әлемінің дамуымен тікелей сабақтас. Адамның эстетикалық және этикалық талғамы қатар өскен жағдайда, елдің де зерде-зейіні толығып, қоғамның моральдық келбеті кемелдене түседі. Қоғамның таза көңілі осы кезде өзінің бойындағы талғамның талапқа толықтай жауап беруіне жол ашып, ұлттың өзін өзі тану жағдайы жаңа белестерге көтеріледі. Зиялы қауымның уақыт алдындағы жауапкершілігі артып, мәдениет қайраткерлерінің ар тазалығы мен жан тазалығы алдыңғы орынға шығады. Өнер сонда қанатын кеңге жаяды. Мәдениет саласындағы жалпақшешейлік пен сыбайлас жемқорлық сияқты жаман әдеттер сонда жойылады. Атақты ақын Фариза Оңғарсынқызының: «талантты болу қауіпті, талантсыздардың ішінде» деп жазғаны әркімге осы тұрғыда ой салуы керек.

Халқымыздың қасиетті де қасіретті тарихында ерлік пен елдіктің үлгісін көрсеткен бабаларымыз бен батырлардың бір шоғырының мерейтойлары мен астары сияқты айтулы

іс-шаралар еліміздің өнегелі дәстүрін қайта жаңғыртудың ерекше тағылымы болып тарихта қалды. Осылардың бәрінің ұлтқа берер тағылымы орасан зор, барлығы да игі істер. Халықтық осынау тәлімді тірліктің бастаушысының да, қостаушысының да болуы – бірліктің нәтижесі.

Ұлттың өз рухани әлемін жаңа, заманауи сатыға көтерудегі ерекше үлесі мен өзіне етене тән машығы бар, сондықтан да сыбайлас жемқорлықтың өзі, түптеп келгенде, адамның рухани әлемінің жұтаңдануына, адами қасиеттерінің тозуына алып келетіні даусыз. Мәдени-рухани әлем сыбайлас жемқорлықтан тыс, негізгі шеңберден оқшау тұрған жайт болып көрінуі де мүмкін. Бірақ бұл – асығыс пікір.

Біз әдетте, жалпыадамзаттық құндылық деген сөзді жиі қолданамыз. Осыған орайлас жалпыадамзаттық өркениет деген тіркес те тілге оралып жүр. Бірақ осы сөзге терең мән беріп қарасақ, бұлай болуы мүмкін бе? Адамзат дамуы мұндай қосындыны қабылдай алмайтын сыңайлы. Әрине, оның бір-біріне етене қабысып жатқандай көрінетін көршілес сипаттары болуы ғажап емес.

Халық та өзге халықтардан үйренеді. Оған дау жоқ. Бірақ қазіргі заманда өзара тіндесіп, тарихи сүрлеуінен айырылып бара жатқан өгей тынысты өнердің өзегінде ұлттық рух жатпаса, ол бәрібір ұлтымыздың ұлы қазынасына толық қосыла алмайды. Халқымыздың: «Өнерді үйрен де, жирен» деуінде, сірә, үлкен мағына бар. Үлгіліні үйрену қажет, бірақ жаманды жанымызға жапсырудан сақ болғанға не жетсін?!

Өнер – ұлттың рухани келбеті. Мемлекеттің мәртебесі мен мерейінің шынайы көрінісі. Өнерлі халықтың өркені де баянды. «Ел іші – өнер кеніші» деген сөз бертінде пайда болғанмен, оның арғы болмысы тарихи бастаулардан тіл тартып, халқымыздың қазынасын, мәуелі мәдениетіміздің қайнарын қапысыз танытады. Әуесқойлық пен кәсіби өнердің аражігін байқап қарасақ, ол халқымыздың сан ғасырлық сүзгісінен өткен байлығын біріктіріп, оны жаңа заманға сай жаңғыртудың тың нәтижесін аңғартады.

Өнерде жүрген жас өрен, өр бол, бірақ кең бол. Ең бастысы, кіршіксіз таза бол. Өнерге өзімшілдік те, күндестік те қауіпті. Жаның жайдары, жарасымың ибалы болсын.

Өнердегі бәсекелестік іштарлық пен қызғаншақтыққа бой алдырмасын. Мұндай дерттің де өнер саласында кездесіп қалатыны шындық. Озсаң – өнеріңмен оз, таланттыңмен таныл, дарыныңмен даралан. Құр еліктеу мен сергелдең солықтаудан сақ бол. Бір данышпанның «Біреудің ізімен жүрген ешқашан оның алдына шыға алмайды» деген де сөзін оқығаным бар. Яғни, өзгенікіне өзеуреке, өз жолыңды тап та, одан адаспа. Өз халқыңның өнерін кие тұт, өз еліңнің мәдениетін мақтан ет. «Өнерпаз болсаң – өр бол» деген ұлы қаламгеріміз Мұхтар Әуезов. Өрлік те – ерліктің бір түрі. Бірақ бұл ақылға жүгінген, талантқа бой ұсынған өрлік болуы шарт.

Өзгеден өнеріңмен озасың. Біздің халқымыз – талайдан озған, тарихтан тұлғалы сыбағасын алған жұрт.

Ұлы Даласын ән мен күйге бөлеген, рухын ән мен күймен көтерген, аруағының өзін айбынды әнұранмен шақырған елдің ұрпағымыз. Ендеше, өр бол деген сөзді жүрекке түйсек, өрісіміз кеңейіп, өнегіміз молая түспек. Өнердің киесі де, иесі де – туған халқың. Ұлттық мәдениеттің ұлы мектебінен өмір бойы дәріс ал, жақсысын жаныңа тұт. Іздеуден жалықпа.

Ұлттық мәдениетімізге қамқор болу, оның болмыс-бітімін сақтау – халықтығымызға сын.

Оған қызмет ету – мемлекеттігімізге сын.

Ұлықтау – елдігімізге сын.

Өмір тарихын өнерімен де жазған еліміздің ертеңіне өнегелі өнер қызмет ететін болады.



IX. Насихат

Жаңғырып келер жас толқын

Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егемен елге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да саламатты азаматтар қажет.

Нұрсұлтан Назарбаев

Жаңғырып келер жас толқын

Елімізге бойына ата-бабамыздың ел мен жерге деген сүйіспеншілік қасиеті дарыған, егемен елге аянбай қызмет ететін, ой-өрісі кең, алғыр да жүректі, сауатты да саламатты азаматтар қажет.

«Жастар – біздің болашағымыз» дегенді жиі айтып жүреміз. Алайда, айту бар да, оның мағынасына терең бойлау тағы бар. Бір қарағанда, бәрі де түсінікті. Әйтсе де, солай болуы үшін жұмыс жасаудың мәні тіптен бөлек.

Осы орайда, мына тәмсіл еске түсіп тұр. Ауылдағы көпті көрген көнекөз, көкірегі шежіре абыз ақсақалға бір кісі келіп, «Менің жұртымды сынап беріңіз, болашағы қандай екен?» деп қолқа салыпты. Сонда абыз: «Анау күнді көріп тұрсың ба, қандай міні бар, түнде айды көресің, қандай түрі бар?» депті. Келген адам да қара жаяу болмаса керек, «Ата, алысты болжау қиын ғой, жақында көріңіз, жаныңызға үңіліңіз» десе керек. Сонда қария: «Олай болса, жұртыңнан жақын не бар, жастарыңды әкеліп көрсет, сонда айтайын» депті. Ертіп келген жастарын көріп: «Боламын деп тұр екен, болар, озамын деп тұр екен, озар, бетінен қақпасаң, еліңнің ертеңі баянды болғалы тұр», деп батасын беріпті. Бұл тәмсіл әлем халықтарының біразында болса керек, бірақ осы сөз біздің қазақ жерінде туғандай болады да тұрады.

Тәуелсіздік алған тұста, әсіресе, 1993-1994 жылдары елдегі қаражат тапшылығына байланысты аса күрделі кезеңді бастан кешуге тура келді. Нарық қатынасының қиындығы оның заңдылықтарына әлі бейімделе қоймаған халыққа ауыр тиді. Ол кезде көптеген ата-аналар үшін баласын шет елде оқыту іске аспайтын арман болып көрінетін. Қаржы тапшылығы жомарт елдің де қолын байлады. Дегенмен, тәуелсіз мемлекетімізге озық ойлы, білікті мамандар қажет екенін ескере келе, сол тұста біз тәуекел деп, жастарымызды алыс шет елдерге оқытуға бел байладық. Ол үшін арнайы халықаралық бағдарлама қабылдау қажет болды. «Бітер істің басына жақсы келер қасына» деген әдемі сөз бар ғой. Жанымдағы серіктерім айтқанымды ұғынып, тапсырмам бойынша жаңа, тарихи бағдарламаның ережесі мен қағидаттарын түзіп шықты.

Осылайша, 1993 жылдың күзінде, нақтырақ айтқанда, 5 қараша күні арнайы Жарлыққа қол қойып, «Болашақ» бағдарламасының тұсауын кестік. Сөйтіп, жастарымызды шет елдердің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында оқыту мәселесін түбегейлі шешетін халықаралық іс-шара өмірге келді.

Бұл мемлекеттік жастар саясатының атап айтарлықтай нақты көрсеткіші болды. Жастар өсті, кадрлар жетілді, маман тапшылығы жойылып келеді. Үш кезеңнен тұратын бұл бағдарлама міндетін мүлтіксіз орындауда.

Алғашқы оқығандардың алды қазір жігіт ағасы жасына да жетті. Ол түлектер сенімді ақтады. Сөйтіп, шет елдерде жан-жақты білім алып, жаңа мамандықты, тілді меңгерген мамандарымыз тәуелсіз еліміздің әр саласында еңбек етуде. Олардың ішінен суырылып шыққандар қазіргі кезде еліміздің жоғары лауазымды мемлекеттік, коммерциялық құрылымдарында елеулі еңбектерімен ел көзіне түсіп, кадрлық құрамды толықтырды. Жастарына қарап, жұртының болашағына болжау айтқан қария уақыттың берген бағасы бойымызға құт, басымызға бақ, өмірімізге өрлеу болды. Жалпы, қай істе де ақылға суарылған тәуекелдің ақыры қайырлы болатыны ақиқат. Абыз айтқандай, бақытты ұрпақ, жас ұрпақ қазір азат еліміздің абыройын алыс-жақын шет елге де, өзімізге де танытып жүр.

Өткен ғасырдың басында «оқыған» деген жаңа термин дүниеге келген. Жиырмамыншы жылдары ғұмыр кешкен ұрпақ сол кездегі қиындықты жеңе отырып, жоқтық пен аштықтың қос өкпеден қысқан қысымына төзе білді де, қолы жеткенше қарманып, аяғы жеткен жерден білім алды. Бірі Қазанға, бірі Петерборға, Уфа мен Орынборға ұмтылып, даланы жайлаған сауатсыздықтың сұлбасына қайсар жігерін қарсы қойды. Қиналды, алайда, аңсарлы арманның тізгінінен айырылмады. Жаңа дәуір білімді ұрпақты қажет ететінін барынша түсінді. Сол кездегі қайсарлық пен ерік-жігерге адам таңғалады. Алаш көсемдері бір мамандық төңірегінде ғана қалып қоймай, сан алуан мамандық пен түрлі пәндерді игеріп, оны іске асыруда азаматтық алғырлық, қайраткерлік қуат таныта алды.

Жалындап ғұмыр кешкен жастыққа не жетсін, шіркін?! Жасқа тән самғау, іздену, құлшыныс пен құштарлық, міне, осының бәрі – арманның ақ қанаттары. Осы ретте аға ұрпақтың алдындағы парыз: жас ұрпаққа ақыл айту, жөн сілтеу, жоба көрсету. Жаһанданудың жақсы жағы да бар, зиянды жағын да байқамаса болмайды. Интернет жүйесі, ақпараттық топан, коммуникациялық көл-көсір деректер мен дәйектерді сүзіп алып, оны қазіргі заманғы білім әлеуеті ретінде біржақты, талғамай қабылдау дұрыс бола бермейді.

Мәселені дұрыс жолға қоюдың екі жағы бар: бірі – отбасындағы тәрбие, білім игеруді таңдаудағы олардың қам-қарекеті, өздерінің үлгі-өнегесі. Бұрындары «Кітап – білім бұлағы» дейтін едік. Ал қазір ше? Кейде, тіпті, ойланып қаласың. Бірақ кітаптың құндылығы жойылмақ емес. Несін жасырамыз,

қазір ата-аналардың өзі, әсіресе, кейінгі 80-90-жылдардағы буын өз балаларына кітап оқудың жай-жапсарын жеткілікті түрде түсіндіре алмайды немесе өздері де түсіне бермейді. Оқуды қойған адам ойлауды қояды. Ойланбаған жерде орынды тірлік болушы ма еді? Оның арты жеңіл күнкөріс, жасанды құштарлыққа апарып соғады.

Екіншісі – мектеп ұстаздары балаға кітап оқудың маңызы мен мақсатын, нені оқып, нені қоюды үйретуден жалықпауы керек. Заман талабына сай оқитын кітаптардың тізімі мен дестесін жеткілікті түрде түсіндіріп, жеткізіп отыруы қажет. Бұл салада ұйымшылдық, ізденіс керек. Жас ұрпақтың алдындағы тәрбиенің парызы мен қарызын жоспарлы деңгейде ғана атқару мұғалімнің әлсіздігін көрсетеді. Қиялын қанаттандырып, білуге деген құштарлығын арттыра алмаған адам шәкірттерге қалай өнеге болады? Мұндайда ата-ана ұстазға көмекке келіп, бірлесе еңбек етулері тиіс. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген пікір сондайдан қалыптасқан. Ұстаздардың беделін тек материалдық тұрғыдан шешеміз деу дұрыс емес. Адамгершілік құндылықтарды арттыру арқылы да ұстаз беделін көтеруге қадам жасауымыз қажет.

Ұстаздық – ұлағатты кәсіп, мәртебелі мамандық. Ұлы қаламгер әрі ұстазы болған Мұхтар Әуезовті оның үздік шәкірті академик Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» деп айрықша атауы, ерекше қадір тұтуы елге үлгі болды. Халқымыздың тарихында ұлт ұстаздары болған. Әйгілі Ахаңның – Ахмет Байтұрсыновтың туған халқына ұстаздық етудегі еңбегі ерліктің аса жоғары үлгісі десек, кез келген ұстаз «ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деген абыз Абайдың сөзін өз мамандығын меңгерудің мәңгілік үлгісі деп қабылдауы керек. Міне, сонда үлгі дариды, дәріс даналықтың жолын ашады.

Біз де бала болдық. Біздің ауылдың шағын кітапханасындағы кітаптардың, әсіресе, ерлік, отаншылдық, соғыс және бейбітшілік тақырыбындағы кітаптардың мұқабасы тозып, қолдан-қолға жиі өткені әбден байқалып тұратын. Өз бетімізбен ізденіп оқыдық. Сол ауылдың абыройын асырған көптеген белгілі азаматтар болды. Әр мамандықтың небір майталман шеберлері шықты. Ол үшін әрқашан ұстаздарымызға, бізге жөн сілтеген аға ұрпаққа тек қана рахмет айтумен келеміз. Ең үлкен рахмет ұстаздан шәкірт озып, көптің үлгісіне айналған іске айтылуы керек.

Біздің бала кезімізде кешке қарай бір үйге жиналып, батырлар жырын, халықтық қиссаларды, ақын-жыраулардың толғау-дастандарын оқыту дәстүрі болатын. Ауыл адамдары жиналып алып, батырлар жырын оқытқанда, біздер соны үлкен дәреже көретінбіз. Құранды қирағаттап оқығандай рухымыз,

жан дүниеміз жадырап, келелі іс, кемел тірлік тындырғандай марқаюшы едік.

Батырлардың қаскөй жаумен шайқастарын, алапат айқаста жарадар болған шағын, елін сағынып, жанарлары жасқа толған сәттерін оқығанда аналарымыз, әсіресе, әжелереміз: «ой, дүние-ай» деп күрсініп, жаулықтарының ұшымен көздерін сүртер еді. Олар жараларын таңып, арғымақтарына мінгенде, алдаспанын қолға алып, айбаттана қас дұшпанға атылғанда, үй ішін көңілді толқын билеп, әкелеріміз бен аналарымыз шырайлана шаттанып, шадыман шуағы біздің балаң жүректерімізді шарпып өтетін. Тайымызды Тайбурылдай, қасқа құлынымызды Қамбардың қара қасқа тұлпарындай көріп, Кендебайдың Керкұласын ерттегендей-ақ елегізіп қалушы едік. Осынау сәулелі сәттер біздің ұрпақты жігер мен құлшынысқа, күрес пен тәуекелге, батырлық пен батылдыққа, ең бастысы, отансүйгіштік асыл қасиетке алып келді.

Ел үшін ерлік жасау мақсаты бала кезден қалыптасады. Ол – әкенің қанымен, ананың сүтімен, халықтың ұлы салт-дәстүрлерімен берілетін аса қымбат қасиет. Осы асыл қасиетті жүректерге жеткізуге жұртымыздың жауһар қазынасы – батырлар жыры ерекше үлес қосты. Жырауларымыздың жауынгерлік рухы бізді отаншы етіп баулыды.

Өңірдегі Сүйінбайдан тартып, Жамбылға жалғасқан ерлік жырлары, Сұраншы, Саурық, Қарасай батырлар туралы дастандарда қалыптасқан ерен ерлердің болмыс-бітімдері бізді қанаттандырды. Қатарлас жатқан қырғыз елінің шуу дегенде шаң қаппас шайырларымен қазақ ақындарының айтыстары, ондағы ерлік пен елдіктің астасқан айбары мен сара сөздің майданы бала күнімізден біздің ұлы мектебіміз, ұлағатты ұстазымыз болды.

Бағыда Асан атамыз Желмаясымен жүйткіп жүріп, қазақтың байтақ даласының ұшы-қиырын шарласа, қазіргі заманда алып самұрық – ақ қанат лайнерлер барар жеріңе әп-сәтте алып жетеді. Қайда барсаң да, қай төрде отырсаң да – мемлекетіңнің мерейі. Көп жағдайда халықтың рухы, елдің ниеті, өз бойыңдағы азды-көпті ақыл-әрекетің тығырықтан шығарып, тұтқиылдан жол табады. Сондай сәттерде бір кезде ұстаздардан алған тәрбиетәлімің көмекке келіп жатады. Ұлт ұлыларының ұлағаты көмек қолын созады.

Асан қайғы бабамыздың қазақтың жер-суына арнап айтқан болжамдары мен бағалары, қарап отырсаң, өте табиғи әрі ғылыми-географиялық әрі әлеуметтік мәселені молынан қамтыған үлкен сараптамалар. Жұбан Молдағалиев ағамыздың: «Асан боп туып қазақтар, өледі Асан қайғы боп» деуінде осыны терең сезінгендік пен тар кезеңнің өксікті өкініші қатар өрілген. Асан атаның айтқандарын саясат сайысында да ескерудің жолы бар. Бұл біздің

жастарымыз үшін аса құнды өнеге деп ойлаймыз.

Қай кезде де өзіміздің жолымызды жалғастыратын жастарға сенім білдіруіміз керек. Сенім білдіре отырып, жауапкершілік жүктеуіміз қажет. Жастардың бойындағы жаман қасиеттердің өзін қайта тәрбиелеп, оны жақсылық пен ізгіліктің ізіне салу – біздің ортақ міндетіміз.

Әсіресе, қоғамымызда орын алып жататын жемқорлық, сыбайластық, жершілдік, рушылдық секілді сүйкімсіз әдеттер жастар жүрегіне қонбауы керек. Бұлар – жұқпалы келеңсіздіктер. Олардың бойларына да, ойларына да теріс пиғыл қонақтамаса екен деп алаңдаймыз. Осы бағытта түзу жолдан тайып, халық алдындағы қарызы мен парызын бұзғандарға көңіліміз жібімейтінін, ымырасыз екенімізді жастарымыздың білгенін қалаймыз.

Мұны баса айтып жатқанымыз, жастарды жосықсыз қорқытып-үркіту емес, естілеріне ескертіп, өсетіндеріне өнегелік сөз айту. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ», деп Абай хәкім айтып кеткен бес жаман іске қазір тағы да бірнеше түйткілді түсініктер қосылды. Бұлар – «енжарлық, жемқорлық, мақсатсыздық» деуге келер. Абайдан бұрын да болған рушылдық деген «дерт» сүйегін сүйретіп әлі келеді. Мұнымен кеңестік кезеңде де кейбір ағаларымыз аздап «ауырған» болатын. Бірақ партиядан қорқатын, басын қорғап, бұқпантайлайтын. Қазір тұқыртқан партия, тұтқиылдан тұсайтын қоғамдық ұйымдар азайғасын, ол да басын қайта көтеріп, бүгінгі ұрпақтың кеудесіне ұмсынуда. Шорт кесіп тастауымыз қажет.

Алыс елдерге мақсат қуып, тәуелсіз еліміздің сенімін арқалап бара жатқан жастардың алдында сан тарау жол тұр. Баяғы ертегіде айтылғандай, солға тартса солқылдақ, оңға тартса омпылдақ, тура жүрсе төрге шығар бағыт айқындалмақ. Сондықтан да жас ұрпақ тура жүруге тиіс. Алдында арман тұр, артыңда алашың тұр. «Өзге елге барып сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген бабаңның сөзі жүрегіңнің төрінде, өреңнің өрінде болсын.

Аға буын мен жас ұрпақ арасындағы рухани-әлеуметтік байланыстың алтын тіні ажырамай, өзара сабақтастық пен кәсіби әріптестік қанатын кеңге жая түссін деген тілекпен әртүрлі тың бастамалар мен жаңаша талаптарды жүзеге асырып та жатырмыз. Қазір ауызекі сөздерде: «Жастарымыз жалқау, жұмыстың жеңілін қалайды, еңбекке енжар, ата кәсіптен ат-тонын ала қашып жатыр» деген пікірлерді де естіп қалып жатамыз. Бұған алаңдаймыз. Қоғам да, жұртымыз да алаңдайды. Алаң көңілді алғыр жастарымыздың парасаты тарқатпақ. Олардың табысты қадамы мен намысты іс-қимылы сабырға шақыруы тиіс.

Әрине, бес саусақ бірдей емес. Ел болған соң, ішінде текті де,

тентек те болады. Бұл – атамзаманнан бері бар ақиқат. «Тентекті тентек десе, бөркі қазандай болады» деген емес пе? Тез қасында қисық ағаш жатпайтыны секілді, тағылымды тәлімгер табылса, талапты жастың жолы ашылып, бағы жанбай ма?

Біздің мемлекеттік жастар саясатындағы ең басты тұжырым-ұстанымымыз да осы болса керек. Бұл бағытта жасалып жатқан жүйелі жұмыстардың нәтижесі жоқ деп айта алмаймын, бар. Бірақ әлі де жастарымыздың жан дүниесін ашуда жаңылып та, жетпей де жатқан жерлеріміз бар. Бұл кейде мемлекеттік құрылымдардың өзіңде талапты жасты таңдап табу, оны өзіне лайықты лауазымға тағайындауда төрешілдік пен көңілжықпастықтың, тіпті, кейде сыбайластықтың да көрініп қалып жататынын әсте жасыруға болмайды.

Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлін өз дәрежесінде атқармай, тым жалпақшешей болып, еркеліктің шегінен асырып, есерліктің ауылына жіберіп алып жатқан жоқпыз ба? Бұқаралық ақпарат құралдарынан ата-анасының қызметі мен мансабына мастанған бозөкпелердің әдеп пен ибаны жиып қойып, қоғамдық орындарда қалыптасқан ережелерді мансұқ ететінін, жөнсіз тайрандап, жүгенсіз сайрандайтынын оқып-көріп қаламыз. Бұл отбасындағы тәрбиенің ойдағыдай болмауы деген сөз.

Біз «баланы – жастан» деген сөзді қазір көп айтпайтын болдық. Өбектей беретінімізден өркөкіректеніп бара жатқан ұрпақты бетінен қайтарудың елдік дәстүрін жаңаша жаңғыртып, оны қоғамдық, мемлекеттік мәселе ретінде қарайтын мезгіл жетті.

Әрине, өз қолыңды өзің кесе алмайсың. Бірақ бітеу жараны кесіп тастамасаң, ол қанға шабады. Қанға шапқан жара жанға шауып, жұртқа жұғады. Жаман әдеттің жұқпалы келетіні секілді, тәрбиенің тексіздігі де теперішті тірлікке жол ашады. Оны емдейтін – елдің салт-дәстүрі, ата-ананың үлгі-өнегесі. Одан қала берсе, ортаның тәлім-тәрбиесі. Осыны дәріптеп, халықтың жүрегіне жеткізуде атқарылар жұмыстар ұшан-теңіз. Бұған тиісті жауапкершілікті мемлекеттік органдар да, жалпы халық та жұмыла бірлесіп, жүйелі жұмыстар жүргізуі керек.

Қай заманда да өскелең ұрпақ әке көріп, оқ жонып, шеше көріп, тон пішіп өскен. Халқымыздың сан ғасырлық мектебінде қалыптасқан даналық дәрістері әлі де өз өресін жойған жоқ. Тек солар, теңнің аузы ашылмай тұншығып, енжарлықтан ертеңін күтіп жатқан секілді. Ұлттық сананы төрге шығарып, төбе бидей құрметтесек, құндылық деп қабылдап, отбасының орданы, үй-ішінің рәміздері деп түйсінсек, таңдайымыздағы сөзіміз, маңдайымыздағы бағымыз арта түспей ме?!

Өсер жасқа – өріс кең, өнеге мол. Өскелең ұрпақ өзіне

керекті өрісті білім мен ғылымнан табады. Ендеше, жақсыға, жаңаға ұмтылу керек. Туған тіліңді, халқыңның тарихын, салт-дәстүрін біл, зерделе, өміріңде үлгі тұт. Тәуелсіздікке қызмет ету жолындағы ақылың мен қайратың адал мұрат, асқақ арманға толы болса, баратын жерің, шығатын төрің де биік болмақ. Еңбекпен тапқан абыройды ақшамен, дәулетпен өлшеуге болмайды. Ақшаң көп болғанмен, денсаулықты сатып ала алмайсың. Жас кезіңде саламатты өмір сүр, спортпен айналыс, «тәні саудың жаны сау» деген халық сөзін құлағыңа құйып өс.

Біз – ат құлағында ойнап, қырдың желімен жарысқан, құралайды көзге атып, күрескенде жауырынын жерге тигізбеуге тырысқан елдің ұрпағымыз. Бұл ғасыр – ең алдымен, жастарымыздың ғасыры. Жаңа мыңжылдықта Қазақстанның байрағы биік, табысы ерен, қорғаны берен болады деп сенеміз. Сенімнің сергектігі – еліңнің ержеткені. Ол – біздің бақытымыз. Елдің бақыты.

Жас кезінде адам еліктегіш болады. Өнердің өнегелісін, ғылымның жаңашылын, дәстүрдің озығын таңда. Талғамың таза болсын, талабың оң болсын, сонда қажеттіні тауып, керектіні аласың. Мансапты сатып алуға болар, бірақ ол тұрақты болмайды. Маңдай терің төгілген, адал еңбегің көрінген мансап – жан серігің, айнымас досың.

Үлкенді сыйла, қарттықты қадірле. Сен де қартаясың. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің, ағайынның қадірін жалалы болғанда білерсің» дейді дана халқымыз. Қарт – қадірлі ақылшың, қымбат сырласың, әзілің жарасса, құрдасың. «Әзілің жарасса – атаңмен ойна» деген де халқымыз. Әзілің орынды болсын, күлкің қонымды болсын. Еліміздің көрнекті шайырларының бірі Тұрмағамбет: «Тал жібектей таза сөз еш жеріңді жырмайды» деген. Тамаша сөз, тапқыр теңеу. Үлгі алсаң – ұстазың. Жақсы сөзді тыңдай біліп, жадыға тоқы.

Адам қолымен жасалған игіліктің бәрі – қымбат қазына. Оны толтыратын да сен, елеулі үлес қосатын да сен. Еліңнің асыл өнері, әдебиеті – халықтық тарих. Әрсіз әуен, ұрда-жық ырғақ, сөзі сұйық шығармалардың топаны қаптаған қазіргі кезде жастықтың желімен адасуың оңай. Жол табуың қиын. Дұрыс жолды табу үшін жаныңның рухани сүзгісін таза ұста. Ғаламтордағының бәрі ғаламат емес, мұнда жаманат та, кесапат та бар. Деректің бәрі де дайын дүние емес, екшемесең, есең кетеді. Кеткен есені қайтара алмайсың.

Қазіргі заманғы техниканың тілін біл, оны саналы түрде керегіңе жарат. Жасыңа қарай таңда, жағдайыңа қарай тұтын. Халқымыздың бойынан мақтаншақтық дағды да кездеспей қалмайды. Ол – ұлағат емес, кінәрат. Кінәратқа кіді талғаммен

қара. Жалғыз жүріп жол тапқанша, адастырмас көппен кеңес. Халықтық қағиданың қасиетін, ата-бабаңның өсиетін ұстансаң – абыройың асқақ, беделің бекем.

Қолың тисе, кітап оқы. Кітап оқымаған адам ойлаудан қалады. Демек, уақыттан ұтылады. Ал уақытқа ілесе алмаған бәрінен айырылады. Уақыт – алтын қазына, бірақ оны сатып ала алмайсың. Ол – самғаған сұңқар, жүйткіген тұлпар. Ұшса да, зымыраса да жеткізбейді. Мойын бұрмайды, қайта қонбайды. Көп нәрсені еңсеруге болады, бірақ уақытты жеңе алмайсың. Қуғанмен жетпейсің. Оған білімің мен талантың ғана төтеп бере алады.

Талант – көне грек еліндегі салмақ өлшемі. Демек, таланттың да өз салмағы бар. Оның салмағын бойыңдағы дарының, ойыңдағы танымың, жүректеті жарығың өлшей алады. Шын талант күншілдіктен таза, күндестіктің ауылынан алыс болады. Алайда, оның қорғанышы қылаудай ғана. «Талантқа көмектесу керек, дарынсыздар өзі де жол табады» деген тәмсіл содан қалған. Сондықтан, дарындыға жақтас болу керек. Шын таланттың шындығы шымыр, соған сүйен. Өсекшінің әр сөзі қыңыр, одан бойыңды аулақ сал. Өсекшінің сөзі өртемесе де, күйе жағады. Содан сақ болғайсың.

Ел мен ердің арасын сенім жақындастырады. Сол сенімді ұзақ жылдар бойы абыроймен арқалап келеміз. Ақтық демім қалғанша, әл-дәрменім талғанша, халық жүгін көтеруден қашпаймын. Бұл – менің президенттік те, перзенттік те парызым. Елдің жүгін ер көтерер, ердің құнын ел көтерер. Қадірін білер халқы болса, ер жігітке одан асқан бақыт жоқ.

Қысқасы, бұл ғасыр – біздің ғасырымыз. Демек: «Бұл ғасыр қазақ үшін алтын дер ем, даңқымды әлем білді, салтымменен. Кеудемде жаным барда көтеремін, аянбан, не күтсе де халқым менен!» – дегеніміз жөн болар!

Әрбір жас өрен осындай мақсатты мұрат тұтса, ел ертеңі нұрлы болмақ!

Х.Насихат

Еңсесі биік елорда

*Астана халқымыз ғасырлар бойы ұмтылған
Қазақстанның шынайы тәуелсіздігінің тарихи рәмізі мен
қуатты қағидасына айналды.*

Нұрсұлтан Назарбаев



Еңсесі биік елорда

Астана халқымыз ғасырлар бойы ұмтылған Қазақстанның шынайы тәуелсіздігінің тарихи рәмізі мен қуатты қағидасына айналды.

Тәуелсіздік тізгіні қолға тиді. Халқымыз ғасырлар бойы аңсаған ақжолтай күніне жетті. Жаңа жолдың басында, жаңа жеңістің қасында тұрдық. Алғашқы адал қадамды ақсақалдарымыздың ақ тілек, ақжарылқап баталарынан бастап, келер күндердің келбетіне үңілдік. Ойымызда көп мақсат, асқақ армандар тұрды. Тәуелсіздіктің тал бесігі болған, жұртымыздың жауһары, көңіліміздің гауһары – Алматының айбынын да, айдынын да азырқанған кезіміз жоқ. Бірақ астананы ауыстыру, оны жаңа қонысқа көшіру туралы ой көкейде көптен жүр еді.

Қазақ тарихында астана болған қалалардың барлығы да өз кезінде ұлттың өсіп, өркендеуіне тікелей әсер еткен. Оның бәрін ата тарих айтып береді. Сыр бойындағы Сығанақ пен Сауран, Жайық бойындағы Сарайшық, анау киелі Түркістан, олардан әрідегі Суяб пен Құлан, Баласағұн мен Жанкент, хижрадан қырық жыл бұрын ірге көтерген көне Тараз, қысқасы, Ұлы Даланың әр қиырындағы сол тарихи мекендердің бәрі орда ауыстырудың да қилы кезеңін бастан кешкен. Еуразияның алып даласында салынған сол қалалардың атақ-даңқы Ұрымға да, Қырымға да тегіс белгілі болған. Бұл жөнінен де мақтана аламыз.

2001 жылы жаңа астанамызға Жоғары Шапағатты Рим Папасы Иоанн Павел II келді. Бұл – Қазақстан тарихындағы елеулі оқиға. Сол қонағымыздың құрметпен айтқан мына сөзі әлі есте: «Мен бір кездері мәдениет пен сауданың маңызды орталықтары болған Баласағұн, Меркі, Құлан, Тараз, Отырар, Түркістан секілді және басқа қалаларға таңданыспен көз саламын. Оларда Еуропа үшін Аристотельді ашқан Әбу Насыр әл-Фарабиден бастап ғылымның, өнер мен тарихтың көрнекті қайраткерлері тұрған». Кезінде Ұлы Даланың әміршісі болған Түрік қағанаты Дунай жағалауынан Корей түбегіне дейін, Гоби даласынан Байкөлге дейін шығандап шығып, жайылып жатты. Бумын қағанның бұйрығы жүріп, айтқаны болып тұрған заманда дәурені тасыған Түрік қағанаты талауға түсіп, ырысы қашты. Хан ұрпақтары арасындағы таққа талас кезінде тапқанынан айырылып, берекесі кетті.

Жалпы, ата тарихтың андыз-андыз сілемдері дүрілдеген дәуреннің түбіне жеткен алауыздық пен өзара қырқыс екенін тайға таңба басқандай етіп айтса да, тақ таласы мен бақ таласы көне түркілердің күн тәртібінен түсе қоймаған. Қарлұқ мемлекетінің астанасы болған Құлан да, одан кейін осы дәрежеге ие болған Тараз да, одан беріде ғұмыр кешкен Дешті Қыпшақтың астанасы Сығанақ та осы зауалдан құтылып кете алмаған. Төңкерістің

толқыны қазақ даласын жайлаған тұстан кейінгі алас-қапаста далалық өлкенің алғашқы астанасы болған Орынбор да жаңа қоғам құруға ұмтылған қайраткерлеріміздің тірегі болғанмен, жұртымыздың жүрегі бола алмады.

Бағзы тарихымыздың баянын қарап отырсақ, көшпенді атанған халқымыздың қаласы да, панасы да болғанын көреміз. Топырақ жапқан қалалардың қойнауын аршысаң, садақтың жебелері мен қылыштың сынықтары өз дәуірінен хабар беріп, сөз желісін шешіп қоя береді. Оқи білсең – олжаң, тани алсаң – тарихың, жаза қалсаң – жадыңды оятар рухың. Құм басқан тарих бізден ол күндерді алып қашқанымен, сол секілді ондаған ойраны шыққан қалалардың шерлі шежіресін жеткізеді. Біз оқиғалары қатпар-қатпар, ал «оқулығы жұп-жұқа» тарихымыздың тілі жұмбақ тарауларын енді ежіктеп оқып, жаңадан жазып жатырмыз.

Астананы ауыстыру еріккеннің ермегі емес екенін де ескерте кету артықтық етпес. Адамзат тарихында мұндай қадамға барудың сан қилы себептері мен қисынды қағидалары жетіп жатыр. Жиырмасыншы ғасырдың жүзінде ғана Қазақстан өзінің бас қаласын бірнеше рет өзгертті. Елдер мен мемлекеттердің тарихына көз салып қарасақ, біз бұл жөнінен де көбінен көшілгеріміз. Бұл тұрғыдан келгенде, көшпенді өмір кешкен көнтерілі жұртымыздың қанында бар, қасиетінде ізі қалған дәстүрі қайта жаңғырды. Ал тәуелсіздік тұсында астананы ауыстыру тарихи қажеттіліктен туындады.

Жиырмасыншы ғасыр аяқталып келе жатты. Жаңа мыңжылдықтың табалдырығы алдында талай міндет-мақсатымызды саралау қажеттігі туды. Геосаяси жағдай, тарихи үрдіс, экономикалық-әлеуметтік даму барысындағы байыпсыз жағдайлар, өндіріс пен өнеркәсіптің жаңа кезеңге бейімделуі тұрғысындағы түйткілді түйіндер ойлантты. Көлік-қатынас логистикасын заман талабына қарай бейімдеу, ғылыми дамудың өмірге ыңғайлануының негізін жаңаша құру секілді, бұдан өзге де өсіп-өркендеуімізге өріс ашуға тиісті өзекті жайттар мен себептер елорданы ауыстырудың қажеттілігін күн сайын байқата бастады. Көңілде түзілген ойлар сызбасы біртіндеп алдағы іс-әрекеттің көрнекі құралдары сияқты санада айшықталып, толғандыра түсті.

Бүгінгі жаһандану шағында жаңа қала салудың мәселесі аса қиындық туғызбайды. Не керектің бәрі де бар. Расында солай ма? Асығыс ойласаң, оңай секілді көрініп кететін істің артында үлкен проблемалар туындап шыға келеді. Қала салу түгілі, үй салудың да машақатын бала кезден көріп өскен ұрпақтың өкіліміз.

Біздің ауылда Биша деген көрші апамыз болды. Жолдасы қайтыс болып кеткен жалғызлікті жан еді. Сол кісінің үйі әбден тозып, қиюы қашып тұратын. Ауылдастарымыздың бәрі

аяушылық білдіргенмен, ешкім де қол ұшын соза қоймады. Дұрысы, соза алмады деген жөн-ау? Әрине, ол кезде жетпейтін зат көп, елдің де мелдектеп отырғаны шамалы. Көрші апамның жүдеу жағдайы әкемді де ойлантқан болу керек, бірде ауылдастарын жинап, Бишаға жаңа үй салып беру туралы бастама көтеріп еді, ауылдастары бірауыздан қолдай кетті. Асарлатып үй тұрғызып, жақсы апаны жаңа үйге кіргізді.

Бұл жағдай бала көңілімде әдемі де сәулелі сәт болып қалып қойды. Ол кісінің менімен құрдас Сәду деген жалғыз ұлы болатын. Жаңа үйге кірген Сәду қандай қуанса, мен де сондай қуандым. Кіндік шешем Нұрқыз апа мен анам Әлжанның асар кезіндегі айрықша белсенділігі де мені мейлінше марқайтқан еді. Мұндай жарқын мысалдарды қазақ ауылының кез келгенінен көруге болар еді. Бұл да біздің халықтың азаматтық деңгейінің биіктігін көрсетсе керек.

Біздер бала кезден ортақ іске қуануды үйрендік. Ортақ іске жұмылуды үйрендік. Игілікті жаңа істі бастауға құлшынып тұратын болдық. Бала кезімде Мырзабала әжемнің жан әлемін баураған ертегілерін көп тыңдап өскендіктен де болар, өзімді бірде бес қаруы бойындағы батырдай, бірде көк жүзінде самғаған қыран құстай, енді бірде ауыздығын шайнап, аршындай шапқан арғымақтың жалына жабысқан шабандоздай елестетіп, тәтті қиялға шомып жатушы едім.

Қазір бүлдіршіндеріне ертегі айтатын ата-әжелер аз. Ата-аналар да жүрдек заманға сай тыным таппайтын болып алды. Уақыт та, заман да, адам да асығыс. Түсінікті жайт: асықпасаң, үлгермейсің. Жаяу-жалпылай, ат-арбамен жүріп, бар шаруаны тындыратын әке-шешеміздің сабырлы жүздері осындай кезде көз алдыма келіп, таңғалатын да кезім бар. Соған орай ойға да қаласың. Қазақтың «асықпаған арбамен қоян алар» деген тәмсілінде бір тұңғиық сыр жатқан секілді. Ол «сабыр түбі – сары алтынмен» сабақтасады.

Тарихтағы Түрік қағанаты ұлан-байтақ даланың ұлы бірлестігі болғаны – қазір даусыз дерек. Біз қазір осынау тарихи тұңғиықты тың тұрғыдан ашып, әрі өткенімізді өнеге ете отырып, «Біз Ұлы Даланың еліміз» деген түсінікті жаңаша рухта жаңғыртуды ұсынып отырмыз. Бұл сөздер – біздің киеміздей өркендейтін жүйеміз. Жаңа тұрпатты мемлекет орнықтыру процесіндегі белгілі бір белесті қорыту тұрғысынан алып қарағанда, біз осынау салтанатты да сардар сөздерді әр қазақ баласының жүрегіне нұр мен сыр құятындай дәрежеде ұлықтауымыз қажет.

Қылыш пен найзаның заманы өтті. Зіркілдеген зеңбіректеріңіздің өзі қазір қару-жарақ мұражайында тұр. Қазіргі рухты сөз – ұлттың танымын да, тарихын да толғайтын

сөз «Мәңгілік Ел» болуы керек. Бұл сөз халықтың өз көкірегінен шығып, әр адамның жүрекжарды сөзіне айналуы қажет, сонда ғана ұлы мақсат өзінің межелі биігіне шығады.

Астананы ауыстырудың әңгімесі әлі күнге дейін айтылады. Біліп айтып, қостайтындар да, білмей айтып, сынайтындар да кездесіп қалып жатады. Бірақ қалай айтсақ та, жаңылған не ұтылған жеріміз жоқ. Сондықтан, астананы көшірудің кейбір жайттарын осы жазбаларды қағазға түсіру барысында, орайы келгенде, көп көңіліне сала кеткеннің артықтығы болмас.

1925 жылы, арада төрт жылдан сәл асатын мезгілде, Қазақ елі астана ауыстырудың кезекті қадамын жасады. Сол жылы Ақмешітте өткен Қазақстан Кеңестерінің V құрылтайында республика Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы болып қайта аталып, жаңа елдік төлқұжатқа ие болды. Бас қала атауы Қызылорда болып бекіді. Бірақ елдің басқа өңірлерінен шалғай, табиғаты қатал, жазы аптап ыстық, суы тапшы Қызылорданың түпкілікті елорда болу мүмкіндігі уақыт өткен сайын қиындай беретіні белгілі еді.

Мүмкіндігі шектеулі қаланың төрінен кең-байтақ қазақ жерінің әр қиырына жедел басшылық жасау, нақты міндеттердің орындалуын қадағалау проблемаға айналды. 1927 жылы ендігі астана 1921 жылға дейін патшалық Ресейдің әмірімен Верный атауын иемденіп тұрған қалаға қоныс аударатыны туралы нақты айтыла бастады да, негізгі көшу, түпкілікті қоныстану 1929 жылы жүзеге асырылды. Алматы осылайша түпкі арманды орындаудың тарихи міндетін атқарған, азаттыққа жол ашқан ақжолтай қала болып, тәуелсіз мемлекетіміздің мәңгілік тарихына енді. Алпыс сегіз жылдық астаналық тарихы бар Алматының көшін келешекке ұзатуын тарихтың жалғасы деп түсінеміз.

Алматы өзінің асқақ та сұлу бейнесін сақтау үшін астана мәртебесінен өз еркімен бас тартуы тиіс еді. Оны дәстүрлі дәрежесінен айыру, нақтырақ айтқанда, қаланың инфрақұрылымын экологиялық және геофизикалық жағынан сауықтырудың да басты жолы болды. Бұл іскерлік идеясының дұрыстығын уақыт дәлелдеді. Алматы бұдан жетімдік көрген жоқ, қайта өзіне тетелес бауыр қала тапты. Тынысы кеңейіп, түрлене түсті.

«Ой, несін айтасыз, Шұға десе, Шұға еді ғой» деп ұлы қалагеріміз Бейімбет Майлин жазғандай, несін айтасыз, әлемде Алматыдай сұлу қала сирек, тіпті, жоқ десе де болғандай. Бірақ, уақыт талабы қандай да сезімнен жоғары тұратынын заман көші қапысыз дәлелдеп берді. 90-жылдардың басында қалада экологиялық, демографиялық мәселе өзінің шекті деңгейінен асып, қаланың қалыпты өміріне қолайсыздық тудыра бастады.

Ардагер қаланың «денсаулығын» сауықтыру қажеттігі байқалды.

Халық саны бір миллион екі жүз мыңға жетті. Кезінде төрт жүз мың тұрғынға арналып қазан шұңқырға салынған Алматы тынысы тарылып, булығы бастады. Жер тапшылығы туындады. Көк азайды. Көлік көбейді. Ауа тарылды. Алматының болашағын ойлау мәселесі күн тәртібіне қойылатын мезгіл жетті. Алматы экономикалық-әлеуметтік, экологиялық-геофизикалық және геосаяси жағынан тар шеңберге тығылып, қала аумағы мен халқының өсу үрдісі қарама-қайшылыққа душар болды. Өсіп-өркендеу өрісі шектеле бастады. Көңіл жеткенмен, көлем жетпеді. Инфрақұрылым екі иықтан дем алып, инженерлік жүйе сыр берді. Қаланың даму қарқыны тежеліп, мүмкіндігі тұйыққа тірелді.

Сөйтіп, байлам жасайтын кез келді. 1994 жылы сол кездегі Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі депутаттарының алдына астананы ауыстыру туралы тарихи мәселені шығаруға бел байладым. Бұл күн 6 шілдеге сәйкес келді.

Тұңғыш кәсіби парламент аталған депутаттық корпус бұл мәселені бірден қызу талқыға салды. Дау да болды, далаба да болды. Қостаушылар да, қарсылар да аз емес еді. Астананы ауыстыру ерлігінің ертегілердегі батырлардың іс-қимылындай болғанын уақыт көрсетті. Халық қолдады, сенді. Ел сенімі еңсемізді көтерді.

Астананы дайындау жұмыстары бұған дейін өте шұғыл әрі іскер қарқынмен жүргізілді. Инфрақұрылымы әлсіз, әсіресе, қыстан ылғи да қысылып шығатын Ақмола қаласын заманға сай қалаға – астанаға айналдырудың стратегиясы мен тактикасы дұрыс жолға қойылғандықтан, қаланы дайындау процесі белгіленген кесте бойынша қатаң тәртіппен жүргізіліп отырды.

Сонымен, 1997 жылдың қазан айынан бастап жаңа елордаға бағыт алған тарихи көш қозғалды.

XX ғасырдың аяқталар тұсында тарихымызда алғаш рет елдің ұлттық мәңгілік мүдделерін басшылыққа ала отырып, тәуелсіз Қазақстанның астанасы қай жерде орналасатыны туралы шешім қабылдауымыздың аса зор саяси және өте маңызды әлеуметтік мәні болды.

Қалалардың да өз жылнамасы: туу, қалыптасу, жетілу, тіпті, қартаю кезеңдері болатыны анық. Әрбір қаланың өз тағдыры, өз бедері мен бейнесі бар. Қалалар да адам секілді. Мәңгілік өмірдің ұлы көшінде олардың жарқын істері жұртының жадында қалады, тарихқа өз таңбасы түседі. Қазіргі Астанамыз – біздің мемлекеттік стратегиялық ойларымыз бен ұмтылысымыздың, ерік-жігеріміздің бейнесі. Тәуекеліміз бен табандылығымыздың келісті көрінісі.

Астана халық күткен биіктен көрінді ме? Әрине, сөз жоқ, ол өзінің атына, атағына сай абыройға ие болып отыр. Демек, ол ел үмітін ақтады. Елорда – бүгінгі таңда әлемдік өркениеттің көзіне түсіп танылған, мәңгіліктің тарихына түсіп таңбаланған, мәртебелі мінбелерден маңызды сөзін ұзатқан қайраткер қала.

Біз Астанада аса белгілі бірнеше халықаралық ұйымдардың әлемдік деңгейдегі форумдарын, құрылтайларын, саммиттерін, сан алуан халықаралық конференцияларын табысты өткіздік. Мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатында, ел экономикасында, оның мәдени-әлеуметтік, басқа да салаларында қол жеткізген табыстарымыз ұшан-теңіз. Бұлардан да қымбат табыстарымыз жетерлік. Қандай дейсіз бе?

Олар, ең алдымен, адам санасындағы сапалық өзгерістер, дүниетанымдағы тың байламдар, ұлттық рухты оятатын рухани сілкіністер, жаңа елордада мемлекеттік мүдденің мәртебесін көтеру, халықаралық қауымдастықтағы қазақ жұртының ықпалды аймағын кеңейту, өзгермелі дүниедегі ұлттық салт-дәстүрімізді өзгермейтін өлшемге кіріктіру, ел іргесін бекітудегі ерлік дәстүрімізді саяси сергектікпен жүзеге асыру, бүгінгі жұртымыздың келер ұрпақ алдындағы парызын парасаттылық деңгейіне көтеру. Сөйтіп, Мәңгілік Ел болуға ұмтылып отырған Ұлы Дала елінің тәуелсіздік тұғырын тас-түйін етіп бекіту! Біз армандаған заман осы емес пе еді?!

Қорыта айтқанда, жаңа Астана өмірге келді. Тарих табалдырығынан аттады, қаз тұрды, қадам басты, жиырма бірінші ғасырмен амандасты. Оның ұзақ даму жолында әлі де сан тарау белестер бар. «Мәңгілік Ел» атты жалпыұлттық бағдарламаны жүзеге асыру жолында жұмыла еңбек етіп жатқан тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі қандай нұрлы болса, ертеңі одан да салтанатты болатынына күмән жоқ. Әлемдегі екі жүзге жуық мемлекеттер арасындағы алар орнымыз, шығар төріміз уақыт өткен сайын биіктеп келеді. Жұлдызымыз жоғарылай түсуде. Бұл жұлдыз – бақыт жұлдызы. Халықтың маңдайындағы жұлдыз. Сондықтан, ол жарқырап жана береді. Халқымыздың маңдайындағы жұлдыздың нұрына бөленген жас ұрпақ – жаңа толқын біздің бұл істерімізге алғысын айтатын болады.

XI. Насихат

Отбасы – отан тірегі

Отбасында адам бойындағы қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Нұрсұлтан Назарбаев



Отбасы – отан тірегі

Отбасында адам бойындағы қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туган-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.

«Отбасының өнегесі – Отан өнегесі» деп жазған еді кезінде Бауыржан Момышұлы. Бұл – жай ғана сөз тіркесі емес. Зор мағыналы салмағы бар, жанға жылу, қанға қызу беретін сөз.

Отбасы құндылығы қай кезде де, қай елде де мемлекеттік саясаттың жанды жері болып келген және бола береді. Әрбір отбасы мен мемлекеттің құрылымдары ұқсас деуге болады. Оның да өз басшысы, тұрмыстық-қаражаттық саясаты, рухани-мәдени, әлеуметтік-психологиялық жоспарлары бар. Біз тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінен бастап бұл мәселеге жете мән бердік. Бұл саясат халықтың өсімі, бала тәрбиесі, отбасын құрудың және оны сақтаудың идеологиясын қалыптастырып, демографиялық саясаттың негізгі тірегіне айналды.

Біріншіден, отбасылық құндылықтарды, отбасы және неке институтын нығайту мәселелері қоғамның моральдық-этикалық, рухани-имани байлығын дамытудың, саламатты да салауатты өмір салтын ұстанудың негізгі қағидаттары қоғам дамуына сай қалыптастырылып, Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына өтудің сатысын орнықтыруда. Өйткені, жердегі өркениеттің бүкіл хронологиясы – кез келген қоғамның негізі ретіндегі Адамзаттық Отбасының ұлы тарихы.

Екіншіден, отбасы – өте ұлы құндылық. Талай ғасырдан бері әрбір отбасы – қоғамдағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан адамгершіл қасиеттердің, ұлттық салт-дәстүрлердің сақтаушысы.

Үшіншіден, отбасы – өз халқыңа, оның мәдениеті мен тұрмысына деген сүйіспеншіліктің сарқылмас қайнар көзі. Сондай-ақ, ХХІ ғасырда жаһандану дәуірі отбасы мен бақытты неке құндылықтарын дамытудың негізі қалыптасқан мектебіне айналуда тиіс.

2011 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 17-ші сессиясында елімізде отбасы дәстүрін сақтап, оны дамыту,

Отбасы күнін белгілеу туралы ұсыныстар айтылып, осы мәселе бойынша бізде жаңа мейрам пайда болды. Ол – жыл сайын жұртымыздың жанын шуаққа бөлеп жететін «Отбасы күні». Біріккен Ұлттар Ұйымы шешіміне сәйкес және бізбен тағдыры, салт-дәстүрі ұқсас елдер тәжірибесін ескеріп, Қазақстан Республикасындағы «Отбасы күні» – «День семьи» мерекесін қыркүйектің екінші жексенбісіне белгіледік. Бұл халық тарапынан кең қолдауға ие болды.

«Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдау барысында бұл мәселеге жете көңіл бөлдік. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Демек, ол біздің ортақ отбасымыз. Осы стратегияда ана мен баланы қорғаудың мәселесіне жан-жақты тоқтала келіп, ең алдымен, біз қыздарымыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек екенін басты нысана етіп алдық. Олар – болашақтағы адал жар, асыл ана, шаңырақтың шырақшылары. Батыс мәдениетін талғамсыз «тоғытудың» салдарынан жастарымыздың бойындағы ұлттық ибалық, ұяңдық, кішіпейілділік, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу тәрізді әдемі қасиеттер әрін жоғалтпаса екен деймін.

Өмір сүру оңай ма? Әсіресе, қазіргідей қым-қуыт заманда. Әрине, қиын. Бірақ әр қиындықтың бір қайтуы, әр сәтсіздіктің бір бақытты шағы болады демеуші ме еді үлкендер?

Жаман халық жоқ, жаман әдет бар. Жаман әдет жұқпалы. Ол жүрекке түсетін жегі құрт. Оңы мен солын танып үлгермеген, ерсі нәрселерге еліктеуге бейім тұратын аңғал жастарды адасудан сақтаңдырудың шараларын мемлекет біржақты шеше алмайды. Бұл – жұрт болып жұмылып, халық болып қолдап, бірлесе жұмыс жасаудың нәтижесінде жүзеге асатын мәселе. Тәрбие – тал бесіктен басталып, адамның өмір бойы үйренетін, тәлімімен сіңіретін адами қасиеттерінің халықтық мектебі.

XI ғасырда ғұмыр кешкен бағзы бабамыз Жүсіп Баласағұни өзінің «Құтты білік» атты тарихи еңбегінде: «Егер әке ұлына немесе қызына тиісінше көңіл бөлмей, олардың мінез-құлқы нашар болса, оған баланың кінәсі жоқ, оған кінәлі – әкесі» деп жазыпты. Данышпанның дәрісті сөзінде бұрыстық жоқ. Нағыз шындығының өзі – солай. Бұл – әке мен ана тәрбиесінің маңызы мен мәнін ашатын ой. Өкінішке қарай, қазір бала тәрбиесімен айналысатын ата-аналардың

кейбіреулерінің өзіне тәрбие жетпейді. Жаман бала қайдан шығады деген сұрақтың да жауабын осы жерден табуға болады. Халықтық педагогиканың жаһандану жағдайындағы топан селіндей ақпараттан өзіне керегін тауып алуы да оңай емес.

Мұның негізі талғамға келіп тіреледі. Эстетикалық талғам мен этикалық талғам тең түсіп, тілектес пейілге айналмаса, арты өкінішке ұласып жатады. Қазақта айтылмаған сөз қалмаған ғой. «Атаңа не істесең, алдыңа сол келер» деген де сөз бар. Тәрбиенің баста кеткен қателігінен кейін өсіп шығатын бітеу жарасы – қазіргі қарияларымыздың наласы. Аға буын мен қазіргі ұрпақ арасындағы замандар ауысуы жағдайындағы «рухани қақтығыстар» өркениеттер қақтығысына апаратын бір жол сияқты. Сақ болатын жол. Аңдап басып, ақылға салатын жол.

Халқымыздың болашағы да, еліміздің көркі де – қыз бала. Олар – қадірлі қазынамыз. Олар – болашақ анамыз. Кең мағынада алып қарасақ, тіпті, ұлт анасы. Ал ананы сыйлаудың ең жоғары адами үлгісін Мұхаммед Пайғамбарымыз айтып кеткенін және өзінің өнегелі ісімен қапысыз дәлелдеп өткенін күллі мұсылман дүниесі жақсы біледі. «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» дейтініміз де содан.

Жер бетіндегі тіршілікті жалғастырушы, өмірді ұзартушы, ұрпақ ұластырушы – ана деген сөзде үлкен әрі аса маңызды философия жатыр. Біз осы мәңгілік тұжырымнан сабақ алып, отбасының, Отанымыздың тірегі, жақсылықтың тілегі – Аналарымызға өмір бойы адал қызмет жасауымыз қажет. Ана – отбасының тірегі, ал отбасы – Отанымыздың жүрегі.

Отбасына деген құрмет қаншалықты зор болса, оған артылатын міндет одан да орасан. «Отбасы – Отанның тірегі» дегенде қаншалықты мол мағына жатқанынан-ақ осыны аңғарар едік.

Қазақ «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дейді. Бұл – Ұлы Даланың ұлағатты педагогикасы мен дана бабаларымыздың ұрпақ тәрбиесіне мейлінше мән бергенінің айнасы.

Біз бүгінде, қит етсе тәрбиешілер мен мұғалімдерді, отбасы мен ортаны, одан асып қоғамды кінәлауға бейімделіп

барамыз. Тегінде, тәрбие мәселесін әркім өзінен бастауға тиіс. Демек, әрқайсымыз бүгінгі және болашақ ұрпаққа бағдар беретін пікір-пайымымызды айтып, жеке іс-әрекетімізбен үлгі-өнеге көрсетуіміз керек. Сонда ғана жұртымыз жаһандандудың жұмырына жұтылып кетпей, қазақы қалпымызды, дәнекерлі дәстүр-салтымызды сақтай алады. Сөйтіп, ұлттық болмыс пен рухани құндылықтардан, кісілік пен кішілік қасиеттерден қол үзіп қалмайды.

Келешектің күн тәртібі күрделене бермек. Оған тәлім-тәрбиесі ата-баба өсиеттеріне сай қалыптасқан, денсаулығы мықты, намыс-жігері мен қажыр-қайраты кемелденген, білім-білігі заман талабына лайықты жан-жақты жетілген ұл-қыздарымыз ғана қасқая қарсы тұра алады. Сондай ұрпақ қана ұлтымыздың ұпайын түгендеп, халқымыздың еңселі ертеңін нұрландыратын болады. Ондай сапалы да саналы буынға біз жалғыз Отанымыз – Тәуелсіз Қазақстанның тағдырын еш алаңсыз сеніп тапсыра аламыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне тоқталсақ, осының бәрі – ордаға айналар отбасының орасан зор мерейі мен мәртебелі міндеті. Өйткені, отбасы – Отан құндылығының қайнар көзі.

XII. Насихат

Қарияларымыз – қазынамыз

*Қарияларымыз – халқымыздың қиядағыны шалатын
қырағы жанары, қоғамымыздың қадірлі қазынасы.*

Нұрсұлтан Назарбаев



Қарияларымыз – қазынамыз

Қарияларымыз – халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары, қоғамымыздың қадірлі қазынасы.

«Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» деген қанатты сөз бар. Бәріміз білетін және жиі айтатын бұл сөз – халқымыздың қадірлі ұғымының бірі. Жалпы, қанатты қағидалар қағаберісте, жай әншейін айтыла салмайды. Өмірден көрген түйін, тұрмыстан көрген тәжірибе бағалы сөздің салмағын санаға салады.

Туған ауылдың тау жақ беткейіндегі піл сауырлы жасыл төбенің шалғынында, мал келер қарсаңда малдасын құрып, әзілдесе жарқылдап отыратын әкеммен құрдас қарттарды кезінде көп көрдім, көп тыңдадым. Олар менің алғашқы оқулықтарым еді.

Жаздың жаймашуақ кезінде, Үшқоңыр жайлауында, жылдың осы тамаша мезгілінде балалық балдәуреннің бақытына бір кенелер едік. Қатар-қатар сап түзеген киіз үйлердің мама ағаштарына байланған аттарынан асықпай түсіп, бір-бірімен төс түйістіріп, емен-жарқын есендесіп, әзілдескен ағалардың алдынан шығып амандасып, марқайып қалушы едік. Қариялар туралы, олардың еліміздегі өмірі мен тұрмысы туралы ойланғанда, есіме сол кезеңдер түсіп, солардың әрқайсысының айтқан сөздері мен берген ақылдарын жадымда жаңғыртып отырамын.

Әке көрген, аға сыйлаған ұрпақтың өкіліміз. Халықтық тәрбиенің мектебінен өттік. Оқ жондық, тон піштік... дегендей. Қалай болғанда да аға ұрпақтың маңдай тері мен еселі еңбегін жоққа шығаратын топтан емеспіз. Кеңестік дәуірде «қарттарға әркез құрмет, жастарға қашанда жол ашық» деген кең тараған ән болатын. Кеңестік кезеңде туды демесең, орынды да ойлы сөз.

Біздің халықтың орташа өмір сүру жасы жетпіс екіге жетті. Бұл деген – өте жақсы көрсеткіш. Тәуелсіздіктің жиырма бес жылдық кезеңінде халық жасының бұлайша жоғары көтерілуі еліміздегі өмір сүру деңгейінің де экономикалық даму қарқынына сай келетіндігін айқын көрсетеді.

Өмір бір орнында тұрмайды. Жас өседі, ұрпақ жаңарады. Өскен жастың өрісін тарылтпай, жаңаға жол ашып, жақсыға тілектес болудан артық қандай абзал азаматтық болуы мүмкін? Осы орайда мемлекеттік дамудың негізгі басым бағыттарын саралай отырып, экономикалық көрсеткіштер мен халықтың тұрмыс-тіршілігінің дамуын одан әрі тұрақтандыру мақсатында зейнеткерлердің жалпы санын азайту үшін ол деңгейді алпыстан алпыс үш жасқа көтердік. Бұл – қарияларымызға да, олардың ұрпақтарына да өзінің игі әсерін тигізетін саяси шешім.

Егер біз қарияларымызды қадірлеуді тек қана оны зейнеткерлікке жібермеу ғана деп түсінсек, ол қате болар еді. Бұлай болған күнде жастардың еңбекке араласу мүмкіндігі шектеліп, жұмыссыздық көлемі өсіп, іс басында жүрген адамдардың болашақта зейнетақы алу жағдайы қиындап кетер еді. Біз ел дамуындағы әрбір жағдайды алдын ала безбендеп, дер кезінде шешім қабылдап отыруымыз керек.

Атадан балаға, кейінгі ұрпаққа өркенді өнеге мен жақсы сөз жетеді. «Жақсы сөз – жарым ырыс» делінетіні де сондықтан. Қарттықтың қадірлісі – озық дәстүрлерді, халықтың бірлігі мен ынтымағын сақтауға өзіндік үлес қосу.

Байырғы тарихымызға ой көзімен қарасақ, қай кезеңде де қазыналы қариялар елді бірлік пен адал еңбекке жетелеп отырған. Дауды әділ шешіп, ешкімнің ала жібін аттамай, әділдіктің туын жықпай, туғанына тартпауымен көпке үлгі, жасқа тәлім берген. Ұлтымыздың ұлағатты салт-дәстүрлерін өмір мектебі ретінде одан әрі дамытып, келер ұрпақтың кемел деңгейге жетуіне тікелей атсалысқан.

Мұқағали ақынның «Қариялар азайып бара жатыр» деген белгілі жырын бәріміз де білеміз. Ойлана қарасақ, ол жолдардың сыры одан әрі ашыла түседі. Абзал ақсақалдық, қадірлі қариялық секілді халықтық ұғымдардың өз салмағын жоғалта бастағандай тұстары да бой көрсетіп қалғандай. Заманмен бірге адам да өзгереді. Бұл – табиғи заңдылық, адамзаттық дамудың қағидаты. Алайда, бәрін де заманға жаба беруге болмайды. Адамдық болмысты сақтап қалудың тарихи мектебін біз өз бабаларымыздың ғұмырынан, олар қалдырған өнегелі өсиеттерден, өрісті ойлардан ала білуіміз керек.

Жұртымыздың бағзыдан бергі болмыс-тірлігінде ақсақалдық өнеге қоғамдық өзін-өзі басқарудың бүтіндей бір институты болған. Ол тұста сот та, полиция да, прокуратура органдары да болмаған. Барша әділ қазылар алқасының қызметін қадірменді ақсақалдарымыз атқарған. Осы жерде бір нақтылай кететін нәрсе, «ақсақал» деген сөздің өзі тек сақалдың ағаруына ғана байланысты айтылмаған-ау. Қазақ – ақ түсті тотемдік деңгейге көтерген халық. Мәселен, «Аққа Құдай жақ» дегеннен бастап, ақ бата, ақ ниет, ақ жол, «Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын» дегенге дейінгі аралықтағы айшықты сөздердің бәрі соны аңғартса керек.

Одан кейінгі тағы бір атап айта кететін нәрсе, ол – ақсақал қатарының ең егдесі дегенді де білдірмейтіндігі. Ақсақал – өзі құралпыластары қатарындағы анағұрлым көнекөз емес, неғұрлым көгентүбі. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген сұңғыла сөз содан қалған болар? Демек, ақсақал – ауыл-елдегі қариялардың ішіндегі бірегейі, айтқанына сендіріп,

жұртты соңынан ерте білетіні, қара қылды қақ жарған әділдігімен ағайынды мойындата алатыны. Сондықтан да ондай адамның абыройы асқақтап, зор беделге ие болған. Оған халқы құрметпен қарап, айтқан уәжіне құлақ асқан.

Әрине, көпшілік кім көрінгенді олай әлпештей бермейді. Ендеше, ақсақал атанған ата-бабаларымыз сол сыңардың ешқайсысынан сүрінбей, тура жүрісінен танбай өткен айрықша ақжарылап тұлғалар болғаны ғой.

Ел болған соң, өмір болған соң, бас жарылып, көз шықпағанымен, жаға жыртысып, сөз таластыратын кездер кездеспей тұрған ба? Ондай ауыл ішінің тентектерін тезге салудан тартынбай, жөнсіз қылық, әнтек әдеттерден сақтандыру, кем-кетікке көмектесу сияқты күнделікті тірліктегі бар мәселе сондай ардақты ақсақалдарымыздың арқасында адал арнасынан ауытқымастан бүгіннің бедеріне жеткен.

Осыған орай бір ғана мысал келтіре кетейікші. Біздің замандастарымыз қазақ ауылдарында жетпісінші жылдардың жартысына дейін есіктерінде құлып атаулының болмағанын жақсы біледі. Ағайындарымыз бар мал-мүлкі мен бау-бақшасын көршілеріне аманаттап, апталап-айлап құда-жекжаттарына қыдырыстап кете беретін. Ал көршілер болса, нақ өзінікіндей сиырын сауып, майын шайқап, бақшасын суарып, аман-есен иесіне қайта тапсыра еді.

Иә, ардақты да абыройлы ақсақалдарымыз, қадірменді қарияларымыз ұлттық ұлағатымыздың, текті тіршілігіміз бен саф алтындай салт-дәстүріміздің сардар сақшылары-тұғын. «Қасқалдақтың қанындай» деп, ауызды құр шөппен сүртудің қажеті жоқ, қазақы қалпын сақтап, қасиетін қожыратпаған қарияларымыз қазір де бар. Мәселе солардың өмірлік мол тәжірибесі мен үлгі-өнегесін замана талабына сай ұрпақ тәрбиесінде ұтымды пайдалана білуімізде. Әрі оны ұзын арқан, кең тұсауға салуға да болмайды. «Бірі мініп келместің кемесіне, бірі күтіп өнекей жағада тұр...» демеп пе еді Мұқағали мұзбалақ?! Ендеше, қарияларымыздың жағдайына қамқорлық жасау да, қымбат қазынамызды қапысыз пайдалану да кезек күттірмейтін маңызды міндеттер деп білгеніміз жөн.

Ақсақалдық – абзал да абыройлы қасиет. Кешегі кеңестік кезеңде осы ұлттық қасиетімізге біршама көлеңке түсті. Еліктеу мен солықтаудың салқыны қариялық қасиетке де өзінің көлеңкесін түсірді. «Ауылыңда төбе болса – ерттеулі тұрған атпен тең, ауылыңда қария ұлағатты болса – жазулы тұрған хатпен тең» деген сөздің салмағы жеңілдеп, ұлағатты ұғымы солғын тартқан еді. Алайда, біз – ақсақалдықты ар мен намыстың туы етіп ұстанған елміз. Қарияның сөзі халықтың сөзі деп үйренгенбіз. Осы ұлы

дәстүрді жаңаша жаңғырту, заман болмысына қарай тәрбиелік-тағылымдық үрдіске айналдыру біздің алдымыздағы абзал мақсаттардың бірі болып қала бермек.

Дәстүрлі ақсақалдық халықтық ойдың қайнарынан, ата-бабаларымыздың баянды тарихынан бастау алып, дәуірлерге ұласып келе жатыр. Ол ғұрып жаңа заман жағдайында кезеңдік-кемелділік жағынан тың сатыға көтеріліп, ел дамуының елеулі белестерінде өзінің анық қолтаңбасын көрсетіп отыруы қажет. Әрине, дәстүрдің озығы бар, тозығы бар. Мұны да естен шығаруға болмайды. Қоғам бабалық дәстүрдің даналық дәрістерін бойына сіңіре отырып, оны жас ұрпақтың санасына жеткізуде өз ұстанымын айқындауы тиіс.

Осынау озық салттың санамен ұштасқаны мақұл. Сана адами-имани іс-әрекеттің ізгі жақтарын тереңдетіп, ұрпақ болмысын қалыптастыруда ұлағатты қызмет атқарады. Сонда жас ұрпақ жақсыны үйреніп, жаманнан жиреніп, жан дүниесіне жарасымды жол ашады. Қазына қарттарға деген қалтқысыз құрмет ойда да, тойда да өзінің көзқарасын орынды сөзбен, үйренер үлгімен үкілеп отырса, көптеген келеңсіздіктер кері шегінер еді.

Өнеге жақсы болса, өріс кеңейеді. Көпті көріп, көңіліне тоқыған қариялық пайымды ұрпақ зердесіне жеткізуде халқымызда қалыптасқан ұлттық дағдыны дамыта, заманға бейімдей отырып жаңғыртсақ, ел арасындағы бірлік пен ынтымақ одан әрі тұғырын бекіте түседі. Тұғыры берік төрден орнын алады. Тәлімді өнеге тірліктің кілтін ұстайды.

Саналы сөздің иесі де бар, киесі де бар. Жақсылыққа жұмылдыратын сөзді бала кезден жастарымыздың құлағына құйсақ, оның қайтарымы халқымызға олжа, жұртымызға жәдігер болмақ. Қариялық даналықтың халықтық даралыққа жол ашуы да осы жерден бастау алады. Халықтық бастаудың қайнарын әрқашан тазалап отыратын қарияларымыздың қатары азаймасын. Олар айтар үлгілі сөз саналыға сабақ болсын.

Қазіргі кезде қариялардың айтар ақжарылқап сөзі аз ба? Жастарға үлгі ұсынып, ізгілік пен игілікке жөн сілтеуде қариялар алдында тұрған маңызды міндеттер – ардың ісі, абыройдың қарекеті. Жастар бойындағы жаман қасиеттерді дер кезінде байқап, саналы сөзімен, салиқалы тәжірибесімен жөн көрсетуде ақсақалдық қасиет аттан түспеуі керек. Абыз Абайда: «Ақсақалдар айтпады деп жүрмесін» деген сөз бар. Ел алдындағы ұлы міндетті Абайша түсініп, ақыл-ой таразысын тең ұстауда қарияларымыз қатарын сиретпесе екен деп тілейміз.

Жастар қашанда жаңаға ұмтылғыш. Бірақ жаңаның бәрі жақсы да, ескінің бәрі жаман деп кім айтты? Жақсы мен жаманды

екшеп, жастар бойындағы ізгілік қасиеттердің дамуына қызмет ететін қариялықтың қадірлі мектебінің парасат есігі қашанда ашық болғаны абзал. Бағзы бабалардың, ақын-жырауларымыздың асыл сөздеріне ден қойсақ, небір халықтық қазынаның қайнарынан сусындаймыз. Тәлім де, тәрбие де, ұлағат та осында. Осы тұрғыда қайрат көрсету қариялардың мақсатына айналса, ғанибет болар еді.

Бірлік – халқымыздың ұлан тарихындағы ұлы сөз. Қазақты аман сақтаған да, ұлттық қасиетін асқақтатқан да осы сөз. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деген қарапайым сөзде аса маңызды қуат бар. Халықтық мүдде, елдік қасиет бар. Тәуелсіздікті алған кездегі алғашқы іс-әрекетіміз де осы сөз үдесінде болды. Бүгін болып жиналды. Бір мақсаттың жолында баршаны ұйыстырдық. Саяси тұрақтылық атты тарихи атауға ие болған тіркесте халқымыздың «бірлік» атты сөзі тірлігіміздің тірегі болды. Ата-бабаларымыз аманаттап, аламан жұртымызды аман сақтауда өлшеусіз қызмет атқарған бұл сөзді бүгінгі қарияларымыз одан әрі қастерлеп, саналарға сіңіргендері дұрыс. Бұл қарияларымыздың парасатты парызы дер едім.

Ұлт болып ұйысудың ұлы идеясы – бірлік. Тәуелсіздік тізгіні қолға тиген алғашқы күннен бастап біз бірлік атты ұлы ұғымды мемлекеттік саясат ретінде ұстандық. Өйткені, бұған дейінгі тарихтың ащы сабағы бұзылған бүгіннің, ыдыраған ынтымақтың қандай ауыр халге душар ететінін қапысыз көрсеткен-ді. Бір отбасының өзінде бірлік пен береке болмаса, шаңырақ шайқалады.

Ғасырлық ғибраттан үлгі-өнеге, саналы сабақ ала отырып, мемлекет дамуының түпқазығы етіп бірлік атты баянды міндетті алдымызға қойдық. Алыс-жақында болып жатқан дүрбелеңдердің себеп-салдарын сезініп, бірлігі жарасқан ел болудың ұлттық арқауын ұлықтауға ұмтылды. Осы орайда ел ағаларының, қадірменді қарияларымыздың қайраткерлік танытқанын біз ешқашан естен шығармаймыз. Осы жақсы үрдісті үзіп алмау жолында жұмыс істей береміз.

Жас ұрпақ жаңа кезеңнің бақытты шақтарын бастан кешуде. Ұшар қанаттың талпынысына мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуде. Біздің халқымыз барға – қанағат, жоққа – салауат кезеңдерді де бастан кешті. Қиыннан жол, күрделіден шешім таптық. Мұның бәрі халық бірлігінің нәтижесінде мүмкін болды. Бүгінгі күні ешбір қазақ баласы жат елде жасып, жалшылық қызметте жүрген жоқ. Бұл – мемлекеттің мерейі. Бұл – халықтың бақыты. Бақытты бағалай алсақ, оның баяны да, бағасы да қашанда ұзағынан сүйіндірмек.

Өмір қашанда – күрес. Бүкіл ғұмырың – еңбек. Маңдай тердің өтеуі заман алмасқан сайын күрделі бола түседі. Дүние

қазір дүрбелең. Ақ пен қараның мәңгілік күресі адамзаттың жаратылуынан бері жалғасып келеді. Арымызды дақ түсірмей сақтаған халықпыз. Бірақ сен сақтанғанмен, сырт көз сұғанақтығын тоқтатпайды. Бақталастық белең алды. Ол да қызғаныш пен көре алмаушылықтан туындайды. Діни сауатсыздықтан, адам санасындағы адасушылықтан лаңкестік әрекеттер жиі бой көрсеткен қазіргі заманда жастарымыздың жаман жолға түсуінен сақтандыратын да, сақтайтын да қарияларымыз осы жағынан санаткер сергектік танытса дейміз. Ананың ақыл ойы ұл-қызға, ағаның ақыл-ойы іні-қарындасқа тәлім болса, тәрбиенің үлкені де – сол.

Жастар қашанда еліктегіш. Сырттан келіп жатқан аткөпір ақпараттар, ағыл-тегіл жаңалықтар, сан алуан мәдениеттің сапалы-сапасыз дүниелері оң-солын жете танып үлгермеген жастарымызды жетектеп кетіп жатады. Жаһанданудың толассыз толқыны ұлттық ұғымдарды түмшалап жатқан қазіргі кезеңде жастар тәрбиесіне жанашырлықпен атсалысу – баршамыздың азаматтық парызымыз. Осы орайда ақсақалдықтың асыл дәрістері дәйекті жүріп жатса, қарияларымыз үлгі-өнеге көрсетіп, саналы сөз санатқа кіріп жатса, ұтарымыз аз болмас еді.

Халқымыздың қилы тарихында ұлт-азаттық күрестің мән-мазмұны ерекше назар аударуды қажет етеді. Сыртқы жаулармен ғасырлар бойы шайқасып, азапты арпалыстарды бастан кешкен халқымыздың жанын берсе де арын бермеген, қанын төксе де, қарыс жерін дұшпанға бастырмаған ұлы ерлігін ұлықтауда, ұрпақтың санасына жеткізуде қарияларымыздың алдында тұрған парыз жетерлік. Біз – ерлікті ежелден енші тұтқан жұртпыз. Елдікті ту етіп көтерген халықпыз. Ұрпақтар сабақтастығын ақылмен жалғаған, ата жолын парасатпен ұстаған елміз. Осынау ұлы тарихымызды ұлықтау жолында, оны қастерлей отырып, халық жадына жазуда ақсақалдықтың орны тым бөлек.

Әр ауылда, әр ұжымда, әр ортада ағалар кеңесі, ақсақалдар алқасы, ардагерлер ұйымдары қызмет жасаса, елдік қасиеттеріміздің еңсесі көтеріліп, ұлы дәстүрлеріміз одан әрі дами бермек. Көпке ақылын айтып, жұртқа жағымды мінезімен көрінетін қарияларымыз қай жерде де бар. Тыңдар құлақ, көрер көз болса, оларды тауып, ортаға тарту керек. Орайы келгенде кеңесіп, ел болудың пайымын бірлесе ойластырса, халықшыл қасиетіміз жаңаша қырынан жарқырай көрінеді.

Кезінде кең-байтақ елімізде еңбегімен де, ақыл-парасатымен де өз мамандығының қыр-сырын қапысыз меңгерген аға-апаларымыз болды. Олардың бірталайы қазір де Отанымыздың дамып, өркендеуіне шынайы ақыл-кеңестерімен елеулі үлес қосуда. Өз кезеңінде дала академиктері атанған еңбек қаһармандары

Шығанақ Берсиев, Жазылбек Қуанышбаев, Ыбырай Жақаев, Нұрмолда Алдабергенов, Ұлбала Алтайбаева, Сәлима Жұмабекова, Зылиха Тамшыбаева, Кәмшат Дөненбаева, Жолсейіт Молдасанов секілді жүздеген үздіктер елдің даңқына даңқ, абыройына абырой қосып, жастарымыз еліктейтін ерен тұлғаларға айналды. Бұлар өз мамандығының топжарғандары еді. Олардың қай-қайсысы да еңбегі мен ақыл-парасаты қатар тоғысқан жаңдар болатын. Бүгінгі күні олардың игі істерін, іргелі жолын жалғастырып келе жатқан келесі толқын да осы биіктен көрінуде. Бұл толқын жалғаса, жаңара береді.

Ата көргеннің ақылы артық, өмір көргеннің өнегесі артық. Жас өсемін деп ұмтылса, қарттың ақылы демеу болады. Жас үйренемін деп құлшынса, жайсаң үйретерін бүгіп қалмайды. Халқымызда «көзбен көргеніңе қолың жетсін» деген баталы сөз бар. Дуалы ауыздан шыққан дәйекті сөз қай істе де қолбасшылық қуатын жоғалтпайды. Қарияларымыздың халықшыл сөздері жастарымыздың жан дүниесіне шуағын түсіргей.

Бәріміздің жанымызға етене жақын Сағи ақынның: «Даламның исі бұрқырап, қарттарым, аман-сау жүрші» деген сөзін мейлі ол басшы ма, қосшы ма, әрбір азамат ойынан шығармай жүрсе, ұрпақтар сабақтастығы ұлы көшін жарасыммен жалғай береді. Сонда қарияларымыз да қарыздар болып қалмайды. Аман болсын, Ұлы Дала елінің қариялары!

Ғасырлар бойғы ұлт-азаттық көтерілістердің ілгері-кейінді шежіресінде халықшыл қариялардың ел есінен кетпейтін есті сөздері әлі де ат үстінен түскен жоқ. Отаршыл империяның қазақ жастарын қара жұмысқа, қасіретті майданға көгендеген кесірлі кезеңінде қарияларымыздың аузынан жеткен «бала берсек, бала өледі, бала бермесек, шал өледі, бала өлгенше, шал өлсін» деген ұлы сөзі ақсақалдықтың асқаралы сөзі. Осы қарапайым да қаһарман сөзде қарттықтың халықтық қуаты мен ұлттық ұраны жатыр.

Жақсы қария – жан досың. Тәуелсіздіктің таңғы арайында абыз ақсақалдарымыздың берген батасы қабыл болды. Ел болып еңсе тіктедік. Мемлекет болып мәртебеміз өсті. Батамен ер де, ел де көгерді. Егемендіктің ұлы көші бірден тіктеліп, даңғыл жолға түсіп кете алған жоқ. Бұған халқымыз куә. Қиналған да, ұтылған да жерлеріміз болды, бірақ дағдарған жоқпыз. Жолымыздан жаңылмадық. Халықтың сенімі мен үмітін желкен етіп, жақсы күндерге қол жеткіздік. Осы кезеңде қазыналы қариялардың демеуі мен сүйеуіне ие болдық.

«Жаңа екі достан, ескі бір дос артық» дегенді өзіміз айтпасақ та, өзімізге ұстанған халықпыз. Бұл жерде ескі дос деп отырғанымыз – қадірлі қарияларымыз. Бізде Ардагерлердің республикалық

кеңесі бар. Ол – жанды, жігерлі ұйымдардың бірі. Жұмыстары да қауырт. Мемлекеттің мерейлі де маңызды мәселелерінің бәрінде үн қосып, белсенділік танытуда. Мына іргеміздегі түрікмен халқында «Өзіңді – сүт, досыңды қаймақ деп бағала» деген тәмсіл бар. Біз де қарияларымызды қаймақ деп есептейміз. Олардың достыққа берік, жолдастыққа адал екенін өмірлік іс-әрекеттері дәлелдеуде.

Даланың дана қарттары біздің ұлы тарихымызда ұлық міндеттерді атқарған. Олар да жас болған, жалынды болған. Жанар кезде жанған, озар кезде озған. Осыдан барып үлкен өмірдің сүзгісі мен сынын көріп, мол тәжірибе жинап, ақыл мектебінің алғыр шәкірттеріне айналған. Көпті көргендердің ақыл-ойы – олардың тәжірибесі мен ақыл-сезімінің қосындысы. Біздің жас мемлекетіміз де жалындап өскен жастық секілді. Өмір өтер, талай ұрпақ ауысар, сонда еліміз дана қарттай байыпты, данышпандай ойлы кезеңді бастан өткеріп, әлемдік өркениеттің алдыңғы сапындағы елдің бірі болар.

Ұлы Даламыздың ұлық тарихында жаның жадырайтын жақсы қасиеттер ұшан-теңіз. Соның бірі – дала демократиясы. Оның басты ұраны – әділдік, бірлік және ұлттық тұтастық. Атақты билердің, айбынды ақындардың аксиомаға айналған афоризмдеріне ой жіберіп қарасаң, олардағы халықтық қасиет, ұлттық ұлағат айқын көрінеді. Сондай кезде ақылман абыздың ой тереңдігіне тәнті болып, дала философиясының ұлы сарынын сезінесің. Өзегі – ақыл, өнегесі – нақыл жұртыңның асыл сөздері ұрпақтар санасына жетіп жатса, бұдан артық қазына бола ма?

Осылардың бәрі бізге жас күнімізден қарияларымыздың үлгі-өнегесімен, саналы сөзімен, азаматтық қайраткерлігімен жетті. Атадан балаға көшін бұзбай ұласып жататын көшелі сөз біздің ұрпақтың жадына жазылып, сөнбейтін сәулесін түсірген. Ауыл қарттарының ақыл мектебінен сабақ алған санаткер ұрпақ халқымыз үшін қатал сын болған қилы кезеңдердегі оқиғалардан аман, абыройлы шығып отырды. Інжілде: «Әуелі сөз болған» деген тарихи ұғым бар. Сол сөз ең әуелі біздің байтақ даламызға жеткен шығар деп ойлаймыз. Осы қасиетті қағиданы халық санасына сіңірген сардарлар мен сәруарларға әрқашан алғыс айтамыз.

Жаңбырмен жер көгереді, алғыспен ер көгереді. Екеуі кемелденгенде ел көгереді. Ел дамиды, өседі, тұлғасы биіктейді, тұғыры бекиді. Біз қазір – қартымыз да, жасымыз да – осы міндетті орындау жолында бірлесіп күш жұмсап жатырмыз. Бірліктің барар жері – табыс. Қарияларымыздың қас-қабағына қарап, олардың өмірлері жайлы болуы жолындағы жұмыста ата-баба дәстүрі қалыптастырған қағидаттар негізінде қызмет атқарамыз. Өйткені, уақыт деген қас-қағым, ертең сен де үлкейіп, оның жасына келесің, сонда осы әдеттерді жасайтын жасқа сен де ділгір боласың. Өмір

– кезек, дәстүр – мәңгілік. Өмір бойы бала болып қала алмайсың.

Мемлекет бақытты қариялық ғұмырды ұзартудың барлық жағдайын жан-жақты ойластырып, жақсылықтың бәрін жасауға әрқашан дайын. Аға ұрпақтың алаңдауына негіз жоқ. Өйткені, біз ұрпақтар сабақтастығының алтын көпірі – абзал қарияларымызға құрмет көрсетудің ұлттық дәстүрін бойымызда сақтаған елміз. Сақтай да береміз.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырлық кезеңінде іс басында болған азаматтарымыздың бірталайы қазір зейнеткерлік кезеңге жетіп, қадірлі қарттықтың қызығын көріп отыр. Олар әлі де қатарымызда. Мемлекет дамуының барлық мәртебелі шақтарында ақыл-ойымен, шынайы пейілімен, жастарға тәлім-тәрбие беруімен ұлттық ұлы дәстүрлерімізді ұлағаттап, парасат биігінен көрінуде.

Ел ортақ, жер ортақ, ендеше, абырой мен бедел де ортақ. Қазақстан атты ұлы кемеріміздің ақ желкені дәуір айдынында адаспай жүзіп келеді. «Кемедегінің жаны бір» деген халық сөзі бар. Біздің жанымыз да, арымыз да туған халқымыздың абыз ақсақалдарымен бірге.

Ортақ абырой – Отан қуаты. Әлемдік өркениеттен өз орнын тапқан қазақ елінің бірлігі мен тұтастығы келер ұрпаққа мәңгілік міндет, халықтық қасиет болып қала береді. Бұл жолдағы ақсақалдарымыз бен кейуаналарымыздың қосар үлесі ел дамуына ерекше серпін береді деп сенеміз. Қарияларымыз – қазынамыз бар, демек тұғырымыз биік, туымыз жоғары болатынына күмән жоқ.

Тұлпар мініп, ту ұстаған қазаққа Алланың ақ нұры жауа берсін!

XIII. Насихат

Мұраты бірдің – қуаты бір

Біз – алыс сапарға бел буып, кемеімізді тәуекел теңізіне түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратты тәуелсіздік тұғырына ту етіп байлаған елміз.

Нұрсұлтан Назарбаев



Мұраты бірдің – қуаты бір

Біз – алыс сапарға бел буып, кемемізді тәуекел теңізіне түсірген елміз, елес үмітті емес, ерлік пен елдік мұратты тәуелсіздік тұғырына ту етіп байлаған елміз.

Бұл кітап не үшін жазылды? Оның маңызды себептері бар.

Тәуелсіздіктің жиырма бес жылдық кезеңін мемлекет дамуының игілікті нәтижелерімен қарсы алдық. Әлемдік өркениеттен егемен ел қатарында өз орнымызды таптық. Өзгелермен бойымыз да, ойымыз да теңесті. Халықаралық қоғамдастықтың белді әрі белсенді мүшесі ретінде мәртебелі мінберлерден сөз ұстап, көзқарасымызды кеңінен танытуға қол жеткіздік. Мұның бәрі тарих үшін қас-қағым сәт саналатын ширек ғасырда жүзеге асырылды.

Қарудың күшімен емес, ақыл-парасаттың, сарабал саясаттың қуатымен әлем назарын өзімізге бұрдық. Тәуелсіз мемлекет атанып, шекарамызды шегендедік. Төл теңгемізді төрге шығарып, аумақтық тұтастығымызды төрткүл дүниеге мойындаттық. Мемлекеттік рәміздерімізді жұмыр жердің қай түкпірінде де асқақтатып келеміз.

Әлем қазақ жерінің кеңдігін ғана емес, байлығы мен бақытын да, бейбітшілік сүйгіш жігерін де мойындайтын болды. Мұның бәрін аз кезеңде абыроймен атқарып шығу оңай болды ма? Әрине, жоқ. Бірақ бұлардың бәрін жүзеге асыруға бізде ежелден қалыптасқан халықтық дәстүр, тарихи үлгі бар еді. Еуразияның алып аймағын мекендеген қазақ жұртының бұрынғы даңқы мен салты дербес мемлекет қалыптастыруда даналық даңғылы бола алды. Арғы тарихи бастауларды айтпағанда, бергі қазақ хандығының дәуіріндегі тәуелсіз ел болудың ұлттық мұраты кеңестік кезеңнің күйзелісінен кейінгі жылдарда бірден еңсе тіктеп, ірге бекітуімізге негіз қалады. Тегінде бар тез оңалар деген осы. Асыл арман алдымыздағы жолды ашып отырды.

Мұның түп-төркіні мемлекеттік мұратта, халықтық мақсатта жатыр. Бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай бірігіп өмір сүрудің баянын ұсынған бабалар тарихында жатыр. Байтақ кеңістіктің байырғы жұрты болғандықтан, біз өз жерімізде асыл арманымыздың қанат қағуына жақ-жақты қол жеткіздік. Ел дамуының кезең-кезеңдік кестесін түзіп, демократиялық құндылықтарды жаңғырта отырып, жаңа тұрпатты мемлекеттік модель жасадық. Отанымыздың әрбір мүшесінің көкейіндегі үміт пен күдіктің ара салмағын дер кезінде таразылап, күдіктің көлеңкесін күншуаққа айналдыра алдық. Біреуден оздық деп мақтанбай-ақ қоялық, бірақ өзгелер сабақ алатын, үлгі тұтатын мемлекеттік құрылым жасақтап, тәуелсіздік талаптарын тұтастыққа ұластырдық.

Уақыт бізбен санасты. Заман бізге мойнын бұрды. Ел есейді, елмен бірге мен де үлкен өмір мектебінен өттім. Қандай қиын кезеңде де халқымыздың бірлік пен ынтымақты бірінші орынға қойған ұлттық дәстүрін нық ұстай отырып, көп ұлтты Қазақстан халқының ауызбіршілігі мен өзара түсіністігін, сыйластығы мен төзімділігін мемлекет дамуының темірқазығы етіп қалыптастырдық. Жаппай қырып-жоятын ядролық алапат қарудан өз еркімізбен бас тарта отырып, халықаралық қоғамдастықтан, іргелі мемлекеттерден бейбітшілігімізге кепілдік алдық. Бұл қадам да ынтымақшыл халқымыздың тарапынан өз кезінде қолдау тапты. Мұнда да мұратымыз бір, мақсатымыз ортақ болды. Мұның бәрі еліміздің бүгінгі мен ертеңін тереңнен ойлап, дұрыс шешім қабылдау нәтижесінде жүзеге асты.

Бүгінгі таңда 5 институттық реформаны жүзеге асыру жолында 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын орындауға кірісіп кеттік. Біз үшін бұл да сындарлы кезеңнің тағы бір сынағы болмақ. Міне, осы тұста сөз бен істің бірлігі қашанда ел дамуының нақты көрсеткішіне айналады.

Біз егемен ел болу жөніндегі ата-бабаларымыздың асыл арманын жүзеге асырдық. Еліміздің өзі таңдаған дара жолы бар, ол – бейбітшілікті сүйетін, қауіпсіздікті қорғайтын Қазақстан Жолы.

Тәуелсіздіктің жиырма бесінші жылын жаңа қазақстандық арманды жүзеге асырудың айқын жетістіктерімен қарсы алып отырмыз. Ел экономикасының серпіні мен әлеуметтік әлеуеті әлемдік дағдарыстың сын-тегеуріндеріне берік шыдас беріп келеді. Ең бастысы, халқымыздың көңілінде рухани-психологиялық дағдарыс жоқ. «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың жалпыұлттық бағдарламасы жаңа қуатпен жүзеге асуда. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Ата-бабамыз қанымен, жанымен қорғаған ұлы далада Мәңгілік Ел қалыптастырудың барлық шарттары мен мүмкіндіктері жасалды. Мемлекеттік ұстаным тұғырын бекітті.

Ғасырлар тоғысын біз жаңа елорда төрінде қарсы алдық. Енді, міне, екі ғасыр тоғысында, жаңа мыңжылдық табалдырығында өшкен жанып, өлген тіріліп, кеткен есе түгенделіп, жығылған ту қайта желбіреп, құлаған орда қайта бой көтергеніне де куә болып отырмыз. Ұзағынан сүйіндіргей, ұлы жорықта қазынамыз молайып, қадіріміз арта түскей!

Саясаттың ең басты ұстанымы – тұтастық, татулық. «Бірлігі жеткен ел озады, бірлігі кеткен ел тозады» деген сөзді де айтқан дана халқымыз. Туған жұртыңа мүмкіндігің жеткенше тұтастық туралы айтарыңды айтып қалу керек. Өйткені, бірлік – біздің барлық жеңістеріміздің қайнар көзі. Осыны әрдайым жадымызда ұстауымыз қажет. Ата тарихымыздың аманатын есте ұстап, бағзы замандардың шаңдағындағы шежіреге айналған ұлттық ұлағат пен

тарихи ақиқатты жас ұрпақтың жадына мықтап сіңіруге тиіспіз.

Коммунистік идеология кезіндегі лениндік ұран бойынша «біз қай мұрадан бас тартамыз?» деген сұрақ күн тәртібіне қатаң қойылды. Бұл сұрақтың жаттаңды жауабы мен беймәлім нұсқасын бізге де мықтап таңды. Өз ішімізден шыққан неше түрлі ағымдардың көкпар тартқандай болған даурықпа, ұраншыл науқандары да артта қалды. Қай кезде де асыра сілтеу мен мансапшыл мәңгүрттік халықтың көз жасымен суарылып отырған. Ол тарихты жақсы білеміз. Көргеннен кеңес, қателіктен сабақ алып отырсақ, көшіміз өз бағытынан жаңылмайды.

Біз ұлттық мұрадан ешқашан бас тартпаймыз. Қалай болғанда да, ол – біздің ортақ тарихымыз. Сол қымбат қазынаны заман талабына сай жаңғыртып, жас ұрпақтың қажетіне жарата білуіміз керек. Мәртебелі болашақ туралы армандай отырып, мерейлі өткенімізді де жадымызда сақтағанмыз абзал. «Өткеннің өнегесі – бүгіннің кенересі, ертеңнің керегесі» деген тәмсілді көкейімізге жазып қойғанымыз жөн.

2015 жылғы БҰҰ-дағы басқосуда Қазақстан әлемдік үлкен мінберден өзінің уақыт алдындағы борышын сезіну тұрғысында аса маңызды бірнеше ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, БҰҰ-ның 100 жылдығына қарай Жаһандық Стратегиялық Бастама – 2045 Жоспарын жүзеге асырудың бірінші кезектегі қадамы ретінде «Жаңа Болашақ» тұжырымдамасын жасау қажет. Бұл үшін: «БҰҰ-ның Экономикалық және әлеуметтік кеңесін Жаһандық даму кеңесіне айналдыру; БҰҰ-ның ядролық қарудан азат әлемге қол жеткізу жөніндегі Жалпыға ортақ декларациясын қабылдау; санкцияларды өз еркімен қолдануды БҰҰ Жарғысы мен халықаралық құқық нормаларына қайшы келетін қадам ретінде болдырмай тастап, 2016 жылы халықаралық құқықтың арқаулық қағидаттарын бекітуге үндейтін БҰҰ-ның жоғары деңгейдегі халықаралық конференциясын шақыру; терроризм мен діни экстремизм қатері жаһандық ауқым алып отыр. БҰҰ туы астында халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимыл танытатын біртұтас әлемдік жүйе құру; БҰҰ-ның «Орнықты энергетика – барша үшін» бастамасын қолдау мақсатында 2017 жылы Астанада «Болашақтың энергиясы» тақырыбында бүкіләлемдік ЭКСПО көрмесі өткізіледі. ЭКСПО-2017 көрмесінің инфрақұрылымдары негізінде Астанада БҰҰ туы астында Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобаларды дамытудың халықаралық орталығын ашу.

Бұл ұсыныстардың бәрін сессия делегаттары толық қолдап, мақұлдады. Өйткені, бұл проблемалар тек бір елге емес, барша мемлекеттерге де қажет, ортақ мәселе. Қазір жеке ел ретінде немесе жалғыз мемлекет болып озып кету мүмкін емес. Әлемдік

жаһандану жағдайында әлемдік түсіністік пен ынтымақтастық ауадай қажет. Бұл жерде «жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас» деген сөзді еске алудың артықтығы жоқ. Бірақ көп болып адасу үшін емес, көппен бірге дұрыс жол табу үшін. Адам санасындағы өзгерістер сонда мемлекеттік сананың жаңа белеске көтерілуіне тұғыр болады.

Жол іздеген жолаушының, арман қуған жастықтың және ел бірлігі мен тыныштығын тілеген қарттықтың жолы бір. Мемлекет дамуының әлемдік өркениеттен өз орнын тауып, сол биіктен үнемі көріне беруіне қызмет істеп жүрген саясаткер жолы да сондай. Бұлардың бәрін адал мұрат, асыл мақсат тоғыстырады. Мұраты бірдің – қуаты бір. Ол қуат елдіктен, дамудан, өркендеуден, бірлік пен бейбіт күндерден бастау алады. Және оның бағыты да, бағдары да халықтікі. Халық ортақ арман, бір мақсатқа бірлесе ұмтылса – оның ертеңі бақытты боларына еш күмән жоқ.

Менің мұратым – елімнің бүгінгі бейбіт өмірі, ертеңгі нұрлы болашағы. Келер ұрпақтың алғысы мен ризашылығы біздің бүгінгі істеріміздің жарқын нәтижесіне тікелей байланысты. Осы жолда халық бірге болса, қамал аламыз. Осы жолда мақсат ортақ болса – қуатымыз тасып, күш-жігеріміз еселене түседі. Сол жолда мемлекет пен халық мүддесі ұштасып жатса, мәртебелі міндет – осы.

Жас кезімде арманшыл болдым. Алдыма қойған мақсатыма жетуге қашанда бар күшімді салдым. Елімнің қажетіне жарайтын бір азаматы болсам деген арман мені үнемі биік шыңдарға жетелеп отырды. Еңбектің қиындығынан, өмірдің сынынан қашып, тайсақтаған кезім болған жоқ. Бұл жөнінен туған елімнен өмірлік сабақ алдым.

Әрине, ол кезде тәуелсіз мемлекеттің Тұңғыш Президенті болам деп армандаған жоқпын. Бірақ адам өзінің маңдайына жазылған тағдырынан қашып құтыла алмайды. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Елбасы болу тағдыры маған бұйырды. Бұл жолда аянып, жасқанып қалған жерім жоқ. Менің бақытым – халқымның бақыты. Менің жеңісім – жұртымның жеңісі. Менің тапқаным – елімнің қазынасы.

Елдің бүгінгі мен ертеңі туралы ой әркез, қайда жүрсем де бір сәтке де тыншу таптырмайды. Кейде өзімді көптеген ұлдары мен қыздары, немере-шөбересі бар қарияға, көпті көрген атаға ұқсатамын. «Балалы үй – базар» деген халқымыздың қанатты сөзі бар ғой. Ал кейде өзімді халқымның алдында баладай сезінемін.

Халқыммен бірге өстім. Балалық шағымнан бастап өзімді туған елімнің бір пайдасына жаратсам, абыз Абай айтқандай, елімнің бір кірпішіне айналсам деген мақсат-мұрат менің ержету

жолындағы басты жолбасшым болды. Қарапайым ауылда, көп балалы үйде өстім. Көпшіл, халықшыл болуымның бір себебі осында жатыр деп ойлаймын. Жақсыны көрсем, ұмтылып, соған теңделуге тырыстым. Үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болып ержеттік.

Ой еркіндігі сөз еркіндігін туғызады. Сөзі еркін басқалардан озық көрінеді. Озған сайын оның мәнін ұғынып, мәнісін біліп, көңілің көкке көтеріліп, өзіңді азамат ретінде сезіне түссің.

Біздің ұрпақ – тезірек ержетуге асыққан ұрпақ. Біздің балалық балдәуренді белшеден кешіп ұзақ жүруге мүмкіндігіміз де болмады. Бір жасқа келгенімде Ұлы Отан соғысы басталыпты. Ата-анамыз сол бір сұрапылдың сұмдығын жұртымен бірге көріп, ортақ жеңіске өз үлестерін қосты. Елдегі тылда күндіз-түні бел шешпей еңбек етті.

Майданнан келген «қара қағаздардың» қасіретін бастан кешпеген шаңырақ Шамалғанда да болмаған секілді. Алыс майданда атылған әрбір ажал оғы біздің балалық шағымызды да баудай түсіріп жатты. Сол кездегі халықтың көз жасы, аналардың аңыраған үні мен әкелердің жер шұқып, көкірегі қарс айырыла күрсінгені әлі көз алдымызда. Бірде байыбына барып, бірде бара алмай, әркімнің бетіне жалтақ-жұлтақ қараған жетімдердің боталаған көзіндегі бадана жас бала көкіректе қалып қойғандай.

Әрине, бес жастағы балаға жеңістің салтанатын толық сезіну қиын болар. Дегенмен, ауылдағы ұлан-асыр қуаныш пен шанағынан асып төгілген шаттықты аналарымыздың ақжарқын күлкісінен, әзіл-қалжыңынан сезініп, жерошақ басындағы самсаған самаурындар мен иісі бұрқыраған қозықұлақ бауырсақтардан дәм татқан сайын балаң жүрегіміз тамаша бір қуанышты сезініп, қызыққа батқанбыз. Киіз үйдің іргесін түріп тастап, төрінде сақалын саумалап, талай жыл қабағы қарс жабылған ақсақалды аталардың алдарына немерелерін алып, бастарынан сипап, маңдайларынан иіскеп отырған сол бір сәт халқымыздың қилы ғұмырындағы ең бір бақытты кезеңі болған еді.

Қазақстан халқының ауызбіршілігі, ынтымағы бұзылмаса, біз әлемдегі бақытты елдердің біріне айналарымыз сөзсіз. Өткен тарихтан «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деген сөз қалған. Біз – Сарыарқаның сайын даласында жаңа елорда тұрғызып, оның төсіне самұрық қондырған елміз. Алып әлемнің дамуында енді самұрықтар қанат қағатын болады. Ол қазақ елінің – Ұлы Дала елінің азат аспанында мәңгі қалықтай береді.

Елдің атауы да сол сияқты. Мұнда да терең пайым, талғампаз ой, тарихи сабақтастықты ұлттық ұғымға ұштастыру мәселесі басты назарда болғаны жөн. Біздің халқымызды кезінде «қырғыз»

деп атады, кейін, 1925 жылы әуірімдеп жүріп, Алаш арыстарының арқасында қазақ атауын әрең дегенде алдық. Тәуелсіздік алған тұста ел атауы қалай болады деп қатты ойландық. Даму үрдісін, қалыптасқан қағидаттар мен көп ұлтты республиканың тұрақтанған атауын өзгертуді келер күндердің еншісіне қалдырып, «Қазақстан Республикасы» деген қазіргі атауға тоқтадық. Бұл қадамымыздың дұрыстығын қазіргі кезеңдегі ел дамуы көрсетіп отыр.

Елдің атауы – бүгінгінің баяны, ертеңнің мерейі. Қазақ хандығының 550 жылдық торқалы тойын неге біз жалпыұлттық мереке, мемлекеттік мейрам ретінде атап өттік? Не үшін тойладық? Ел мерейінің өсуі үшін. Өзгелер бізді тануы үшін. Жас ұрпақ сабақ алуы үшін. Ұрпақтар сабақтастығының жалғасуы үшін. Тарихымыз жаңаша жаңғырсын дедік. Тәуелсіздік тұғырының одан әрі беки түсуін қаладық. Қол жеткен табыстарымыз тұрақты болып, әлемнің дамыған елдері бізбен санассын дедік.

Осы мерейтойда Ұлы Дала елі деген атауды ұлттық идеяның ұстыны, мемлекеттік саясаттың басты бағдары, «Мәңгілік Ел» идеясын мәңгілік ету бағытындағы негізгі міндет деп қарастырдық. Біз осы орайда мұның мән-мақсатын ашатын «100 қадам» жалпыұлттық жоспарын іске асырудың негізгі тетіктері деп тұжырымдаймыз. Бұл аса маңызды да күрделі бағдарламалар Ұлы Дала елі атауын әлемге танытудың бастапқы тарихи алғышарты деп қабылданады.

Ел атауын ауыстыруда кейде асығыстық пен албырттыққа да жол беріп аламыз. Кейбір азаматтар бұл орайда менен шапшаңдық пен шұғыл шешім күтеді. «Үй менікі деменіз, үй артында кісі бар» деген емес пе халқымыз? Өзгермелі әлемнің қас-қабағына қарап, әр қадамымызды ақыл, парасатпен өлшеп, бейбіт күннің бесігінде жатқан «тыныштық атты сәбиді» тербетуден жаңылып қалмау үшін жан-жақты байыптауымыз қажет. Сәтін салса, батырлықтың бағы бар, баяны болса, байлықтың да бағы бар. Біздің байлық – бірлік пен тұрақтылық.

Халқымыз – кейде дана, кейде бала. Әсіресе, бала дегенде жүрегі елжіреп, тілегі мөлдіреп тұратыны содан болса керек. Ұрпағым жалғасса деген шынайы тілектерін дүниеге келер балаларына риясыз көңілден арнап, олардың аман-есен болуларына ерекше мән берген. Даланың өз философиясы мен шындығы, өз заңдылықтары бар. Оның бәрі ата-бабамыздың өмір сүру салтынан, ұлттық дәстүрінен айқын көрініп, анық танылып жататын. Қазіргі кезде біз оны бірде ескіліктің қалдығы, енді бірде күні өткен дәстүр ретінде қарап, жеңіл байлам, желбуаз әрекеттерге де бой беріп қалып жүрміз.

Дана халқымыздың ұлы қасиеттері көп. Ол қасиеттер

– біздің өмірлік мектептеріміз. Оқимыз, үйренеміз. Бұл үшін құштарлық, талапшылдық және талғам керек. Жұртымыздың жақсы қасиеттерінің бірі туралы айта кеткеннің артықшылығы бола қоймас. Ол – кешірімпаздық. Біздің халқымызда «алдыңа келсе – атаңның құнын кеш» деген ұлы сөз бар. Жастарымыз да осы қасиетті бойларына сіңіріп өссе екен деп армандаймын. Кең болсаң, кем болмайсың.

Ал енді туған елің, халқың туралы бәзбіреу орынсыз сөз айтып, тіл тигізіп жатса, онда бүгежектеуге қақымыз жоқ! Ондайда алдаспаңдай айбарлы болып, намыстың найзағайын ойнатуымыз керек. Махамбет бабамыз: «Мен кескекті ердің сойымын, кескілеспей бір басылман», деп ар-намысын ту етіп ұстанған. «Мен қайраулы қара балта едім, шабуын таппай кетілдім, қайрасаң тағы, жетілдім» дейтіні және бар. Ел намысы, ел абыройы дегенде бәріміз де Махамбет болуымыз керек. Ел ақылы, ел парасаты дегенде бәріміз де Абай болуымыз қажет. Сонда есеміз кетпейді, еңсеміз түспейді.

Халқымыздың өмірі – қасиетті өнеге. Мыңжылдықтар қалыптастырған ұлы салт-дәстүрлерімізді жаңа дәуірде жарқыратып ашып, үлгісінен үйренуде, жас толқын – жаңа буынға жеткізуде жалпыұлттық пейіл-ниет керек. Халқымыздың мәрттігі тарылмасын деп тілеймін.

Мен ресми сапарлармен алыс елдерге жол тартқан сайын туған халқыма жақындай түсемін. Туған елімнің ұлан-байтақ дархандығы өзіммен бірге сапарда жүргендей сезімде боламын. Сондай кезде мәртебем өсіп, мерейім тасып, бойыма күш-қуат құйылғандай болады. Сонда өзімді шынайы бақытты сезінемін.

Қайда жүрсем де туған елім әрқашан жадымда. Алыс сапарға кеткенде елімнің ыстық сезімін жүрегіме құйып ала кетемін. Елімді біреу мақтаса, ол көптен бері табысқан досыма айналып шыға келеді. Туған жердің тікеніне дейін табаныма майдай тиеді десем, артық айтқандық емес. Туған елімнің желі де анамның алақаны сияқты, маңдайымнан сипап, жанымды нұрға бөлеп тұрады. Тауларымды көргенде көңілім көкке өрлеп, оның ұшар басындағы ақша қардан ескен сергек самалын, тау бөктеріндегі жасыл орманның жұпар жамалын сезгендей болатыным бар. Атамекеңнің ауасы қандай, шіркін! Жанға – дауа, дертке – шипа ғой!

Бұл кітапты өмір бойы жазғандай, жазатындай сезімдемін. Көз алдымда күрделі кезеңдер, заман парақтары суылдап жабылып жатқан шақтардағы халық жүрегіндегі көкейкесті мәселелер, оларды шешудің жолдары, шалқар Даламызда болып жатқан ұлы оқиғалар, дәуір тудырған дастандар – бәрі-бәрі менің де жүрегім арқылы өтеді.

Оңашада отырып ой теңізін кешемін. Халқымның маңдайындағы бақ жұлдызы әрқашан жарқырап тұрса екен деп армандаймын. Осынау алып кеңістікте ғұмыр кешкен бабалардың баянды аманатын орындау жолындағы атқарып жатқан істеріміздің келер күндердегі кемел жалғасын жұртыммен бірге көріп, елмен бірге қуансам деп аңсаймын. Халқымыздың асыл арманын орындау жолындағы қызметіме Жаратқан Иеміздің шапағаты тиіп, қолдау жасап келе жатқанына тәубе қыламын.

Алыс сапардан туған еліме оралып келе жатқанда, ата-анамның құшағына асыққан баладаймын. Халқымның өзіме деген сенімі мен құрметін көргенде ғасыр жасаған данадай боламын. Сондай кезде кең далам мен сай-салам менімен бірге ұшып келе жатқандай сезініп, еңсемді тіктеп, ертеңгі күнге елдің көзімен қарайтыным тағы бар. Ұлан-ғайыр ұлы істердің алдында тұрған еңбеккер елімнің болашағына бақыт тілей елжіреймін.

Біз – Ұлы Дала елінің ұрпағымыз. Осы жердің заңды да тарихи мұрагеріміз. Әрбір қазақстандық осы атауды жүрегіне жазып, оны мақтан еткен жағдайда ұлы бабаларымыздың мәңгілік арманын орындап, тәуелсіздіктің туын берік қолда ұстай аламыз.

Мен де, сіз де – осы жұрттың ұланымыз. Дала – біздің анамыз. Дала – біздің панамыз. Ендеше, оның бүгінгі келбеті мен ертеңгі болашағына бәріміз қарыздармыз әрі жауаптымыз. Қазақтың алып даласы, ұлан-ғайыр ұлы жері – біздің Атамекеніміз, тәуелсіз мемлекетіміздің ту тіккен атажұрты. Ол, сондай-ақ, егемен еліміздің еңселі өрісі.

Мұратымыздың да, қуатымыздың да мәңгілік болуы үшін бірліктің туын ешуақытта төмен түсірмеу керек. Келер ұрпақ осы ұлттық ұранымызды одан әрі жетілдіріп, жаңғыртып, дәуірлер талабына сай қолдарына берік ұстайды деп сенеміз. Солай болатыны еш күмәнсіз! Өйткені, біздің жол – ардақты бабалардың, ұлы мұраттардың жолы. Бұл – Қазақстанның өзіндік бірегей жолы. Бұл жол елдер мен елдердің, ғасырлар мен ғасырлардың арасын жалғай береді. Бұл жолмен жүргендердің көші болашақтың баспалдақтарымен жалғасады. Алаш жұртының жолы әрқашан ашық болсын!

Менің тілдік қорымда ең жиі қолданылатын үш ұғым бар. Ол – Тыныштық. Татулық. Бірлік. Әрі олай болуының да сыры бар. Оларды маған дейін де мыңдаған адам айтқан. Бәрі де тарих тағылымынан туып, ежелгі бабаларымыздан екшеліп жеткен сара сөздер. «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді», «Бөлінгенді бөрі жейді», «Саусақ бірікпей, ине ілікпейді», «Тынысы бірдің – ырысы бір» дейтін аталы, баталы сөзді де айтып кеткен солар. Біз ұлы бабаларымыздан қалған асыл сөзге де, жөн-жосыққа да, дәстүрге де әрқашан адал болуымыз керек.

Біз Ұлы Дала елінің кешегісін бүгінге, бүгінін ертеңге жалғаймыз. Оның ұлы тарихын жаңа дәуірде жарқыратып жаңадан жазамыз. Жаңа ғасыр – үшінші мыңжылдыққа Қазақстанның қолтаңбасын басамыз.

Мұратымыз – Мәңгілік Ел! Тәуелсіз мемлекетіміз Еуразияның осынау алып кеңістігінде мәңгілік өмір сүретін болады.

Мәртебесі биіктеп, өсе берсін, өркендей берсін Ұлы Дала елі – Мәңгілік Ел – Тәуелсіз Қазақстан!

